



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

№4(92) ШЫҒАРЫЛЫМ, 2022ж.



Ұйым басшыларының назарына!

«АҚ ҰО»-НЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ-РАДИОМЕТРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Қазіргі уақытта зертхананың жабдықталуы келесі жұмыс түрлерін жүргізуге мүмкіндік береді:

1. Ұзақ мерзімді сақтаудағы және пайдаланудағы ЖҚҚ мен РХБ аспаптарын, арнайы өңдеу құралдарын және азаматтық қорғаудың басқа да мүлкін зертханалық сынау және тексеру.



2. Газқағарлардың бет бөлігін герметикалылыққа және оқшаулаушы аппараттарды жылу ағынына тексеру.



3. Газқағарлардың сүзгілі элементтерін вибростендте тексеру.

4. Жеке қорғаныс құралдарының, РХБ аспаптарын, арнайы өңдеу құралдарын және АҚ-ның басқа да мүлкін бөлшектеп жою.

5. АҚ-ның қорғаныш имараттарының герметикалығын, олардың сүзгі-желдету жабдығы жүйелерінің жұмысын тексеру.

www.tg-oku.kz



Мамандандырылған тоқсандық басылым

2000 жылдан бастап
шығады

Басшы кітапханасы

**ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:**
75668 – қазақ тілінде;
75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:

«Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы

Редакциялық кеңес:

Е. Н. Мельников
Б. К. Енсебаев
А. С. Сағарбаева

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде 22.10.2022 жылы № KZ39VPY00057721 тіркелінген

НӨМІРДЕ:

- Редакциядан алғы сөз.....4
- Республика аумағында 2022 жылдың тоғыз айында болған табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туралы шолу ақпараты.....5
- ҚР ТЖ министрінің 2022 ж. 21 ақпандағы №55 бұйрығы..... 9
- №190 бұйрыққа комментарий 51
- Азаматтық қорғаныстың терминологиялық сөздік60
- "АҚ ҰО" АҚ жаңалықтары..... 74
- БЗБЖ мамандарын даярлау- АҚ ҰО жұмысының жаңа бағыты.....75
- БЗБЖ мамандарын даярлау- АҚ ҰО жұмысының жаңа бағыты 75
- Азаматтық қорғаныстың нысандары мен мүлкіне халықаралық стандарттарға сүйеніп жасалған зертханалық қорытындысы 78
- «Сұрақтар мен жауаптар» айдары.... 81
- Біздің тыңдаушыларымыздың пікірлері87
- Аумақтық деңгейде газқағарларды беру бекеттерін құру және жұмыс істеуі жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар..... 89

Құрметті Журналға Жазылушылар!

Жалпыға танымал «АҚ ҰО» бренді өзінің интернет-ресурсын толығымен жаңартты және жетілдірді. Енді ол, азаматтық қорғаудың барлық аспектілері бойынша бірыңғай ақпараттық база нысанын ұсынатын, заманауи форматқа ие болды. Ұйымдар, АҚ бойынша барлық ақпарат жүйеленген және мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге түрде көрсетілген мамандандырылған электрондық онлайн кітапхананы пайдалану мүмкіндігіне ие. АҚ ҰО электрондық кітапхана жаңартылған сайт құрылымында жұмыс істейді www.tg-oku.kz

Ұйымдар, жазылу арқылы АҚ ҰО электрондық онлайн кітапхана-сын пайдалана алады. Жылдық жазылу - 57 667 теңге. Электрондық онлайн кітапханаға жазылуды келесі порталдар арқылы рәсімдеуге болады: «Мемлекеттік сатып алу», «Самұрық-қазына», «Теңіз-сервис» және «ЕТБ», онда АҚ ҰО 220940008657 БСН-мен тіркелген. Шартты жасап, Сіздің ұйымыңыздың қызметтеріне ақы төлегеннен кейін автоматты түрде интернет-ресурстың ақылы контентіне қолжетімділік коды мен құпиясөз берілетін болады. Сондай-ақ, **Kaspi.kz** мобильді қосымшасының "төлемдер" бөлімінде төлем жасауға болады.

Электрондық онлайн кітапханаға жазылушыға келесі қызметтер ұсынылады:

- АҚ саласындағы тұрақты жаңартылатын нормативтік база.
- Орталықтың әдістемелік материалдары қызметкерлерді оқыту мен даярлауға көмектеседі. Біздің слайд материалдары—сабақтарға арналған дайын рефераттар, ал ұсыныстар-оқу жаттығулары мен жаттығуларға арналған шаблондар.

Орталықтың заманауи контенті—бұл қауіпсіздік жүйесін дамыту және жетілдіру бойынша ұйымдар мен кәсіпорындардың мүдделерін қорғауға бағытталған интернет платформа.

АҚ ҰО интернет-ресурсы бойынша толық техникалық ақпаратты Орталықтың телефондары арқылы алуға болады: 8(727)274-91-54, 8776-222-20-18, 8775-251-25-95, 8707-476-96-76. Электрондық пошта: gz_center@mail.ru, kursy@bk.ru.

Құрметпен, журнал редакциясы

РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА 2022 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗ АЙЫНДА БОЛҒАН ТАБИҒИ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ТУРАЛЫ ШОЛУ АҚПАРАТЫ

«112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі пультына халықтан **5 393 363** қоңырау келіп түсті.

Мынадай уақтылы ден қою шаралары қабылданды:

- өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері және Республикалық жедел-құтқару жасағы **7 764** адамды құтқарды, **9 677** адамды эвакуациялады, **296** зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетті, ТЖ орындарынан **981** адам денесін шығарды, **64 720** дабыл бойынша шығу жасады, соның ішінде **9 465** - өрт, **12 213** - авариялық-құтқару жұмыстары, **36 549** - өрт ретінде есепке алынбайтын жану, **107** - жалған шақырту, **2 192** - расталмаған жану фактілері, **4 194** - басқалары;

«Апаттар медицинасы орталығы» ММ **3 773** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті, **2 878** адамды құтқарды, **1 524** адамды эвакуациялады, **4 844** шығу жасады, оның ішінде *трассалық медициналық-құтқару пункттері* **1 286** шығу жасады, **1 319** адамды эвакуациялады, **2 497** зардап шеккенге медициналық көмек көрсетті.


ТЖМ қарамағындағы ұйымдар мынадай іс-шаралар өткізді:

«Қазавиақұтқару» АҚ әуе кемелері іздеу-құтқару жұмыстарына, өрттерді сөндіруге қатысу, жеке құрамды жеткізуге және басқа тапсырыстар бойынша **2 421** ұшу жасады, оның ішінде санитариялық авиация желісі бойынша - **430** ұшу, **392** пациент тасымалдады.



және ерекше тәртіпте өткізіледі.

Бақылау-профилактикалық қызмет шеңберінде өртке қарсы Өрт қауіпсіздігі саласында бақылау тек жоғары тәуекел дәрежесіндегі объектілерге қатысты енгізілген жай-күйіне **29 905** тексеріс жүргізілді, **127 548** бұзушылық анықталды, **20 694** адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, соның ішінде **5 890** лауазымды тұлғаға **293** млн.теңге сомасында айыппұл салынды.




Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде 2022 жылғы тоғыз айында тексеріс жүргізілді оның ішінде ерекше тәртіп бойынша **1 085** және **897** жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тексеру қорытындысы бойынша **28 953** бұзушылық анықталды, **670** объект тоқтатылды, **190** млн. теңгеден астам сомасында **1 311** әкімшілік айыппұл салынды.

Халықты оқыту және хабар беру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында **73 763: 8 605** - телевизия арналарында, **16 179** - баспа басылымдарында, **28 461** - радиода, **20 518** - ақпараттық агенттіктер таспаларында материалдар жарияланды.

Есептік мерзім ішінде **11 061 (+1,2%, 2021ж. - 10 925)** табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ және оқиғалар тіркелген, **1632 (+1,9%, 2021ж. - 1 602)** адам зардап шеккен, соның ішінде **570 (-25,7%, 2021ж. - 767)** адам қаза болды. Материалдық нұқсан **25 534,1 млн. теңгені (+167,7%, 2021ж. - 9 538,29 млн.тг.)** құрады.

ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТЖ жалпы ТЖ санының **86,9%** құрайды, **9 609** оқиға (+1,2%, 2021ж. - 9 495) тіркелген, бұл ретте **675 (-20,5%, 2021ж. - 849)** адам зардап шеккен, соның ішінде **308 (-11,7%, 2021ж. - 349)** адам қаза болды.

Техногендік сипаттағы жағдайлардың негізгі үлесі өндірістік және тұрмыс тық өрттерді **91%** құрайды, 2022 жылдың тоғыз айында **8 736 (-3%, 2021ж.-9 007)** өрт болды, онда **456** адам зардап шекті (-30,9%, 2021ж. - 660), соның ішінде **247** адам қаза болды (-18,8%, 2021ж. - 304), материалдық нұқсан **4 939,28 млн. теңгені (+92,5%**



2021ж.-2 565,72 млн.тг.) құрады.


Өрттердің саны мына облыстарда: Павлодар **42,9%-ға** (2022ж.-271, 2021ж.-471), Атырау **16,4%-ға** (2022ж.-235, 2021ж.-281), Жамбыл **13,4%-ға** (2022ж. - 207, 2021ж. - 239), Қостанай **20,5%-ға** (2022ж.-569 2021ж.-716), Солтүстік Қазақстан **6,1%-ға** (2022ж. - 520, 2021ж. - 554), Ақтөбе **5,7%-ға** (2022ж.-460, 2021ж.-488), Алматы қаласында **9,3%-ға** (2022ж.- 567, 2021ж. - 625) **азайды.**

Өрттер саны облыстарда: Жамбыл **20,4%-ға** (2022ж.-619, 2021ж.-514), Түркістан **4%-ға** (2022ж.-394, 2021ж.-379), Батыс Қазақстан **3,7%-ға** (2022ж.-423, 2021ж.-408), Шымкент қаласында **8,6%-ға** (2022ж.-176, 2021ж.-162), Астана қаласында **7,3%-ға** (2022ж.-617, 2021ж.-575) **өсуі** байқалды.

Өрт туындайтын негізгі объектілер: **61%-ы** тұрғын үй секторы, **16,6%-ы** көлік құралдары, **8,3%-ы** ормандар, **3,5%-ы** сауда кәсіпорындары, **3,2%-ы** басқа ашық аумақтар, **1,4%-ы** өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар, **1,2%-ы** әкімшілік-қоғамдық ғимараттар, **1,2%-ы** далалар, шалғындар мен жайылымдар, **0,8%-ы** ауыл шаруашылығы объектілері, **0,8%-ы** қойма ғимараттары.

Өрттің пайда болуының таралған себептері: **36,5%-ы** электр жабдықтары техникалық пайдалану және монтаждау қағидаларын бұзу, **24,2%-ы** отты абайсыз қолдану, **10,9%-ы** пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу, **7,3%-ы** найзағайдың тікелей





соғуы және олардан туындаған ықпал, **7%-ы** анықталған әдейі өртеу, **4,4%-ы** тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу.

ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Төтенше жағдайлар ТЖ-ның жалпы санынан **13,1%** құрады, 2022 жылдың тоғыз айында **1452** оқиға тіркелді (+1,5%, 2021ж.-1 430), бұл ретте **957** адам (+27%, 2021ж.-753) зардап шекті, соның ішінде **262** адам (-37,3%, 2021ж.-418) қаза болды. ТЖ-ның басым бөлігі **63,8%** - ды (+7,8%, 2022ж.-927, 2021ж.-860) құрайтын табиғи өрттерге тиесілі, олардан материалдық нұқсан - 20 594,81 млн. теңге (+3,4 есе, 2021ж.-6 086,97) құрайды.



ЖАҢА НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 21 ақпандағы
№ 55 Бұйрыққа қосымша*

**Өрт қауіпсіздігі қағидалары
4-бөлім.**

Мұнай өнімдерін қамтамасыз ету кәсіпорындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

3-тарау.

Электр техникалық құрылғыларды, автоматтандыру және байланыс құралдарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

527. Кәсіпорындардың аумағы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз етіледі, оны қосу қызмет көрсету персоналы үнемі болатын жерлерде көзделеді.

528. Мына:

- 1) жарылыстан қорғау белгісі жоқ электр жабдығын жарылыс қауіпті аймақтарда пайдалануға;
- 2) қорғау жүйесі бұзылған жарылыстан қорғалған электр жабдығын пайдалануға;
- 3) жарылыстан қорғалған электр жабдығы конструкциясын өзгертуге;
- 4) жарылыс өрт қауіпті аймақтардың аумағының үстінен және осы аймақтардан электр беру желілері тіреуіштерінің биіктігі 1,5 кем қашықтықта электр беру желілерін төсеуге;
- 5) сырты бұзылған (тесіктер, жіктері кесілген) шланг кабельдерін қолдануға;
- 6) жанғыш газдары, сұйықтықтары бар технологиялық құбыржолдарын, сондай-ақ коррозиядан қорғау үшін оқшауланған құбыржолдарын жерге тұйықтағыштар және жерге тұйықтағыштың өткізгіші ретінде қолдануға жол берілмейді.

529. Электр жабдығын жерге тұйықтау, найзағайдан қорғау, ста-

тикалық электрден қорғау үшін жерге тұйықтаудың жалпы сызбасы көзделеді.

530. Найзағайдан қорғау құрылғыларын қарап-тексеру топырақтың ең жоғары кедергісі жағдайында жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Бұл ретте жерге тұйықтау құрылғысының кедергісі өлшенеді, ал қарап-тексерулер мен өлшеулердің нәтижелері найзағайдан қорғау құрылғыларын пайдалану журналына енгізіледі.

531. Техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген ұйымдар найзағайдан қорғау құрылғыларына тексеріс жүргізу кезінде кәсіпорын басшысына бір данасын бере отырып, зертханалық сынақтар хаттамасын жасайды.

532. Электр энергиясын беруде кідіріс болған жағдайда кәсіпорын жарылыстан қорғалмаған электр жабдығы бар үй-жайлар мен сыртқы қондырғыларды газталдағыштарды булар мен газдардың қауіпті шоғырлануының бар-жоғын тексерген жағдайда (жарылыс қауіпті булар мен газдардың тұтануының төменгі шоғырлану шегінің 20% - ын қамтитын орта қауіпті деп есептеледі) қайта қосылып, сыртқы электр желілерінен ажыратылады.

533. Жарылыс, өрт қауіпті цехтарда құралдарды жөндеу дәнекерлеу және отты немесе жоғары температураны пайдаланумен байланысты жұмыстарды қолданбай, сондай-ақ құралдарды технологиялық қондырғылардан ажыратқаннан және қысымды түсіргеннен кейін суық тәсілмен жүргізіледі.

534. Жарылыстан қорғалмай орындалған жабдықты қысқа мерзімде қолдануға от жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар орындалған жағдайда жол беріледі.

4-тарау.

Магистральды мұнай өнімдері құбырларының желілік бөлімін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

535. Мұнай құбыры трассасының кез келген нүктесіне көліктің және жөндеу мен авариялық бригадаларының еркін өтуі қамтамасыз етіледі.

536. Мұнай өнімінің жер бетіне шығуы 20 метр радиуста

анықталған кезде орын қоршалады, қауіпсіздік ескерту белгілері ілінеді, ал жақын жерде елді мекен, темір жол, тас жол, құрылыстар болған кезде жергілікті атқарушы органдарға, өртке қарсы қызметке және полицияға хабарланады. Түнгі уақытта авария орны жарылыстан қорғалып жасалған қызыл жарық шамдарымен жарықтандырылады.

537. Авария орны өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда өрт сөндіру көліктерінің кезекшілігі ұйымдастырылады және мұнай өнімдерінің коммуникациялар мен желілерге өтуіне жол бермейтін шаралар қабылданады.

538. 5 метр радиустағы мұнай өнімі төгілген жер шөптен тазартылады, ал мұнай өнімдері сіңген жер тазартылады және топырақ себіледі.

539. Іштен тұтану қозғалтқыштары бар тракторлардың, автомобильдер мен агрегаттардың тұрағы мұнай өнімдері төгілген жерден кемінде 30 метр қашықтықта болады.

540. Құбыржолдың жоғарғы жағынан 0,3 метр және одан кем тереңдікте, сондай-ақ газдалған траншеяларда немесе құдықтарда оны ашу жөніндегі жұмыстар соғылған кезде ұшқынның пайда болуын болдырмайтын құралдармен орындалады.

541. Елді мекендегі мұнай құбырының трассасы «Мұнай құбыры» деген жазуы бар және мұнай өнімінің бетіне шығуы анықталған жағдайда жүгінетін телефон нөмірі көрсетілген белгілермен белгіленеді.

542. Мұнай құбырының жай-күйін пайдалану процесінде ақауларды анықтауға мүмкіндік беретін арнайы аспаптармен және құрылғылармен бақылау жүзеге асырылады.

5-тарау.

Мұнай өнімдерін айдауға арналған сорғы станцияларды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

543. Сорғы станциялары үй-жайларында сорғылар мен құбыржолдардың герметикалығы үнемі бақыланады. Сорғылардың тығыздаларындағы және құбыржолдардың қосылыстарындағы мұнай өнім-

дерінің тамшылап шығуы дереу жойылады.

544. Іштен жану қозғалтқыштарын орналастыруға арналған үй-жайлар сорғыларға арналған үй-жайлардан өртенбейтін қабырғалармен бөлінеді. Тез тұтанатын сұйықтықтарға арналған сорғылар орнатылған үй-жайларда тегіс қайыс белдік берілістерін қолдануға жол берілмейді.

545. Сорғы үй-жайларының едендері мен науалары жүйелі түрде сумен жуылып тұрады. Мұнай өнімдерінің жиналуына жол берілмейді. Төгіліп қалған мұнай өнімдерін жою үшін сорғы үй-жайлары резеңке шлангілері бар су бағандарымен жабдықталады. Сорғы үй-жайларының сарқынды су каналдарының су бұру жүйесіне қосылатын жерлеріндегі гидравликалық бекітпелер жүйелі түрде тексеріледі.

546. Қажалатын бөлшектердің майлануы, мойынтіректері мен тығыздамаларының температурасы, сорғылар бақыланып отырады. Сорғылардың әдеттегі жұмыс тәртібін бұзатын қандай да бір ақаулықтар анықталғанда, соңғысы тоқтатылып, ал ақауы жойылады.

547. Тез тұтанатын мұнай өнімдерін айдау жөніндегі сорғы үй-жайларындағы тұрақты автоматты газталдағыштар авариялық желдеткішпен, сондай-ақ үй-жайда мұнай өнімдерінің қауіпті бу концентрациясының бар болуы туралы дыбыспен және жарықпен сигнал беретін қондырғылармен бұғатталады.

548. Тұрақты газталдағыштар болмаған жағдайда, мұнай өнімдері буларының қауіпті концентрациясының бар-жоғын анықтау үшін тиісті графиктер бойынша кезең сайын газталдағыштармен ауа ортасына талдау жүргізіледі.

6-тарау.

Теміржол төгу-қүю эстакадаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

549. Мұнай базалары мен құю пункттерінің магистральды өнім жолдарының (станцияларының) төгу-қүю құрылыстары орналастырылған алаңқайларында авария жағдайында жинағышы немесе өндірістік су бұру жүйесі бар гидравликалық бекітпелері арқылы қосылған шығару науалары мен орларға сұйықтықтың кедергісіз құй-

ылуы көзделеді.

550. Төгу-қүю құрылғыларының немесе теміржолдарда жеке тұрған тіреуіштердің екі жағынан (екі осьті екі немесе төрт осьті бір вагондар қашықтығында) сигналды белгі – бақылау бағаналары орнатылуы қажет, тепловоздардың олардың артына кіруіне жол берілмейді.

551. Бос теміржол эстакадаларына ағызуға (қүюға) маршруттарды беруді мұнай базасының (қүю пунктінің, станциясының) персоналы бақылайды. Төгу және құю процесінде тежегіш табандықтары орнатылады. Төгу-қүю құрылғылары орналасқан теміржолдар бойынша тепловоздардың жүруіне жол берілмейді.

552. Төгу-қүю құрылғылары, құбыржолдар және құбыржол арматурасы ұйымның графигіне сәйкес үнемі тексеріледі және жоспарлы алдын ала жөндеуге тартылады. Анықталған ақаулықтар мен тамшылап ағып тұрған жерлер дереу жойылады. Төгу құрылғысының (немесе құбыржол учаскесінің) бұзылған бөлігі ажыратылады.

553. Теміржол цистерналарын іріктеуді және тіркеуден ағытуды төгу-қүю эстакадасы шегінен тыс жүзеге асыру керек. Бу қысу температурасы кемінде 610C мұнай өнімдерін төгу-қүю операциялары кезінде эстакадада маневрлік жұмыстарды жүргізуге және бос жолға келесі маршрутты жіберуге жол берілмейді. Герметикаланған құю құрылғысы арқылы жүргізілетін құю операциялары кезінде мұнай өнімдері бар теміржол цистерналарын бос эстакадаларға жіберуге жол беріледі.

554. Теміржол цистерналары ағызу және құю үшін баяу, жұлқымай және тартылмай беріледі және шығарылады. Төгу-қүю құрылғыларының аумағында темір жол цистерналарын ағаш төсемдерді немесе ұшқын шығармайтын металдан жасалған табандықтарды қолдана отырып, металл табандықтармен тежеуге және бекітуге жол берілмейді.

555. Тез тұтанатын сұйықтықтарды құю немесе төгу кезінде цистерналар люктерінің қақпақтарын жабу кезінде, темір жол цистерналарына шлангілер мен аспаптарды қосу кезінде соққыларға жол берілмейді. Төгу және құю операциялары кезінде қолданылатын құрал соғылған кезде ұшқын шығармайтын материалдан жасалады.

Құю кезінде шлангінің ұшы цистернаның түбіне дейін түсіріледі, құю кезінде шашырауды болдырмау үшін сұйықтық деңгейіне дейін жүзеге асырылады. Цистерналар люктерінің қақпақтары резеңке төсемдермен жабықталады.

556. Электрдің разрядтары кезінде мұнай өнімдерін төгуге және құюға жол берілмейді.

557. Төгу, құю операциялары кезеңінде жергілікті жарық беру үшін жарылыс қаупі бар аккумуляторлы шамдар қолданылады.

558. Теміржол төгу-құю эстакадасында тез тұтанатын мұнай өнімдері үшін өткел көпірлер жасырын бұрандамасы бар ағаш тіректермен немесе ұшқынның шығуын болдырмайтын басқа да материалдармен жабықталады.

559. Орнынан қозғалту және теміржол цистерналарын төгу-құю орындарына жылжыту үшін иіктіректер ретінде құрыштан жасалған сүймендерді немесе басқа да құрыштан жасалған заттарды қолдануға жол берілмейді. Теміржол цистерналарын тек жүкшығырлар арқылы ғана жылжытуға болады.

560. Техникалық тексеріп-қарау белгісі жоқ, сондай-ақ тамшылап ағып кету белгісі анық немесе мұнай өнімдерін құюға кедергі жасайтын басқа да ақаулықтары бар теміржол цистерналарын құюға, қабылдауға жол берілмейді.

561. Мұнай өнімдерін төгу немесе құю алдында барлық айырып-қосқыш вентильдер, ысырмалардың дұрыс ашылған, төгу-құю құрылғыларының дұрыстығы, шлангілері мен телескоп құбырларының қосылу тығыздығы тексеріледі.

562. Теміржол цистернасының люгін ашқанда және шлангілерді толтырғанда осы операцияларды орындайтын тұлғалар люктің жел жағына орналастырылады.

563. Теміржол цистернасында құю процесінде ағып кету анықталған кезде, цистернаға құю ақау толық жойылғанға дейін дереу тоқтатылады. Ағып кетуді жою мүмкін болмаған жағдайда, цистерна құйылған мұнай өнімінен босатылады және жөнелту станциясына қайтарылады.

564. Ақаулы теміржол цистерналарының төменгі ағызу аспаптарын ұшқын шығаруды тудыратын құрылғылардың көмегімен ашуға

жол берілмейді. Цистернаның төменгі ағызу аспабы төгу-құю коллекторына цистернаның доңғалақтарының астына табандықтарды (тіректерді) орнатқаннан және осы жолдан локомотивті шығарғаннан кейін қосылады.

565. Теміржол цистерналарына мұнай өнімдерін құюды аяқтағаннан кейін құю эстакадаларының жоғарғы жағында орналасқан шлангілер, тіреуіштер және коллекторлар мұнай өнімдерінен босатылады, ал теміржол цистерналарының люктерінің қақпақтары герметикалық түрде жабылуы тиіс.

566. Теміржол цистерналарының төгу-құю құрылғыларында қақтып қалған мұнай өнімдерін бумен, арнайы жылытқыштармен қыздырады. Ашық отты қолдануға жол берілмейді.

567. Теміржол цистерналарында тұтқыр мұнай өнімдерін бу иректүтіктерімен қыздырған кезде соңғылары мұнай өнімдеріне 0,5 метрден кем емес тереңдікке толық батырылғаннан кейін жұмысқа қосылады. Жылыту кезінде мұнай өнімінің температурасын арттыра отырып, оның кеңеюіне бақылау қамтамасыз етіледі. Цистерналардағы сұйықтықты жылыту температурасын 150°C-қа арттыруға жол берілмейді, электр қыздырғыштармен жылыту кезінде мұнай өнімін құюға жол берілмейді.

568. Мұнай өнімдерін төменгі жағынан құю тұмшаланған ағызу аспаптары арқылы жүргізіледі.

569. Электрлендірілген теміржолдарда орналасқан төгу-құю эстакадаларының теміржолдарында екі оқшаулау жігін орнату қажет: біріншісі – ағызу фронтының шегінен тыс, екіншісі – тұйық көрсеткішінің жанында.

570. Температуралары төмен жағдайларда жүзеге асырылатын теміржол жүйелеріне құю осы цистерналарды ауа температурасы аса жоғары аудандарға тасымалдағанда мұнай өнімі көлемінің көтерілуі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

571. Теміржолдар, эстакадалар, құбыржолдар, телескоптық құбырлар және шлангілердің ұштықтары жерге тұйықталады. Жерге тұйықтау құрылғыларының қарсылығы кәсіпорынның бас инженері бекіткен график бойынша жылына кемінде бір рет тексеріледі.

572. Жұмыс және эвакуациялық сатылар, сондай-ақ эстакадалар

дың теміржол тұйықтарының соңында орнатылған шығырлар жарамды күйде ұсталады.

573. Мұнай өнімдерін төгу және құю операцияларын жүргізу кезінде жүкшығыр тросы бос күйінде болады.

7-тарау.

Төгу-құю айлақтары мен жағалаудағы құрылыстарды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

574. Төгу-құю айлақтары мен пирстер жанбайтын материалдардан жасалады. Өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өту жолдары мен өткел көпірлер жарамды күйде және әртүрлі заттар үймеленбей ұсталады.

575. Айлақтан 30 метр қашықтықта орналасқан жағалау құбыржолдары авариялық ысырмалармен жабдықталады. Құбыржолдар арқылы өту орындарында жанбайтын материалдардан жасалған көпіршелер көзделеді.

576. Жылжымалы төгу-құю құбыржолдардың фланецтері мен жылжымалы түтіктердің жалғау муфталары палубаға соғылғанда ұшқынның пайда болуына жол бермейтін металлдан жасалады.

577. Мұнай құю кемелері құбыржолдардың мұнай өнімдерін айдап қотаруға арналған түтіктері жалғанған орынға дейін жерге тұйықталады. Жерге тұйықтау қондырғылары тек төгу-құю операциялары аяқталғаннан кейін және құбыржолдардың кеме жанындағы айлақтың түтіктерінен ажыратылғаннан кейін ғана алынады.

578. Мұнай базасының айлақтарында орнатылған жүк көтергіш құралдарын пайдалану кезінде жүк көтергіштер жүйелі түрде майланып тұрады, ал шынжыр мен палубаның түйісетін тұстары матпен немесе ағаш қалқандарымен жабылады.

579. Кемені жағалаудағы құрылғылармен жалғайтын қосқыш құбыржолдар мен жеңқұбырларды құрастырғанда және бұзғанда соғылудан ұшқынның пайда болуына жол бермейтін құрал пайдаланылады.

580. Төгу-құю жұмыстары кемінде екі адамның қатысуымен жүргізіледі.

581. Айлақ пен кемедегі қызмет көрсетуші персонал төгу-құю жұмыстарын және жабдықтардың жағдайын үнемі қадағалауды жүргізуге міндетті. Мұнай өнімдерінің тамшылап ағуы дереу жойылады; ал ол мүмкін болмаған жағдайда, мұнай өнімдерін төгу-құю жөніндегі операциялар жабдық толық жөнделгенше тоқтатылады.

582. Найзағай жарқылдағанда мұнай өнімдерін төгуге және құюға жол берілмейді.

583. Төгу-құю операцияларын жүргізген кезде су айлақтарында, кемелерде, айдап-сору станцияларында және оларға 20 метрден жақын жерлерде:

- 1) отпен жүргізілетін жұмыстарды орындауға, темекі шегуге және ашық отты пайдалануға;
- 2) бұзылған электр жарық беру құралдарын пайдалануға;
- 3) жарық беру үшін жылжымалы және басқа (жарылу қаупі жоқ аккумуляторлы шамдардан басқа) шамдарды қолдануға;
- 4) мұнай өнімдерін төгу-құю жөніндегі операцияларға қатысы жоқ адамдардың болуына;
- 5) + 45оС жоғары температураға дейін қыздырылған мұнай өнімдерін кемеге қабылдауға және құюға жол берілмейді.

8-тарау.

Автоқұю эстакадаларын, құйылатын және өлшеп бөлінетін мұнай өнімдерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

584. Құю құрылғылары орналасқан жедел алаңқайлардың үсті қатты жабынмен және түрлі сұйықтықтардың гидравликалық ысырма арқылы өндірістік-нөсерлік су бұру жүйесіне немесе арнайы жинақтауышқа кедергісіз құйылуымен қамтамасыз етіледі. Төгіліп қалған сұйықтықтар сумен жуылады.

585. Жедел алаңдағы автомашиналардың рұқсат берілген санын кәсіпорынның әкімшілігі белгілейді.

586. Бұзылған автомобильдерге аумаққа және жедел алаңдарға кіруге, сондай-ақ кәсіпорынның аумағында оларды жөндеуге жол берілмейді.

587. Кәсіпорынның өткізу орны мен мұнай өнімдерін құю алаңында кәсіпорынның персоналы сыртынан қарау арқылы автоцистернаның дұрыстығын және оның өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуін тексереді.

588. Кәсіпорынның қызмет көрсетуші персоналы (операторы немесе басқа адам) автоцистерналарға құю процесін бақылауды жүзеге асырады.

589. Мұнай өнімдері автоцистернаға қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде құйылады. Бұл ретте жүргізуші құю процесін бақылайды. Автоматты түрде құю жүйесінде жүргізуші осы жүйеге арналған нұсқаулықта көзделген әрекеттерді орындайды. Қозғалтқышты іске қосу қиынға түсетін, тек температура төмен болған жағдайларда ғана қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде құюға рұқсат етіледі.

590. Автоқұю эстакадасы өрт шыққан жағдайда, автоцистерналарды сүйреп әкетуге арналған арқанмен немесе штангамен қамтамасыз етіледі.

591. Құю аяқталғаннан кейін құюға арналған шлангілерді (ұштықтарды) автоцистернаның қылтасынан олардан мұнай өнімдерін толық ағызып алынғаннан соң шығару керек. Автоцистерна қылтасының қақпағын соққығы жол бермей байқап жабылады.

592. Автоцистернаның жүргізушілері мұнай өнімдерін тасымалдағанда өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары туралы (автокәсіпорындарда куәліктер беріледі) нұсқаулықтан өтеді.

593. Мұнай өнімінің төгіліп қалуына (асырып құйылуына) жол берілген жағдайларда, толтырылып жатқан автоцистернаның қозғалтқышын іске қосуға рұқсат берілмейді.

594. Бөліп құю үй-жайында бос және мұнай өнімдері толтырылмаған ыдысты, сондай-ақ бөгде заттар мен жабдықтарды сақтауға жол берілмейді. Бөліп құю үй-жайында ені кемінде 2 метр болатын орталық өтпе көзделеді. Өтпеге заттарды үйіп қоюға болмайды.

595. Мұнай өнімдерін бөшке ыдыстарына кәсіпорынның қызмет көрсетуші персонал ғана түсіреді. Мұнай өнімдерін түсірер алдында қызмет көрсетуші персонал құюға арналған ыдысты міндетті түрде тексеріп қарап шығады. Мұнай өнімдерін жарамсыз ыдысқа құюға рұқсат берілмейді.

9-тарау.

Пайдаланылған мұнай өнімдерін жинау, өткізу және тазарту пункттерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

596. Пайдаланылған мұнай өнімдерін жинау және тиеу пункттері, сондай-ақ регенерациялық қондырғылар мұнай өнімдерін бөлшектеп босату аймағына орналастырылады. Мұнай өнімдерін қабылдауды және босатуды (тиеп жіберуді) кәсіпорынның персоналының қатысуымен жүзеге асырылады.

597. Мұнай өнімдерінің пайдаланылған қоспаларын сақтағанда резервуарлардағы, тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтауға арналған резервуарлардағыдай тыныстау және сақтандыру арматурасы, ал пайдаланылған индустриялық және мотор майларын сақтағанда – майларды сақтауға арналған резервуарлардағыдай болады.

598. Пайдаланылған мұнай өнімдерін қыздыру температурасы олардың құрамына кіретін булардың ең төмен тұтану температурасы бар компонент буларының тұтану температурасынан 150С төмен болады.

599. Тұтану температурасы 1200С және одан төмен болатын пайдаланылған мұнай өнімдеріне арналған төгу-құю қондырғылары жабық болады.

600. Регенерациялық қондырғылардың айыру бөлімшесінің шығыс бактарында тәуліктік қажеттіктен аспайтын отынның болуына рұқсат етіледі. Бұл бактар үй-жай шегінен тыс жерлерде орнатылады.

601. Құбырлы пеш пен текше қондырғысының түтін шығатын мұржалары қара күйе жиналып қалмас үшін тәулігіне кемінде бір рет су буымен үрленеді.

602. Регенерациялық қондырғылардың сүзгі-нығыздауыштары металл рамаларға және жанбайтын іргетасқа орнатылады. Сүзгі-нығыздауыштардың астына төгіліп қалған майды жинау үшін металдан жасалған арнайы жайпақ қаңылтыр таба орнатылады.

603. Регенерациялық қондырғы жұмыс істеп тұрған кезде керосин жинағыштарды асыра толтыруға болмайды; толуына қарай және ауысымның аяғында оларды мұнай өнімдерінен босату керек.

604. Пайдалануға жіберер алдында жылжымалы регенерациялық

қондырғылардың айыратын текшелері мен бу қазандары гидравликалық қысымға тексеріледі. Бу қазандары мен айыратын текшелерде сақтандырушы қақпашалар мен манометрлер орнатылады. Жылжымалы регенерациялық қондырғылар жұмыс істеп тұрғанда қызмет етуші персонал бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін үнемі бақылайды.

10-тарау.

Алаң ішіндегі технологиялық құбыржолдар мен құбыржол арматурасын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

605. Мұнай базаларының, құю және айдап қотару станцияларының құбыржолдарына технологиялық схемалар құрылады, оларда құбыржолдардың әрқайсысында айқын белгіленеді, ал тиек арматурасы нөмірленеді. Қызмет көрсетуші персонал авариялар мен өрттер болған жағдайларда ысырмаларды ауыстырып қосуды үйрену үшін құбыржолдардың технологиялық сызбасымен танысады.

606. Технологиялық құбыржолдар оларға орнатылған барлық арматураларымен бірге пайдалануға тапсыру алдында біріктіру мықтылығы мен тығыздығы тұрғысынан гидравликалық сынақтан өтеді.

607. Жер үстіндегі құбыржолдардың бекітпелері мен тіреуіштерінің қауіп төндіріп салбырап тұруын болдырмау үшін олардың жай-күйі үнемі бақыланып тұрады. Құбыржолдардың, асқыштар мен тіреуіштердің ақаулары дереу жойылады.

608. Құбыржолдардың ішінде пайда болған шөгінділерді болаттан жасалған шыбықтар немесе басқа құралдар арқылы тазартуға болмайды, құбырдың қабырғасына үйкелуден немесе соғылудан ұшқын пайда болуы мүмкін.

609. Құбыржолдар мен тиектердің тораптарын ашық отпен жылытуға болмайды. Осы мақсатта тек бу, ыстық су немесе қызған құм қолданылады, сондай-ақ зауытта шығарылған электрлі қыздырғыштар пайдаланылады.

610. Құбыржолдар мен тиек қондырғыларына кәсіпорынның бас

инженері бекіткен графикке сәйкес профилактикалық қызмет көрсетіледі.

611. Құбыржолдарда тұйық учаскелер болмауға тиіс. Ал мұндай жерлердің болуы қажет болған жағдайларда, оларды тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

612. Мұнай өнімдері толып тұрған құбыржолдарда жөндеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

5-бөлім.

Мұнай-газ өндіруші өнеркәсіп объектілерін ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

613. Бұрғылауға, сынақ жүргізуге, ұңғымаларды күрделі жөндеуге арналған жер үстіндегі жабдық, шығарындыларға қарсы қондырғылардың бұрғыштары, бақылау станциялары, өндірістік және тұрғын үй-жайлар, қойма орындары, кіреберіс жолдар, тікұшақ алаңдары нақты әр ауданға арналған желдің басым бағыты ескеріле отырып орналастырылады.

614. Қондырғыға бөлінген аумақ жер үстіндегі және жер астындағы құбыржолдардан, кабельдерден босатылады, ағаштан, бұтадан, шөптерден тазартылады.

Жер үстіндегі құрылыстардың айналасында көліктің және өрт техникасының қозғалуы үшін ені 10-12 метр алаң көзделеді.

Аумақтарды жоспарлау кезінде сұйықтықтарды сағасынан және жер үстіндегі құрылыстардан арнайы қоймаларға (торға) бұрып ағызу көзделеді.

615. Құрылыстардың жабындары жанбайтын материалдардан орындалады. Басқа жағдайларда конструкция оттан қорғайтын құраммен өңделеді.

616. Отын құятын ыдыстар мен қондырғылар жер үсті үй-жайлардан, жабдықтардан, құбыржолдардан 20 метр алшақ орнатылады. Отын қондырғылары сорғылармен, ыдыстар сақтандыру және тыйым салу жазулары (белгілері) бар деңгей өлшеуіштермен жабдықталады. Орнатылу орындарында кіреберіс жолы жабдықталады және жа-

нар-жағармай материалдарының сақталу мөлшері есебінен топырақ үйіп бекітіледі.

617. Арматуралар орнатылатын немесе аппараттар қосылатын жерлерден басқа, жарылыс-өрт қауіпті технологиялық жүйелердің құбыржолдарында фланецті және алмалы-салмалы қосылыстарға жол берілмейді. Жарылыс қауіпті технологиялық жүйелерде иілмелі шлангілерді қолдануға жол берілмейді.

618. Жанармай өнімдерін айдап қотаратын сорғылар мен компрессорлардың соратын және айдайтын жолдарында тиек, кесу және сақтандыру қондырғыларын орнату көзделеді.

619. Жанар-жағармай материалдарының, мұнай өнімдерінің тамшылап ағуы, герметикалы болмауы, ағып кетуі байқалғанда ақау дереу жойылып, төгілген жер мұқият тазартылады.

620. Жанар-жағармай және тез тұтанатын материалдарды өрт-жарылыс қауіпті құрылыстардың ішінде сақтауға жол берілмейді.

621. Өрт сөндіру құралдары (куат және сорғы блогы, отын қондырғылары, электр станциясы, ұнғыманың аузы) өрт қауіпті жерлерге жақын орналастырылады.

622. Іштен жану қозғалтқыштарының пайдаланылған газды шығаратын желілері ұнғыманың аузынан кемінде 15 метр, таса (ірге) қабырғасынан 5 метр және шатырдың (қалқаның) жоғарғы жағынан 1,5 метр қашыққа шығарылады. Қозғалтқыштардың, негіздердің, еден төсенішінің астына пайдаланылған газ шығатын құбырларды төсеуге жол берілмейді.

Қабырғалар, шатырлар (қалқалар) арқылы пайдаланылған газ шығатын желілер өтетін жерлерде құбырдың үш диаметрінен кем емес тесік қалдырылады. Бұл жерде жылу оқшаулау төсемі мен өртенбейтін өңдеме орнатылады.

Пайдаланылған газ шығатын желілер ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

623. Температура төмен болған жағдайда, қатып қалуға бейім жабдықтар мен құбыржолдар жылытылып, ашық отты пайдалануды жоққа шығаратын жылытумен қамтамасыз етіледі.

624. Өрт қауіпті және жарылыс қауіпті үй-жайларда, негіздердің астында, газ қауіпті жерлерде, жанар-жағармай материалдарын,

мұнай өнімдерін, жанғыш заттар мен реагенттерді сақтауға арналған ыдыстардың жанында ашық отты пайдалануға және темекі шегуге болмайды.

Темекі шегу үшін өртке қауіпсіз аймақта арнайы жабдықталған орындар бөлінеді және жазулармен белгіленеді.

625. Газдану, жанар-жағармай материалдарымен, мұнай өнімдерімен ластану кезінде газ қауіпті, отпен жүргізілетін және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

626. Куат, бұрғылау және мұнай кәсіпшілігінің жабдығы, жабындар, объектінің басы мен аумағы үнемі өрт қауіпсіз жағдайда ұсталады, күйеден, жанар-жағармай материалдарының, мұнай өнімдерінің төгілуінен ұдайы тазартылады.

2-тарау. Ұнғымаларды бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

627. Ұнғымаларды бұрғылау, бекіту, сынау техникасы мен технологиясы өнімді жиектерден бақыланбайтын қабат флюидтің түсуін барынша жоғары дәрежеде болдырмауы тиіс.

Мұнай-газ дақтары пайда болған және авариялық жұмыстар жүргізілген жағдайда, жер үстіндегі жабдық және орап байлау арқылы толық герметикалық, флюидті ұнғымалардан қауіпсіз қашықтыққа бұру және мұнай-газ дақтарын, аварияларды жою жөніндегі технологиялық процестерді орындау кезінде жарылыс-өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

628. Бұрғыны пайдалануға беру кезінде кәсіпорынның комиссиясы жабдықтың жарылыс-өрт қауіпсіздігін, өртке қарсы жабдық пен мүкәммал жинағының сәйкестігін, өрт сөндіру су айдыны, авариялық жарықтандырудың, жауынгерлік өрт сөндіру есептобының бар-жоғын тексереді, ол туралы бұрғыны қабылдау актісіне жазады.

629. Көмірсутекті негіздегі бұрғы қоспаларын пайдаланғанда жарылыс, өрт қауіпсіздігі бойынша, арнайы нұсқаулық пен жұмыс жоспарларында көрсетілетін әуе ортасының газдылығы бойынша қосымша шаралар қолданылады. Көмірсутекті негіздегі ерітіндінің өздігінен тұтану температурасы сағасындағы және қоспаны дайындау

мен өңдеу процесіндегі күтілетін ең жоғарғы температурадан 50оС артық болады.

630. Жұмыс аймағының ауасында зиянды заттардың шекті жол берілетін концентрациялары мен шекті жол берілетін жарылыс қауіпсіз концентрациялары табылған жағдайларда:

- 1) технологиялық процесті тоқтата тұру;
- 2) объектінің, ауысымның басшысына дереу хабар беру;
- 3) газдану себебі мен аймағын анықтау;
- 4) жеке қорғану құралдарын пайдалану;
- 5) өрт сөндіру мүкәммалының әзірлігін тексеру;
- 6) Аварияларды жою жоспарына және нақты жағдайға сәйкес шаралар (әрекеттер) қолдану қажет.

631. Бұрғылау, сынау, газ, мұнай, су дақтарын, ашық бұрқақтар мен аварияларды жою жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін мұнаралар, бұрғылау жабдығы, аумақ қара майдан, артық жабдықтар мен материалдардан тазартылады. Бұрғыға баратын жолдар мен кіреберістер бос болады.

632. Цементтеу, мұнай және қышқыл ванналарын орнату, зерттеу және авариялық жұмыстар кезінде қолданылатын арнайы техника пайдаланылған газ шығатын құбырлардың ұшқын сөндіргіштері болған кезде ғана қолданылады.

3-тарау. Мұнай және газ ұңғымаларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Ұңғымаларды игеру кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

633. Мұнай және газ ұңғымаларын игеру және сынақ жұмыстары ұңғымалардың құрылыс жобасына сәйкес жүргізіледі, онда арнайы бөлімдерде технологиясы әзірленеді, сынақ және өрт жарылыс қауіпсіздігі шаралары жөніндегі жұмыстарды орындаудың техникалық құралдары анықталады.

634. Жұмыс басталмас бұрын, даярлау, негізгі және қорытынды жұмыстардың жоспар-графикі, сондай-ақ болуы мүмкін аварияны жою жоспары қоса беріледі.

635. Ұңғымаларды игеру үшін қолданылатын жабдықты орналастыру және байлау сызбасы жоспар-графикке қоса беріледі.

636. Ұңғымаларды игеру жөніндегі жұмыстарды бастамас бұрын жауапты тұлға бригада мүшелеріне өрт қауіпсіздігі жөнінде нұсқама өткізеді және «Жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаманы тіркеу» журналына тиісті жазбаны жазады.

637. Бригаданың барлық мүшелері ұңғымаларды игеру жұмыстарына арнайы киіммен және арнайы аяқ киіммен қатысады.

638. Игеру объектілері өртке қарсы құрылғылармен жабдықталады және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес өртке қарсы мүкәммалмен қамтамасыз етіледі.

639. Ұңғымалардағы ату-жару жұмыстары жұмыстардың басшысының рұқсатымен және мұнай-газ өндіру немесе бұрғылау кәсіпорны геологының қатысуымен жүргізіледі.

640. Ату-жару жұмыстарының алдында шығарындыға қарсы жабдық мұқият тексеріледі және жұмыс жоспарында көрсетілген қысымға сығымдалады.

641. Көтеріп-түсіру операциялары кезінде діңгек фланецке ұшқынға қауіпсіз материалдан жасалған құйғыш орнатылады.

642. Ұңғыманы игеру кезінде жылжымалы компрессор ұңғымадан желді жақтан кемінде 25 метр қашықтықта орнатылады.

643. Ұңғыманы мұнаймен жуу кезінде агрегат кемінде 10 метр қашықтықта орнатылады.

644. Газ және газ конденсатты ұңғымаларды сваб әдісі арқылы, ал бұрқақты ұңғымаларды науамен тарту арқылы игеруге жол берілмейді.

645. Ұңғыманы свабирлеу мұнай лақтырудың алдын алатын тығындайтын құрылғыдағы фонтандық арматураның буферлік ысырмасында орнатылған кезде жүргізіледі.

646. Бұрқақты ұңғыманы свабирлеу әдісімен игеру кезінде:

- 1) жұмыс істеп тұрған агрегатты басқару пультінде қалқаның жанғыш құрамын қорғау үшін отқа төзімді құраммен өңделеді;
- 2) ұшқынға қауіпсіз материалдан жасалған бағыттаушы құйғышорнатылады;
- 3) көтергіш тракторы ұңғыма сағасынан кемінде 25 метр

қашықтықта орнатылады.

647. Ұңғымаларды жылжымалы агрегаттармен игеру кезінде игеру үшін және ұңғыма өшірілген жағдайда агрегаттардың қажетті санын жұмыс манифольдына қосу мүмкіндігі көзделеді.

648. Бұрқақ атқылау белгілері пайда болған кезде аварияларды жою және ұңғыма аузын қымтау жоспарына сәйкес іс-қимылдар жасалады.

649. Бұрқақты ұңғыманы игеру процесінде үзілістер мен тоқтаулар кезінде бұрқақты арматураның және айқастырмадағы орталық ысырмасы жабылады.

650. Сығылған ауаны айдау немесе сұйықтықты ауамен аэрациялау арқылы ағынды шақырған кезде процесте үзілістерге жол берілмейді.

2-параграф. Бұрқақты ұңғымаларды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

651. Пайдалануға берілген барлық ұңғымалар тиісті аппаратурамен жабдықталған герметикаланған аузымен қамтамасыз етіледі.

652. Бұрқақты арматураны жинау төсемдері бар түйреуіштердің толық жинағымен жүргізіледі.

653. Бұрқақты ұңғыма мен коммуникация орамы пайдалану бағанының перфорациясына дейін ұңғыма өнімін қабылдауға алдын ала дайындалады.

654. Тұтануды (өртті) болдырмау үшін ашық арықтар бойымен ортақ қоймалар мен тұзақтарға мұнай ағынын орнатуға жол берілмейді.

655. Ұңғымадан компрессорға мұнай мен газдың түсуін болдырмау үшін ұңғымалардың жанындағы газ және ауа тарату дүңгіршектерінен шығатын желілерде кері клапандар орнатылады.

656. Газ және ауа тарату дүңгіршектерінің газ немесе ауа коллекторларында ұзындығы жобаға сәйкес келетін желілер көзделеді.

657. Газ тарату дүңгіршектерінің сыртқы жағында «Газ! Өрт қауіпті!» деген жазу ілінеді.

658. Жылжымалы компрессорлардың іштен жану қозғалтқыштарының пайдаланылған газ шығатын құбырлары ұшқын сөндіргіші

бар бәсеңдеткішпен жабдықталады.

659. Құбыр сыртындағы газ қысымы тек штуцердің көмегімен айқастырғыштан екінші ысырма арқылы бірінші (түпкі) ысырма ашық болғанда ғана алынады.

660. Ұңғыманың орамы, бұрулар, аппаратура, сонымен қатар қысымдағы газ құбырлары тек бумен немесе ыстық сумен ғана жылытылады.

3-параграф. Компрессорлық станцияларды күтіп-ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

661. Компрессордың жұмысы кезінде тоназытқыштардағы газ бен судың температурасына бақылау жүргізіледі.

662. Компрессорды қысудың соңғы сатысының (компрессорлық ғимараттан тыс) шығару желісінде жұмыс қысымынан 10% асатын қысым кезінде іске қосылатын сақтандыру құрылғысы құрастырылады.

663. Компрессор параметрлердің қалыпты жұмыстан ауытқу сигнализациясымен, сондай-ақ жағылатын газдың (ауаның) қысымы мен температурасы көтерілген кезде, салқындатқыш судың берілуі тоқатылған және қабылдау мен майлау жүйесіндегі қысым төмендеген кезде автоматты ажыратумен жабдықталады.

664. Компрессордың үйкелетін бөліктері үнемі майланады, сондай-ақ пайдаланылған майдың температурасы бақылауға алынады.

665. Сығымдаудың әрбір сатысынан кейін сығылған газды немесе ауаны майдан тазартпай компрессордың жұмыс істеуіне жол берілмейді. Компрессордың жұмыс кезінде майдың бөлгіштерден жүйелі түрде түсірілуі қамтамасыз етіледі.

666. Әрбір жұмыс режимі үшін техпаспортта және регламентте көрсетілген ауа қоспасы компоненттерінің құрамын арттыруға жол берілмейді.

667. Газды сығымдайтын компрессорлармен ауа соруы болдырмау мақсатында сору желілері шамадан тыс артық газ қысымымен ұсталады.

668. Егер компрессор жұмысының шарттары бойынша сору желісі

сиретілген болса, онда сығылғаннан кейін газ оттегінің құрамына жүйелі түрде талданады.

669. Газ компрессорлары мен газ құбырларының барлық қосылыстары герметикалығына жүйелі түрде тексеріледі. Газдың шығуы байқалған кезде компрессор тоқтатылады және ақаулар жойылады.

670. Жарық беру құрылғыларын жөндеу немесе электр энергиясын авариялық ажырату кезінде газ компрессорлық станцияларында жарылыстан қорғалып орындалған аккумуляторлық шамдар ғана қолданылады.

671. Газ-компрессорлық жайларда компрессорлық қондырғының жұмысына қатысы жоқ аппаратура мен жабдықты орналастыруға жол берілмейді.

672. Резервтегі компрессорлар газды қабылдау және айдау желісінен ажыратылады.

673. Ауа компрессорлары үшін ауа жинау ғимараттың сыртында жүргізіледі.

Жанғыш булар немесе газдар бөлінетін жерлерде, сондай-ақ тұтану көздері пайда болуы мүмкін жерлерде ауа жинауға жол берілмейді.

Компрессорға жанғыш булар немесе газдар келіп түскен кезде ол дереу тоқтатылады.

674. Компрессорлар, ауа компрессорлық станцияларының коммуникациялары кестеге және техникалық құжаттамаға сәйкес сульфурал су ерітіндісімен жуу арқылы майлы шөгінділерден тазартылады.

4 -параграф. Терең сорғымен пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

675. Тербелме станогы оның үйкелетін және қозғалатын бөліктерінің мұнара немесе дінгек, іргетас және фунт, электр желілері бөлшектерімен жанасуын болдырмайтындай етіп орнатылады.

676. Тербелме станогының шкивін қолмен бұруға және оны металл немесе басқа заттарды салу жолымен тежеуге жол берілмейді.

677. Жөндеу жұмыстары басталғанға дейін ұңғымадағы жетек ажыратылады, ал іске қосу құрылғысында «Қосуға болмайды! Адамдар жұмыс істейді» деген жазуы бар плакат ілінеді.

678. Терендік-сорғы ұңғымасы ұңғыманың аузын герметикалайтын және құбыр сыртындағы кеңістіктен газды шығаруға мүмкіндік беретін сағалық арматурамен жабдықталады.

679. Тербелме станогының жұмысы кезінде жетек белбеулерінің іркіліп қалуының алдын алу үшін олардың тартылуы бақылауға алынады.

680. Жерге тұйықтау өткізгіштері мен оларды дәнекерлеу орындарын қарау үшін қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Жерге тұйықтау өткізгіші үшін болат арқанды қолдануға жол берілмейді.

681. Басқару станцияларын, автотрансформаторларды, трансформаторларды кез келген кернеудегі электр беру желілері сымдарының астына орнатуға жол берілмейді.

682. Батырылатын ортадан тепкіш электр сорғылардың электр жабдығын орнатуға арналған жай немесе дүңгіршек жанбайтын материалдан жасалады.

683. Батырылатын электр сорғыны түсіру және көтеру алдында ұңғыманың сағалық фланецінде кабельді элеватордың зақымдануынан қорғайтын құрал орнатылады.

684. Ұңғыманың аузында орналасқан кабельдік барабанның электр жетегін түйме арқылы басқару жарылыстан қорғалған түрде орындалады.

685. Ұңғыманың аузы кабель өтетін жерлерде тығыздамасы бар аспалы шайбамен жабдықталады.

686. Ұңғымаларды үрлеу және өлшеу жүргізу кезінде ұңғыманың жанындағы автокөлік пен тракторлар сөндіріледі, ал қазандықтардың оттықтары тоқтатылады.

687. Сынақ уақытында барлық жолдарда бекеттер қойылады және өтуге, темекі шегуге және от жағуға тыйым салатын ескерту белгілері орнатылады.

5-параграф. Мұнай мен газ өндіруді қарқындату кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

688. Өндіруді қарқындату әдістерін жүзеге асыру мұнай-газ өндіру кәсіпорнының басшысы (орынбасары) бекіткен жоспар бойынша

жүргізіледі.

689. Кәсіпорын әкімшілігі өндіруді қарқындалу әдістерін жүргізуді есепке ала отырып, болуы мүмкін авариялар мен өрттерді жою жоспарын әзірлейді. Жоспар көрнекті жерге ілінеді.

690. Өндіруді қарқындалу әдістері жүзеге асырылатын объектілер кәсіпорынның орталық диспетчерлік пунктiмен сенiмдi телефон немесе радио байланысымен қамтамасыз етiледi.

691. Байланыс құралдарының жанында атауы мен сигнал беру, баушыларды, өртке қарсы қызметті, жедел жәрдемді, газдан құтқару қызметін шақыру тәртібі көрсетілген тақтайшалар ілінеді.

692. Жұмыс кезінде жылжымалы сорғы агрегаттарының, автокөліктің пайдаланылған газ шығатын құбырлары ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

693. Агрегаттар мен автоцистерна ыдыстарынан мұнай және химиялық реагенттердің қалдықтарын өнеркәсіптік су бұру жүйесіне төгуге жол берілмейді.

694. Барлық өндірістік және қосалқы үй-жайлар, құрылыстар мен қоймалар осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бастапқы өрт сөндіру мүкәммалмен қамтамасыз етіледі.

695. Өртке қарсы құрал-сайман және жабдықты, авариялық және газдан құтқару құралдарын олардың тікелей мақсатына байланысты емес жұмыстар үшін пайдалануға жол берілмейді.

696. Жанғыш химиялық заттары бар сыйымдылықтарда «От қауіпті» деген жазу жазылады.

697. Найзағай кезінде көбік реагентін және басқа да жанғыш химиялық заттарды құюға және төгуге жол берілмейді.

698. Реагентті қабатқа құюға арналған жылжымалы технологиялық жабдық қауіпті аймақтан шығуды және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз ету үшін жергілікті жердің бедері мен желдің бағытын ескере отырып орналастырылады.

699. Жылжымалы жабдықты, сорғы қондырғыларын электр берудің әуе желілерінің күзет аймағы шегінде немесе мұнай-газ құбырларының үстінде орналастыруға жол берілмейді.

700. Жұмыс тоқтатылғанша және бу генераторындағы қысым атмосфералық қысымға дейін төмендегенше бу генераторлық қонды-

рғыны бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

701. Жылжымалы электр жарығы ретінде бу генераторлық қондырғыда кернеуі 12 Вольттан аспайтын жарылыс қаупі жоқ шамдар қолданылады.

702. Ұңғыманың кенжар маңы аймағын бу-жылумен өңдеу тәуліктің жарық уақытында жүргізіледі.

703. Отын сыйымдылығы бар арбаға (шанаға) орнатылған мөлшерлеу сорғысының электр жабдығы ЭҚК сәйкес өрттен, жарылыстан қорғалған түрде көзделеді.

704. Пеш белгіленген шектерде мұнайды қыздыру температурасын реттейтін, сондай-ақ дайындаушы көздеген газ қысымы көтерілген немесе төмендеген кезде оттыққа газ беруді ажырататын автоматты құрылғылармен жабдықталады.

705. Отын құбыржолында ретке келтірілген редуциялау құрылғысы және оттықтағы сақтандыру клапаны, сондай-ақ бақылау-өлшеу аспаптарына конденсаттың түсуін болдырмауға арналған құрылғы жабдықталады.

706. Пештің оттығын жағар алдында иректүтікте мұнайдың толғанына көз жеткізеді.

707. Мұнайға арналған ыдысы бар арбаға (шанаға) орнатылған электр жабдығы, сондай-ақ мұнайды қыздыруға арналған стационарлық қондырғылар ЭҚК-ға сәйкес жарылыстан қорғалып орындалуы тиіс.

708. Техникалық қозғалыс құралдары (автомобильдер, тракторлар) ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

709. Ыстық мұнайы бар ыдыс ауызы желді жағынан 10 метр қашықтықта орнатылады.

710. Мұнайды құю алдында сорғыдан ұңғымаға дейінгі жиналмалы-құрама түсік желісі максималды жұмыс қысымынан бір жарым есе қысымға сығымдалады.

711. Компрессорлар мен электр жабдықтары 10 метрден алшақ, іштен жану қозғалтқышы бар компрессор ұңғыманың аузынан 25 алшақ қашықтықта орнатылады. Іштен жану қозғалтқышының пайдаланылған газ шығатын құбыры ұшқын сөндіргішпен жабдықталады.

712. Ұңғымаларды өңдеу үшін тек газсыздандырылған конденсат

қолданылады.

713. Автоцистерналарда немесе газ конденсаты бар өзге ыдыста «От қауіпті» деген жазу немесе белгі көрсетіледі.

714. Газ конденсатын автоцистерналармен тасымалдау герметикалық жабылған люктер мен төгу штуцерлері кезінде ғана жүзеге асырылады.

715. Конденсатты құю немесе төгу алдында автоцистерна жерге қосылады. Жерге тұйықтау құрылғысын төгу немесе құю аяқталғанға дейін ажыратуға жол берілмейді.

716. Құю және төгу, ұңғыманы өңдеу тек күндізгі уақытта жүргізіледі.

717. Газ конденсатымен толтырылған автоцистернаны елді мекендер ішінде, ашық от бар орындардың жанында тоқтатуға жол берілмейді.

718. Агрегаттар мен автоцистерналар ұңғыманың аузынан 25 метр қашықтықта және желді жақтан бір-бірінен кемінде 6 метр қашықтықта орнатылады.

719. Суы бар автоцистерна газ конденсаты бар агрегаттар мен автоцистерналардан 25 метр қашықтықта орнатылады.

720. Ұңғыманы өңдеу кезінде газ конденсатын автоцистернадан бункерге және агрегатты қабылдауға құюға жол берілмейді.

721. Ұңғыманы газ конденсатымен өңдеуден бұрын және өңдеу процесінде жұмыс жүргізу аумағының газдануы тексеріледі. Шекті рұқсат етілген концентрациядан асатын газ концентрациясы болған жағдайда газ конденсатын құю жұмыстары дереу тоқтатылады және аварияларды жою жоспары бойынша шаралар қолданылады.

722. Ұңғыманы газ конденсатымен өңдегеннен кейін агрегаттың манифольдты желісі және ұңғыманың арматурасы сумен жуылады.

723. Манифольдты ажырату ұңғыманың арматурасындағы ысырмалар жабылғаннан және қысым атмосфералық қысымға дейін төмендегеннен кейін ғана жүргізіледі.

724. Ұңғыманы газ конденсатымен өңдеу процесінде қызмет көрсетуші персонал жұмыс жоспарында көрсетілген қауіпсіз қашықтықта болады.

725. Қабаттарды гидравликалық ажырату жұмыстары кезінде қол-

данылатын агрегаттар мен басқа машиналардың пайдаланылған газ шығатын құбырлары ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады.

726. Агрегаттарды іске қосу агрегаттарда жұмыстарды тікелей орындаумен байланысты емес адамдарды қауіпті аймақтан тыс жерге шығарғаннан кейін ғана орындалады.

727. Ажырату сұйықтығының және мұнайдың қалдықтары агрегаттар мен автоцистерналардың ыдыстарынан мұнай тосабына немесе арнайы ыдысқа құйылады.

728. Қысқы уақытта жұмыстар ұзақ тоқтаған кезде манифольдты және құю құбырларының жүйесін ашық отпен жылытуға жол берілмейді.

729. Қуатты қондырғының отын бактары өрт қауіпсіз жерде орнатылады және зақымданудан қорғалады.

730. Қабат ішіндегі жылжымалы жану майданы әдісімен қабаттық өңделуі жүзеге асатын учаскенің аумағы ескерту плакаттарымен қамтамасыз етіледі және қызыл жалаушасы бар металл пикетпен қоршалады.

731. Ұңғымаларда зиянды газдардың бөліну қауіптілік дәрежесі және мұнай мен газдың температурасы бойынша олардың санаттары көрсетіледі.

6-параграф. Ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

732. Жанар-жағармай материалдарымен, мұнай өнімдерімен ластанған аумақта көтергіш трактор мен жылжымалы агрегатты орнатуға жол берілмейді.

733. Көтергіш трактор, жылжымалы агрегат ұңғыманың аузынан желді жақтан кем дегенде 25 метр қашықтықта орнатылады.

734. Жуу агрегаты манифольдтың және сыйымдылықтың жанында агрегат жүргізушісінің кабинасы ұңғыманың аузына қарайтындай етіп орнатылады.

735. Көтергішке жанармай құю қозғалтқыш салқындағаннан кейін өшірілген кезде жүзеге асырылады.

736. Сағалық арматураны бөлшектеу ұңғыма толық өшкеннен

және қысым нөлге дейін уланғаннан кейін жүргізіледі.

737. Газ схемаға сәйкес ұңғымадан қауіпсіз жаққа қарай шығарылады. Газ тарату желісі тіректерге мықтап бекітілген.

738. Құбырларды көтеру және түсіру кезінде элеваторды отырғызу ұшқынның пайда болуын болдырмау үшін соққысыз, бірқалыпты жүргізіледі.

739. Құбырларды көтеру және түсіру жөніндегі жұмыстағы үзілістер кезінде ұңғыманың аузы тығыздалады.

740. Құбырларды көтеру кезінде флюидтің, ерітіндінің шашырауына және төгілуіне қарсы құрал орнатылады.

741. Сағада ұшқын туындаумен байланысты жұмыстарды, сондай-ақ ұйым басшысының жазбаша рұқсаты берілмеген от жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

742. Құм тығынын сумен жуған кезде жуу сұйықтығы өнеркәсіптік су бұру жүйесіне немесе ыдысқа шығарылады. Тығынды мұнаймен жуу тұйық цикл бойынша жүргізіледі.

743. Құм тығындарын жуу кезінде ұңғымаларда шығарындыға қарсы жабдық, шарлы кран, кері клапандар орнатылады.

744. Ұңғымаға вентилі және шлангі бар су желісі төселеді.

745. Мұнай-газ көріністері, құбыр және құбыр қысымы болған кезде жұмысты бастауға жол берілмейді.

746. Көтергіш тракторлар мен жылжымалы агрегаттар жарық және дыбыс дабылымен жабдықталады.

747. Мұнай өнімін қамтамасыз етудің негізгі және қосалқы кәсіпорындары осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарының қажетті ең аз тізбесіне сәйкес бастапқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталады.

748. Жұмыс үрдісінде ұңғыманың жай-күйі үнемі бақыланады, газ-мұнай-су көріністерінің белгілері анықталған кезде бригада ұңғыма аузын тығыздайды және аварияларды жою жоспары бойынша іс-қимылдарды орындайды.

4-тарау. Мұнай мен газды жинау, дайындау, сақтау және тасымалдау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

749. Аппараттарда, сыйымдылықтарда және құбыржолдарда

орнатылған сақтандыру, реттеу және бекіту арматурасының жарамдылығы пайдалануға беру алдында, сондай-ақ инженерлік-техникалық қызметкердің басшылығымен бекітілген графикке сәйкес кезең-кезеңімен тексеріледі. Тексеру және тексеру нәтижелері вахталық журналға енгізіледі.

750. От қауіпті сұйықтықтардың деңгейін өлшеу үшін өрт қауіпсіз өлшегіштер қолданылады. Өлшеуіш шынылар шыныны механикалық зақымданудан қорғау, жалғағыш түтіктерді автоматты түрде жабатын клапандар және шыныда Сұйықтық пен қысымның 0,6 МПа (6 кгс/см²) аспайтын шекті рұқсат етілген деңгейін көрсететін қызыл сызық болған жағдайда 0,6 МПа (6 кгс/см²) аспайтын артық қысыммен жұмыс істейтін аппараттар мен сыйымдылықтарда рұқсат етіледі.

751. Жабдықтың жылу оқшаулағышы үшін жанбайтын материалдар қолданылады.

752. Қыздыру аппараттарына бу немесе газды жіберу алдында беру желілері қауіпті қысымдарды немесе деформацияларды болдырмау үшін үрлеуге жатады.

753. Қыздыру агентін аппараттарға қосу аппараттардағы температураны біртіндеп көтере отырып, баяу жүргізіледі.

754. Түсіру кезінде резервуарлар (сыйымдылықтар) аппараттарынан су мен тұнбаның тоқтауын бақылау жұмыс алаңдары мен аумақтарға мұнайдың ағып кетуіне жол бермей жүзеге асырылады.

755. Сақтандыру клапаны диаметрі шығу тесігінен кем емес бұрғышпен жабдықталады.

756. Басқыштар, сепараторлар және басқа да аппараттар қызмет көрсетуге арналған сатылармен және алаңдармен жабдықталады.

757. Мұнай және құм тұтқыштар жанбайтын материалдан жасалады. Ашық мұнай ұстағыштың айналасына биіктігі кемінде 1 метр қоршау орнатылады.

758. Тұндырғыштар мен резервуарлардың науалары адамдар өтетін жерлерде металл жабындармен жабылады.

759. Алау көтергіші 100 метрден жақын емес, ал жер қоймасы топық қондырғының қоршауынан 50 метрден жақын емес қашықтықта орналасады. Қамбаның айналасында биіктігі кемінде 1 метр топы-

рақ үйіп бекітілетін топырақ үйіп бекітілетін жер көзделеді, ал алау құрылғысы қоршаумен қамтамасыз етіледі.

760. Басқыштар мен сепараторларды үрлеу кезінде үрлеу желісіндегі тиек құрылғысы біртіндеп және біртіндеп ашылады және жабылады.

761. Бірдей қысымы бар сепараторлар тобы үшін сақтандыру құрылғыларынан алаудың жалпы желісіне (коллекторға) шығарылуы мүмкін.

723. Эрлифт ұңғымалары сепараторға қосылған кезде сепаратордан шығатын газ-ауа қоспасы ауаның құрамына тексеріледі.

763. Басқыштардағы деңгей өлшегіш шынылар жабық сыйымдылыққа немесе кәрізге үрлеуге арналған бұрғыштармен қамтамасыз етіледі.

764. Отпен жылытылатын жылу алмастырғыштарға арналған алаң гидравликалық ысырма арқылы өнеркәсіптік су бұру жүйесіне ағызғыштармен жабдықталады және мұнайды шаюға арналған құрылғымен қамтамасыз етіледі.

765. Жылу алмастырғыштарды қыздыру (іске қосу кезінде) және салқындату (тоқтату кезінде) температуралық кернеулерден зақымдануды болдырмау үшін баяу жүргізіледі.

766. Жылу алмастырғышты жанғыш сұйықтықтардан босату жылу алмастырғыштар салқындағаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

767. Форсункалар алдындағы алаң қатты жабынмен және гидравликалық ысырма арқылы өнеркәсіптік су бұру жүйесімен қосылған науаға қарай көлбеумен қамтамасыз етіледі.

768. Пешті тұтату мен іске қосуды тек пайдалану үшін бекітілген адамдар ғана жүзеге асырады.

769. Форсункаларды алаумен жаққан кезде оны тез тұтанатын сұйықтықпен сіңдіруге жол берілмейді.

770. Жағу үшін пайдаланылатын алауды сөндіру құрғақ құмы бар жанбайтын жәшікте жүзеге асырылады.

771. Отын құбыры оттықтардың жануы үшін қажетті қысымына реттелген қайталанатын құрылғыларға, сондай-ақ автоматика жүйесіне конденсаттың түсуінің алдын алатын конденсат жинаушыға барлық

форсункаға бір мезгілде отын беруді тоқтата алатын, сондай-ақ ысырмамен, бақылау-өлшеу аспаптарымен жабдықталады (қашықтықта форсунка шебінен кемінде 10 метр). Автоматты құрылғылардың авариялық сигнализациясы оператор бөлмесіне шығарылады.

772. Қондырғы жарамсыз болған жағдайда отын газ құбыры пештен герметикалық ажыратылуға жатады және бітеуішке қойылады.

773. Пештердің тұрақты өрт сөндіру стационарлық жүйесі әрқашан жарамды күйде ұсталады. Жүйенің орамы өтуге ыңғайлы жерде орналасады және қызыл түске боялады. Жүйені автоматты және қашықтықтан қосу көзделеді.

774. Пештің оттығын бумен алдын ала үрлемей жанарғыны жағуға жол берілмейді. Пеш орамының үрлеу бітелері жобалау және техникалық құжаттамаға сәйкес қауіпсіз жерге шығарылады.

775. Форсункалардың (жанарғылардың) газ құбырлары газды алау желісіне шығаратын үрлеу желісімен жабдықталады.

776. Авария немесе өрт болған жағдайда мұнай құюға арналған құрылғылардың жарамсыздығына жол берілмейді. Авариялық төгу желілерінің ысырмалары айырым белгілерімен белгіленеді, ал оларға өту жолдары босатылады. Авариялық төгу цех, қондырғы бастығының немесе аварияны (өртті) жою жөніндегі жұмыстардың жауапты басшысының нұсқауы бойынша ғана жүргізіледі. Авариялық төгуді жүзеге асыру кезіндегі операциялардың реттілігі нұсқаулықта көзделеді.

777. Авариялық ыдыстан оған ыстық сұйықтықты түсірер алдында суланған өнімдер мұқият шығарылады және құрғақ бу беріледі.

778. Пеш форсункаларының майданында, қос көзді камераларда өрт шыққан жағдайда көмейде және түтін құбырында күйе жанған кезде бу желісі арқылы бумен сөндіру іске қосылады және өртке қарсы қызметі шақырылады.

779. Құбырлы пешті пайдалану кезінде құбырлардың жай-күйіне жүйелі бақылауды қамтамасыз ету керек.

Құбырлардағы үрлеулер мен жыланкөздер кезінде, сондай-ақ құбырлардың тозуының рұқсат етілген шектері артқан кезде пештің жұмыс істеуіне жол берілмейді.

780. Пештерде жалынды сөндіру сигнализаторлары, форсункалар

(оттықтар) сөнген кезде оларға отын беруді тоқтататын автоматты құрылғылар, пештің асуында шекті рұқсат етілген температура дабылдары орнатылады.

781. Мұнай айдауға арналған сорғы үй-жайы ұшқын қауіпсіз орындалған мәжбүрлі сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталады.

Желдеткіш ақаулы немесе ажыратылған кезде сорғыларды жұмысқа қосуға жол берілмейді.

782. Іштен жану қозғалтқыштарын орналастыруға арналған үй-жайлар сорғыларға арналған үй-жайлардан газ өткізбейтін қабырғалармен бөлінеді. Тез тұтанатын сұйықтықтарға арналған сорғылар орнатылған үй-жайларда тегіс белдікті берілістерді қолдануға жол берілмейді.

783. Аралық біліктердің қабырғалар арқылы өтетін жерлері тығыздамалы тығыздағыштармен жабдықталады.

784. Сорғылардың жұмысы кезінде үйкелетін бөліктердің майлануына, сондай-ақ сорғылардың мойынтіректері мен тығыздамаларының температурасына тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

785. Сорғылардың астында майлау материалдарының жиналуына, олардың ағуына және шашырауына жол берілмейді. Сорғы үй-жайларының едендері таза ұсталады және үнемі сумен жуылады.

786. Сорғы үй-жайларында сорғылар мен құбырлардың герметикалығына бақылау орнатылады. Сорғылардың тығыздамаларындағы және құбыржолдардың қосылыстарындағы өткізгіштер дереу жойылады.

787. Сорғы үй-жайларында майлау материалдарын тәуліктік қажеттіліктен аспайтын мөлшерде сақтауға жол беріледі. Майлау материалдары арнайы металл бөшкелерде немесе қақпағы бар жәшіктерде сақталады.

Сорғы үй-жайында тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды сақтауға жол берілмейді.

788. Сорғыны іске қосу және тоқтату алдында тиісті ысырмалардың дұрыс ашылуы мен жабылуы тексеріледі.

789. Төгілген мұнай өнімдерін жою үшін сорғы үй-жайлары резеңке шлангілері бар су бағандарымен жабдықталады.

790. Жұмыс аяқталғаннан кейін сорғыларды қабылдау және түсіру ысырмалары және резервуарлар жабылады, үй-жайлар тексеріледі, төгілген мұнай жиналады, барлық қондырғылар мен жарықтандыру ажыратылады.

791. Құбыржолдар (мұнай-газ құбырлары) тасымалданатын заттарға байланысты ажырату үшін бояуымен және цифрлық белгілеумен қамтамасыз етіледі. Сыйымдылықтарды аппаратурамен, аялдамалармен және басқа да құрылыстармен байланыстыратын құбыржолдарға әрбір құбыржолда белгілі бір белгілері, ал тиек арматурасында нөмірленуі бар технологиялық схемалар жасалады.

792. Қызмет көрсетуші персонал ысырмалардың орналасу сызбасын және олардың мақсатын білуі, сондай-ақ технологиялық әрекеттерді қатесіз орындай білуі қажет.

793. Жаңа схеманы кәсіпорын басшысының рұқсатынсыз және бекітуінсіз қолданыстағы құбыржолдардың орналасу схемаларын өзгертуге жол берілмейді.

794. Құбыржолдарды үрлеу және герметикалығын және беріктігін сынау құрылыс ұйымы әзірлеген, кәсіпорынның техникалық басшылығымен келісілген нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

795. Құбыржолдарды үрлеу және сынау кезінде аймақ шегінде автомобильдердің, тракторлардың жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштармен тіркелуіне, сондай-ақ ашық отты пайдалануға және темекі шегуге жол берілмейді.

796. Темір жол немесе тас жол маңындағы құбырда авария болған жағдайда, авария ауданы дереу қоршалады, ескерту белгілері қойылады, көлік қозғалысы тоқтатылады және аварияны жою жоспарына сәйкес шаралар қабылданады.

797. Ескерту белгілері авария болған жерден жолдың екі жағына кемінде 800 метр қашықтықта қойылады. Темір жол қызметі дереу хабардар етіледі.

798. Құбыржолдардағы тиек құрылғылары жарамды күйде, құбыржолдардың жекелеген учаскелеріне мұнай мен газдың түсуін сенімді тоқтату мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін оңай қол жеткізуге болатындай етіп ұсталады.

799. Бекіту құрылғыларын тексеру үшін кәсіпорында кәсіпорын-

дар басшылары бекітетін кестелер жасалады. Құбыржолдардағы тиек құрылғылары тоқсанына кемінде 1 рет, ерекше жауапты тораптарда айына кемінде 1 рет тексеріледі. Тексеру нәтижелері Журналға немесе құбырдағы паспортқа енгізіледі.

800. Құбырды жалғау тек дәнекерлеу арқылы орындалады. Бұрандалы және фланецті қосылыстарға ажыратқыш құрылғылар, бақылау-өлшеу аспаптары және өткізбейтін тығыздағыштары бар басқа арматура орнатылған жерлерде рұқсат етіледі. Фланецті қосылыстардың төсемдері жоғары температурада бұзылмайтын және деформацияланбайтын материалдардан жасалады.

801. Құбырларда пайда болған тығындарды болат шыбықтардың және ұшқын тудыруы мүмкін басқа да құралдардың көмегімен тазалауға жол берілмейді.

802. Құдықтарда орналасқан тиек құрылғыларын тексергеннен немесе пайдаланғаннан кейін соңғыларының қақпақтары дереу жабылады. Құбырларды тексергеннен кейін ашық науалар дереу жабылады.

803. Бекіту құрылғылары ақырын ашылады және жабылады, бекіту құрылғыларын ашу және жабу үшін ұшқын тудыруы мүмкін металл заттарды қолдануға жол берілмейді.

804. Вакуумдық газ жинау желісінің ішінде жарылыс қаупі бар қоспаның пайда болуын болдырмау үшін:

- 1) вакуумдық желідегі ауа құрамы бақыланады;
- 2) ұнғымалардан вакуумдық коллекторлардың тармақтарын ажырату немесе бөлшектеу кезінде тиек құрылғылары жабылады және газ құбырларына бітеуіштер орнатылады.

805. Кабель желілерін құбырмен қатар төсеу кезінде олардың арасындағы көлденең қашықтық кемінде 1 метр етіп орындалады. Құбырдан қысқа қашықтықта орналасқан кабельдер құбырларға салынады. Құбыржолдардың үстінен және астынан тік жазықтықта кабельдерді параллель төсеуге жол берілмейді.

806. Төгу-қю эстакадалары осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, пайдаланылады.

6-бөлім.

Газ өндеу өнеркәсібі объектілерін күтіп-ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау.

Жалпы ережелер

807. Технологиялық процесі жанғыш булар мен газдардың жиналып қалуын көздейтін зауыт аумағында автокөлік құралдарының жүріп өтуіне жол берілмейді, бұл ретте тыйым салу белгілерін орнатылады.

808. Автокөлік құралдарының, оның ішінде көтергіш-көлік және құрылыс механизмдерінің аумағына кіруіне жарылыс, өрт қауіпті цехтар мен қондырғылар басшыларының жазбаша рұқсаты бойынша мүмкін болатын тұрақтарды, қозғалыс маршруттарын және қауіпсіздік шараларын көрсете отырып жол беріледі.

809. Жарылыс қаупі бар үй-жайларға және газға қауіпті орындарға металл шеге немесе таға қағылған аяқ киім киген адамдарға жол берілмейді.

810. А және Б санатындағы жарылыс қаупі бар цехтарда доңғалақтары соғылған кезде ұшқын шығаратын көлік арбаларын пайдалануға жол берілмейді.

811. Су бұру жүйесін қарау құдықтары үнемі қақпақтары жабық күйде ұсталады және 10 сантиметр (бұдан әрі – см) қалың құммен жабылады.

812. Өрт кезінде өнеркәсіптік су бұру желісі бойынша оттың таралуын болдырмау үшін онда арнайы құдықтарда гидравликалық ысырмалар орнатылады. Әрбір гидравликалық ысырмада ысырманы құрайтын су қабаты кемінде 0,25 метр биіктікте болуы тиіс.

813. Гидравликалық ысырмалар технологиялық аппаратурасы бар үй-жайлардан, технологиялық қондырғылар алаңдарынан, топтар мен жеке тұрған резервуарлардан, ысырмалар тораптарынан, аппараттар топтарынан, сорғы, қазандық, төгу-қю эстакадаларынан шығатын барлық шығуларда орнатылады. Гидравликалық ысырманың конструкциясы оны ыңғайлы тазалауды көздейді және қамтамасыз етеді.

814. Гидравликалық ысырмалары ақаулы немесе дұрыс орындалмаған, сондай-ақ оларсыз су бұру жүйесін пайдалануға жол берілмей-

ді.

815. Өрт, жарылыс қаупі бар өнімдерді су бұру жүйелеріне жіберуге жол берілмейді. Осы мақсаттар үшін арнайы ыдыстар көзделеді.

816. Су бұру жүйесіне ағызу кезінде өндірістік ағынды сулардың температурасы 40°C аспауы тиіс.

817. Жарылыс қауіпті өндірістік үй-жайларда орнатылған желдету жүйелерінің металл ауа бұрғыштары жерге тұйықталады.

818. Желдеткіші бұзылған кезде жабдықты жұмысқа қосуға жол берілмейді.

819. Жанғыш және жарылыс қауіпті газдары бар аппаратура мен коммуникациялар орналасқан жабық үй-жайларда желдеткіштің тәулік бойы жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

820. Зиянды немесе жарылыс қауіпті газдардың немесе булардың кенеттен қарқынды бөлінуі мүмкін өндірістік үй-жайларда механикалық авариялық желдеткіш құрылғысы көзделеді.

821. Авариялық механикалық желдеткішті газ талдағыш-датчиктердің әсерінен автоматты іске қосу қамтамасыз етіледі және өндірістік үй-жайдың сыртқы есігінде орналасқан түймелерден авариялық желдеткішті қашықтықтан іске қосу көзделеді.

822. Өндірістік үй-жайда өрт туындаған жағдайда желдету жүйелері ажыратылады.

823. Өрт, жарылыс қаупі бар өндірістері бар үй-жайларды жылыту үшін ыстық су, бу, қыздырылған ауа және диэтиленгликоль түріндегі жылу тасығыштары бар орталықтандырылған жүйелер пайдаланылады.

824. Өрт туындаған және оның таралу қаупі туындаған кезде ауамен жылыту жүйелері дереу ажыратылады.

825. Ауамен жылытуды ағынды желдеткішпен біріктірген кезде ауаны рециркуляциялауға жол берілмейді.

826. Теміржол цистерналарын толтыруға арналған эстакадалардың құю тіреулері жерге тұйықталады. Төгу-қю майдан шегіндегі теміржол рельстері бір-бірімен электрлік жолмен жалғанады және электр тарту желісін жерге тұйықтауға байланысы жоқ жерге тұйықтау құрылғысына қосылады.

827. Автоцистерналар жанғыш газдарды төгу және құю процесін-

де жерге тұйықтау құрылғысына қосылады. Жерге тұйықтау өткізгіші ретінде қимасы кемінде 6 шаршы миллиметр икемді (көп желілі) мыс сым пайдаланылады.

828. Резеңке шлангілердің металл ұштықтары мен тез алынатын құрылғылары шлангінің сыртына немесе ішіне оралған иілгіш (көп-желілі) мыс сымның көмегімен жерге тұйықталады. Жерге қосу сымы екінші ұшымен өнім өткізгіштің металл бөліктеріне жалғанады.

2-тарау.

Технологиялық аппараттар мен қондырғыларды күтіп-ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

829. Технологиялық аппараттар мен қондырғылардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде өнімді тығыз емес фланецті қосылыстар арқылы өткізу кезінде аппараттарды, құбыржолдар мен жабдықтарды пайдалануға жол берілмейді.

830. Ағып жатқан өнімнің тұтануын болдырмау үшін аппаратта рұқсаттама анықталған кезде өткізу орнына аппаратты немесе қондырғыны сөндіре отырып, су буы немесе инертті газ беріледі.

831. Аппараттар мен ыдыстардың жанғыш беттері жанбайтын материалдардан жасалған жарамды жылу оқшаулағышпен қамтамасыз етіледі.

832. Ішкі қарау, тазалау және жөндеу үшін ашуға жататын аппараттар тоқтатылады, өнімнен босатылады, жұмыс істеп тұрған аппаратурадан ажыратылады және сөндіріледі, инертті газ өнімдерімен буланады және желдетіледі.

833. Ыстық өнімді тоназытқыш арқылы өткізбей сынама алу шүмектерін пайдалануға жол берілмейді. Бұру түтіктері мен тоназытқыш түтіктері жарамды күйде ұсталады.

834. Қысымдағы аппараттар мен коммуникациялардағы олқылықтарды жоюға жол берілмейді.

835. Өндірістік үй-жайларда ұшқын шығу мүмкіндігімен байланысты жұмыстарды жүргізуге, ашық орындалған шырақтарды қолдануға жол берілмейді.

836. Технологиялық аппараттар іске қосар алдында тексеріледі,

олармен байланысты аппараттар мен құбырлардың, Автоматты көрсеткіштердің немесе температура мен қысым реттегіштерінің, сұйықтық деңгейін өлшегіштердің жарамдылығы мен жұмысқа дайындығы тексеріледі.

837. Пештің өшіп қалған оттықтарын қызған панельдерден тұтандыру немесе пештің оттығын қалауға рұқсат етілмейді.

838. Пештің ішінде болуы мүмкін тұтануды сөндіру үшін бу немесе инертті газды қолдануға болады. Бу немесе инертті газ беріледі-бақылаусыз жану аяқталған сәтке дейін.

839. Авария немесе өрт болған жағдайда өнімді ағызуда арналған құрылғылар жарамды күйде ұсталады. Авариялық төгу желілерінің ысырмалары айыру белгілерімен белгіленеді, ал оларға өту жолдары босатылады. Авариялық төгуді жүзеге асыру кезіндегі операциялардың реттілігі нұсқаулықта көзделеді.

840. Пештен ыстық сұйықтықты түсіруге арналған авариялық ыдыс үнемі бос ұсталады. Сұйықтықты авариялық ыдысқа түсіру басталғанға дейін алдын ала конденсаттан босатылған су буы беріледі.

841. Құбырлардағы үрлеулер мен тесіктер болған кезінде, сондай-ақ құбырлардың тозуының рұқсат етілген шегінен асқан кезде пештің жұмыс істеуіне жол берілмейді. Құбырлар күйген кезде пешті пайдалану дереу тоқтатылады.

842. Пеш аумағында газдану қаупі туындаған кезде дереу бумен сөндіру жүйесі қосылады, пештің форсункалары сөндіріледі.

843. Қосарланған ақаулары бар құбырлы пештерді пайдалануға жол берілмейді. Қос көзді тетіктердің тығындарын тығыздауға арналған қысымдық бұрандамалар құбырлардағы қысым атмосфералық қысымға дейін төмендегеннен кейін ғана тартылады.

844. Жылу алмастырғыштарға арналған алаң гидравликалық ысырма арқылы өнеркәсіптік су бұру жүйесіне шығарыла отырып, науаға ағысы бар қатты жабынмен орындалады. Алаңша жанғыш өнімдерді шаюға арналған құралмен қамтамасыз етіледі.

845. Жылу алмастырғыштарды жанғыш сұйықтықтардан босату тек салқындағаннан кейін ғана жүргізіледі.

846. Ауамен салқындату аппараттары өрт болған жағдайда желдеткіштерді қашықтықтан ажыратумен жабдықталады.

847. Колонналық аппараттардың люктері үстіңгі жағынан бастап ашылады.

848. Технологиялық жабдықтың хабарлау қондырғыларын іске қосу қолмен немесе автоматты тәсілдермен қамтамасыз етіледі. Автоматты іске қосу кезінде қайталанатын қолмен іске қосу көзделеді.

3-тарау.

Қосалқы құрылғылар мен құрылыстарды ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

849. Құбыржолдар олармен тасымалданатын заттарға байланысты ажырату бояуымен, цифрлық белгілеумен және өнімнің қозғалыс бағытымен қамтамасыз етіледі.

850. Газ құбыры, өнім тасымалдайтын құбыр жарылған кезде авария ауданы дереу қоршалып, ескерту белгілері қойылып, көлік қозғалысы тоқталып, аварияны жою шаралары орындалады.

851. Жарылу, өртену қаупі бар орталарды айдауға арналған құбыржолдарда «камыттар» болған жағдайда, құбыржолдарды пайдалануға болмайды.

852. Төгіп-қюю эстакадалары осы Қағидалардың талаптарына сәйкес күтіп-ұсталады.

4-тарау.

Компрессорлық және сорап стансаларын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

853. Компрессорлар мен сораптардың технологиялық параметрлерін бақылау бойынша бұғаттағыш және дабыл беру құрылғылары жарамды күйде ұсталады.

854. Газ компрессорлары және олардың газ құбырларының барлық қосылыстары саңылаусыздық тұрғысынан үнемі тексеріліп отырады. Газдың кемуі байқалған жағдайда, газдың кемуін жұмыс істеп тұрған компрессорда жоюға болмайды.

855. Клапан қораптары мен әуе піспек компрессорлары майлы шөгінділер мен күйіктерден үнемі тазартылып отырады.

856. Жарық беру құрылғылары жұмыс істеп тұрған немесе электр

энергиясы авариялық сөндірілген кезде газ-компрессор стансаларында жарылыстан қорғалып орындалған аккумуляторлық шамдарды қолдануға болады.

857. Компрессорлық үй-жайда газбен ластану немесе өрт шығу қаупі төнгенде компрессорларды авариялық түрде тоқтатып, қысымды түсіріп, авария болған жерге газ жеткізу тоқтатылады.

858. Жалпы сыйымдылығы үш тәуліктік қордан аспайтын майға арналған ыдыстар өз бетімен сыртқа шығу жолы және компрессор бөлмесінен бөлек, өртке қарсы қабырғасы бар үй-жайға орналастырылады.

859. Компрессорлық және сорап стансаларының үй-жайларында желдеткіш құрылғылардың дұрыс және үздіксіз жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі.

860. Стационарлық компрессорлардың авариялық тоқтату түймелері компрессор залдары үй-жайларынан шығатын жерлерде, басқару пульттерінде орналастырылады.

861. Газ моторының тұтандырғыш білтесінің түйісуінде ұшқыны бар компрессордың жұмыс істеуіне болмайды.

862. Компрессорды іске қосқанда пайдаланылған өнімді шығару жүйесінде тұтану мен жарылыстарды болдырмау үшін пайдаланылған өнімді шығару жүйесін қысылған ауамен үрлегеннен кейін магнето қосылады және отын газы жеткізіледі.

863. Өрт, жарылыс қауіпті өнімдерді айдайтын сораптар, сораптармен бір рамада орналасқан электр қозғалтқыштарының жерге тұйықталғанына қарамастан, жерге тұйықталады.

864. Сораптарды үрлегенде шығарылатын өнім үй-жайдан тыс жерге, сұйық өнім – құбыр жолы арқылы арнайы ыдысқа, ал булар мен газдар шыраққа немесе бағанаға шығарылады.

865. Сораптармен жұмыс істегенде үйкелетін бөлшектерін, сондай-ақ сораптардың мойынтіректері мен тығыздамаларының температурасы үнемі бақыланады. Майлау материалдарын ағызып жіберуге және шашыратуға болмайды.

5-тарау.

Алау шаруашылығын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

866. Алау қашықтан жағылады, кезекші оттықтармен қамтамасыз етіледі.

867. Алаудың айналасындағы аумақ кемінде 50 метр радиуста қоршалады және сақтандырғыш белгілерімен көрсетіледі, сонымен қатар қоршалған аумақтың шөбі алынып тасталады.

868. Қоршалған алау аумағында құдықтар, шұңқырлар және басқа да ойықтар орнатуға болмайды.

869. Алау құбырына кіргізер алдында газ құбырларында қарауға және жөндеу жұмыстарын жүргізуге болатын от бөгеушілер орнатылады.

870. Жалпы алау жүйесіне:

1) жабдықты үрлегеннен кейін құрамында төменгі тұтану шегінен шоғырлануы 50 %-ға кем жанғыш газдары бар инертті газды;

2) аппараттар мен құбыржолдардан шығарылған ауаны, сондай-ақ таза инертті газды;

3) шіруге, қышқылдануға, полимерленуге, жылу бөлуге бейім және алау газ құбырының өткізу мүмкіндігін шектей алатын өнімдерді жіберуге болмайды.

7-тарау.

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

1-тарау.

Жалпы ережелер

871. Жарылыс қауіпті газ және бу-ауа концентрацияларын түзетін заттар мен материалдар қолданылатын, өндірілетін немесе сақталатын өндірістік және қойма үй-жайларында автоматты газ талдағыштар орнатылады.

872. Жабдық қалдықтары өндірістік үй-жайға шаң бөлінуін бол-

дырмайтын пневматикалық, механикалық құрылғылармен шығарылады.

873. Автономды желдеткіші және (немесе) қалдықтардың пневмокөлігі бар жабдықтың электр сызбасында негізгі жабдықты 2-5 секунд іске қосуға қатысты осы жүйелерді іске қосуды автоматты түрде басып озу және 25-30 секунд уақыт шамасында автоматты түрде ажырату көзделеді.

874. Шикізатты, жабдықты және материалдарды ғимараттарға жақын жерде сақтауға болмайды.

875. Шикізатты, жабдықты және материалдарды арнайы жабдықталған ашық алаңдарда немесе шатырлар астында сақтауға сақтау алаңдары мен ғимараттардың, құрылыстардың арасындағы аралықты сақтаған жағдайда рұқсат етіледі. Жанатын материалдардан жасалған, ауданы 1200 шаршы метрге дейінгі бөлек тұрған шатырларды салуға болады.

876. Аумақтарды көгалдандыру үшін гүлденген кезде ұлпа, талшықты заттар мен салбыраған тұқым бөлетін ағаштарды отырғызуға, сондай-ақ оларды өртке қарсы аралықтарға отырғызуға болмайды.

877. Өндіріс үй-жайлары үнемі тазалықта ұсталады және жабдықпен, шикізатпен және дайын өніммен шамадан тыс жүктелмейді, олар ауысымдық сұраныстан – өндірімнен, ал тәулік бойы істейтін өндірістік үдерісте – тәуліктік сұраныстан аспауы қажет.

878. Цех қоймалары үшін тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтарды, химикаттарды бір мезгілде сақтау саны тәулік (ауысым) нормалары шегінде белгіленеді.

879. Өндірісте қолданылатын жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтар саны тәуліктік (ауысымдық) қажеттіліктен аспайтын саңылаусыз металл ыдыста сақталады.

2-тарау.

Технологиялық жабдықты ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

880. Кәсіпорындарда негізгі цехтарға, учаскелер мен қондырғыларға арналған технологиялық және электр жабдығын тазалау гра-

фиктері әзірленеді.

881. Пайдаланылатын технологиялық жабдық күн сайын, шикізатты алғаш қайта өңдейтін цехтарда – ауысымда кемінде 1 рет, ал электр жабдығы, шамдар, электр өткізгіштері, техникалық өрттен қорғау құралдары, құрылыс конструкциялары, оның ішінде жабындар аптасына кемінде бір рет оларға отырған жанғыш шаңнан, ұлпадан тазартылуы қажет. Тазалау барысында шаң жинау құралдары, ылғалды тазалау, сығылған ауамен үрлеу қолданылады.

882. Технологиялық жабдықтың барлық жіктері мен қосылыстары, өндірістік және қойма үй-жайларындағы ауа өткізгіштер жанбайтын материалдармен тығыздалады.

883. Зығыр түткіш, иіру-дайындау, тоқыма дайындау, тоқыма және брақтау-өлшеу цехтарының жұмыс жайларында шаңның шекті мөлшерден артық шоғырлануына жол берілмейді.

3-тарау.

Ұшпалы еріткіштердің өрт-жарылыс қауіпті буларын адсорбциялау және рекуперациялау цехтарын ұстау кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі

884. Цехтардағы ұшпалы еріткіштерді пайдаланумен байланысты орындар жергілікті бу сору жүйелерімен жабдықталады, бу буды аулағыштарға жіберіледі.

885. Рекуперациялау қондырғысы ұшпалы еріткіштер буының жұмыс орындарынан үздіксіз және толықтай сорылуын қамтамасыз етеді.

886. Рекуперациялау станциясының нормаланатын қуаты болмаған кезде жаңа жұмыс орындарын, учаскелер мен цехтарды бу-ауа қоспасының желілеріне қосуға жол берілмейді.

887. Адсорберлерге түсетін бу, ауа қоспасының шоғырламасы бақыланып отырады. Бу, ауа желілерінің қоспаның неғұрлым өрт, жарылыс қауіпті заттарының тұтануының төменгі шоғырлану шегінен 50 %-ға жоғары ауланатын будың шоғырламасымен жұмыс істеуіне болмайды.

888. Цехтардан рекуперациялау станциясына бу, ауа қоспасы та-

сымалданатын желілер жарамды күйде ұсталады. Құбырлардың ішкі қабатын қатты жанғыш шөгінділермен немесе сұйық конденсатпен ластауға болмайлы. Бу, ауа қоспасынан қатты қоспаларды аулауға арналған сүзгіштер немесе циклондар жарамды күйде пайдаланылады және бекітілген кестеге сәйкес тазартылады. Конденсат түзілетін желі учаскелерінде жанбайтын материалдан жасалған жылытқыш пен конденсаттың ағып кетуі үшін еңіс болуға тиіс.

889. Бу, ауа қоспаларының желілері жоба шешімдерінің талаптарына сай келетін жарамды от бөгейіштермен қамтамасыз етіледі.

890. Желдеткіштер жұмысының авариялық режимінің дыбыс дабылы мен резервтік агрегаттарды автоматты іске қосу жүйесі жарамды күйде ұсталады және тексеріліп отырады.

891. Жарылыс, өрт қауіпті бу, ауа қоспасын атмосфераға лақтыруға арналған авариялық құбыр жарамды күйде ұсталады, тексеріліп отырады, найзағайдан қорғағышпен жабдықталады.

«Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 190 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2022 жылғы 12 тамыздағы № 22 бұйрығы

ҚР ИМ 2015 жылғы 6 наурыздағы №190 бұйрығына түсіндірме: «Азаматтық қорғау іс-шараларының орындалуы туралы есептің мазмұны бес есеге ұлғайтылды»

Түсіндірмені даярлаған «АҚ ҰО» АҚ-ның Вице-президенті - Енсебаев Б. К.



Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйым басшылары жыл сайын орналасқан жері бойынша ҚР ТЖМ аумақтық бөлімшесіне ұсынуға тиісті АҚ іс-шараларының орындалуы туралы есептің нысанының көлемі мен мазмұны жағынан өзгергенін білуі қажет. ҚР ТЖМ 2022 жылғы 12 тамыздағы №22 бұйрығымен «Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР ИМ 2015 жылғы 6 наурыздағы №190 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бұған дейін АҚ бойынша есептің бірыңғай нысаны бекітілген. Ол 14 тармақтан тұрған еді. Яғни, орталық және жергілікті атқарушы органдар, республикалық, облыстық және аудандық азаматтық қорғау қызметтері, АҚ бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуы туралы есептің бірыңғай нысанын толтыратын. Енді есептің мазмұны олардың маңыздылығы мен мақсатын ескере отырып, аталған басқару органдары мен ұйымдардың әрқайсысы үшін бөлек белгіленді.

Осылайша, азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар үшін есептің мазмұны 72 тармақтан тұрады.

№ р/с	Азаматтық қорғаныстың іс-шаралары	Орындау туралы ақпарат
1	Азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерді немесе жеке-леген қызметкерлерді құру туралы тиісті құжаттың болуы (бұйрық, қаулы, шешім)	Бар, құқықтық акт № ____, күні ____
2	Тиісті деңгейдегі азаматтық қорғаныс бастығы бекіткен азаматтық қорғаныс жоспарының болуы	Бар / жоқ
3	Азаматтық қорғаныс жоспарының құрылымы мен мазмұнының сәйкестігі	Сәйкес келеді / сәйкес келмейді
4	Азаматтық қорғаныстың тиісті бастығы бекіткен объектілік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының болуы	Бар / жоқ
5	Объектілік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының құрылымы мен мазмұнының сәйкестігі	Сәйкес келеді / сәйкес келмейді
6	Эвакуациялық комиссия құру туралы тиісті құжаттың (бұйрық, қаулы, шешім) болуы	Бар, құқықтық актісі № ____, күні ____ / жоқ
7	Эвакуациялық (эвакуациялық қабылдау) комиссиясының құрамын және ережесін бекіту туралы тиісті құжаттың (бұйрық, қаулы, шешім) болуы	Бар, құқықтық актісі № ____, күні ____ / жоқ

8	Құрама эвакуациялық пункттердің әкімшілігін тағайындау туралы тиісті құжаттың болуы	Бар, құқықтық актісі № ____, күні ____ / жоқ
9	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық жинау пунктін лауазымды адамдары міндеттерінің болуы	Бар / жоқ
10	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық жинау пунктін жеке құрамы тізімінің болуы, құлақтандыру тәртібі (мекенжайы, телефон нөмірі)	Бар / жоқ
11	Эвакуациялық жинау пунктінде азаматтық қорғаныстың тиісті бастығының эвакуациялық жинау пункттерін құру туралы құқықтық актісінен үзіндінің болуы	Бар / жоқ
12	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық пункттен жөнелтілетін байланыстары бар ұйымдар тізімінің, байланыстары бар эвакуациялық комиссиялар тізімінің (қалалық, аудандық), байланыстары бар көлікке отырғызу пункттері тізімінің болуы	Бар / жоқ
13	Эвакуациялық жинау пунктінде эвакуациялық жинау пункті аумағының схемасының (жоспарының) және олардың мақсаты бойынша үй-жайлардың болуы	Бар / жоқ
14	Эвакуациялық жинау пунктінде бекітілген жақын арадағы қорғаныш құрылыстарының тізбесінің болуы	Бар / жоқ
15	Эвакуациялық жинау пунктінде жинау эвакуациялау пунктінде қызмет көрсететін автоколонналардың келу және жөнелту графигінің болуы	Бар / жоқ
16	Эвакуациялық жинау пунктінде тасымалдауға арналған өтінім үлгісінің болуы	Бар / жоқ
17	Эвакуациялық жинау үлгісінде эвакуациялық куәліктің және оны беру туралы ақпараттың болуы	Бар / жоқ

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі

18	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары қорының болуы, оларды азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардың қызметкерлерін және халықты қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде қорғауға арналған жұмыс істеуге әзірлікте ұстау	Бар (саны) / жоқ
19	Паналайтын жер паспортының болуы (радиацияға қарсы жасырын пана)	Бар / жоқ
20	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын тексеру журналының болуы	Бар / жоқ
21	Паналайтын жер ішіндегі ауаның микроклиматы мен газ құрамының көрсеткішін тіркеу журналының болуы (радиацияға қарсы жасырын пана)	Бар / жоқ
22	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары жоспарының болуы	Бар / жоқ
23	Ұйымның бірінші басшысымен бекітілген азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын әзірлікке келтіру жоспарының болуы	Бар / жоқ
24	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының жабдықтары, құралдары және мүлкі тізбесінің болуы	Бар / жоқ
25	Қорғаныш құрылысында басқару органдары телефондарының тізімінің болуы	Бар / жоқ
26	Қорғаныш құрылысына қызмет көрсету жөніндегі топтың жеке құрамы тізімінің болуы	Бар / жоқ
27	Қорғаныш құрылысының тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің (желдеткіш, сумен жабдықтау, көріз, электрмен жабдықтау) пайдалану схемасының болуы	Бар / жоқ
28	Дизельді электр станциясына, қорғаныш құрылысының сүзгіш-желдету жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтың болуы	Бар / жоқ
29	Дизель электр станциясының қорғаныш құрылысының болуы, жарамды күйде ұсталуы	Бар / жоқ

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі

30	Қорғаныш құрылысын авариялық жарықтандырудың болуы, жарамды күйде ұсталуы	Жарамды / жарамсыз
31	Қорғаныш құрылысының сүзгі желдету жабдығының болуы, жарамды күйде ұсталуы	Жарамды / жарамсыз
32	Қорғаныш құрылыстарын сумен жабдықтаудың болуы, жарамды жағдайда ұсталуы	Жарамды / жарамсыз
33	Қорғаныш құрылысының көрізінің болуы, жарамды жағдайда ұсталуы	Жарамды / жарамсыз
34	Электрмен жабдықтаудың және қорғаныш құрылыстарының ажыратқыш құрылғыларының (сөндіру тұтқалары, шүмектер, бекіткіштер және басқалар) болуы, жарамды күйде ұсталуы	Жарамды / жарамсыз
35	Қорғаныш – герметикалық және герметикалық есіктердің, қақпақшалардың және қорғаныш құрылыстарының жарылысқа қарсы құрылғыларының болуы, жарамды күйде ұсталуы	Жарамды / жарамсыз
36	Көрнекі жерлерге азаматтық қорғаныстың құлақтандыру сигналдары, жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары, кіретін және шығатын жерлердің, дизельді электр станциясы мен сүзгіш-желдеткіш үй-жайлардың, санитариялық тораптардың, су тарату пункттерінің, санитариялық бекеттердің орналасқан орындарын көрсететін белгілердің болуы	Жарамды / жарамсыз
37	Қорғаныш құрылысының өртке қарсы құралдарын орнату орындарын жарықтандыру және белгілеудің болуы	Бар / жоқ
38	Азаматтық қорғаныс мүлкі қорларының талап етілетін мөлшерде болуы және оны әзірлікте ұстау, сондай-ақ жабдықталған қоймаларда орналастыру	Бар / жоқ
39	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларының болуы	Бар / жоқ
40	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларында тәулік бойы күзетудің болуы және жарамды күзет сигнализациясымен жабдықтау	Бар / жоқ

41	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларын түнгі уақытта жарамды жарықтандыру және аумақта қоршаудың болуы	Бар / жоқ
42	Қызметі азаматтық қорғаныс мүлкінің жай-күйіне теріс әсер етуі мүмкін кәсіпорындардан азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларының қауіпсіз қашықтығын сақтау	Сақталады / сақталмайды
43	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларының сыртқы және ішкі байланысын, күзет және өрт сигнализациясын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, телефондандыру жүйесінің болуы	Сақталады / сақталмайды
44	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларында жедел түсіру үшін тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру құралдарының болуы	Бар / жоқ
45	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларының кірме жолдарының жылдың кез-келген уақытында көліктің кедергісіз өтуіне әзір күйінде болуы	Дайын/дайын емес
46	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайының реттік нөмірінің болуы	Бар / жоқ
47	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларында ауаның температурасы мен салыстырмалы ылғалдығын өлшеуге арналған аспаптардың (термометрлер, гигрометрлер немесе психрометрлер) болуы	Бар / жоқ
48	Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайларындағы ауаның температуралық режимі мен ылғалдылығын сақтау	Сақталады / сақталмайды
49	Қоймада бақылау-өткізу пунктінің болуы	Бар / жоқ
50	Қоймада азаматтық қорғаныс мүлкінің болуын есепке алу жөніндегі карточканың болуы	Бар / жоқ
51	Тиісті жылдың 1 қаңтарына және 1 шілдесіне жағдайы бойынша бухгалтерлік және қойма есебін салыстырып тексеру актісінің болуы	Бар / жоқ

52	Азаматтық қорғаныс мүлкінің техникалық (сапалық) жай-күйі актісінің, паспортының, зертханалық қорытындыны сақтаудың шекті мерзімдерінің аяқталғанын растайтын, сондай-ақ сақтаудың шекті мерзімі аяқталмаған жағдайда нормативтік көрсеткіштерден ауытқулардың болуы туралы журналдың болуы	Бар / жоқ
53	Азаматтық қорғаныс мүлкін есептен шығару актісінің болуы	Бар / жоқ
54	Азаматтық қорғаныс мүлкін кәдеге жаратуға беру актісінің болуы	Бар / жоқ
55	Ықтимал радиациялық, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) ластану (жұқтыру) аймақтарының шекараларындағы аумақтарда тұратын және жұмыс істейтін халық үшін бейбіт және соғыс уақытында қорғауды қамтамасыз ету үшін жеке қорғану құралдарының болуы	Бар / жоқ
56	Жеке қорғану құралдарына қосымша патрондардың болуы	Бар / жоқ
57	Радиациялық және химиялық барлау, дозиметриялық бақылау аспаптарының және олардың тиесілігін растайтын тиісті құжаттардың болуы	Бар / жоқ
58	Ұйымда азаматтық қорғаудың объектілік құралымдарын құру туралы ұйым басшысының құқықтық актісінің болуы	Бар / жоқ
59	Азаматтық қорғау құралымдарының автомобиль, инженерлік (арнайы) және басқа техникасының болуы	Бар / жоқ
60	Азаматтық қорғау құралымдары жабдықтарының, құрал-жабдықтарының, құрал-саймандарының болуы	Бар / жоқ
61	Азаматтық қорғау құралымының әрбір мүшесіне тыныс алу органдарын қорғау құралдарының болуы	Бар / жоқ
62	Азаматтық қорғаныстың с-шараларын ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын адамдардың уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде оқытудан өткені туралы сертификаттарының болуы	Бар / жоқ

63	Талап етілетін, жарамды құлақтандыру жүйесінің, оның ішінде локалды құлақтандыру жүйесінің болуы	Бар / жоқ
64	Уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесімен келісілген, бекітілген құлақтандыру схемасының болуы	Бар / жоқ
65	Радиоактивтік, химиялық, биологиялық зақымдануды (ластануды) уақтылы анықтау және индикациялау үшін азаматтық қорғанысты қадағалау және зертханалық бақылау желісінің болуы	Бар / жоқ
66	Азаматтық қорғау бойынша сабақтар өткізуге арналған құралдар жиынтығының және азаматтық қорғау бойынша бұрыштың болуы	Бар / жоқ
67	Әрбір әкімшілік және өндірістік ғимаратта көп бейінді кабинеттің немесе бір-бірден азаматтық қорғау бұрышының болуы	Бар / жоқ
68	Ұйым басшысы бекіткен оқу топтары, сабақ жетекшілері тізімінің және сабақ өткізу кестесінің болуы	Бар / жоқ
69	Азаматтық қорғау саласында өткізілетін сабақтарды есепке алу журналының болуы	Бар / жоқ
70	Ұйым қызметкерлерінің азаматтық қорғау саласында оқытудан өткені туралы анықтамаларының болуы	Бар / жоқ
71	Азаматтық қорғау саласында уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ұйымдастырушылық құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, азаматтық қорғау саласында оқу-жаттығулар мен жаттығуларды өткізу туралы ұсынылған ақпараттың болуы	Бар / жоқ
72	Азаматтық қорғаудың негізгі құралымдарының, оның ішінде шұғыл ден қою жасағының құрамына кіретін және авариялық-күтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ететін құралымдардың әзірлігі	Бар / жоқ

Бұл ретте есепті ұсыну мерзімдері өзгеріссіз қалды, яғни есепті жыл сайын 10 қарашаға дейін ұсыну қажет.

Осы жылдан бастап есеп беру нысаны ғана емес, азаматтық қорғаныс жоспарларын қайта өңдеу мерзімі де өзгерді. Енді АҚ

жоспарын қайта өңдеу тиісті азаматтық қорғаныс бастықтарының өкімдері негізінде кемінде бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын тексеру кезінде азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысын әзірлікке келтіру жоспарының болуы тексеріледі.

Эвакуациялық іс-шараларды жоспарлаудың негізгі деректеріне екі жаңа есеп енгізілген, олар:

- эвакуацияланатын халықтың жеке көлігін ескере отырып, эвакуациялық тасымалдауға тартылатын көлік мүмкіндігі;

- ықтимал жағдайды есепке ала отырып, көлік ағынын реттеу мүмкіндігі.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІГІ

-М-

Магистральдық газ құбыры – тасымалданатын газдың қысымын арттыруды және төмендетуді қамтамасыз ететін бір немесе бірнеше газ құбырынан (желілік бөліктен) және олармен ұштасып жатқан объектілерден, телебасқару, байланыс құралдарынан және өзге де коммуникациялардан тұратын, тауарлық газды тасымалдауға арналған инженерлік құрылыс. Магистральдық газ құбыры объектілерінің құрамы жобалық құжаттамада және техникалық регламенттер талаптарында айқындалады;

Магистральдық байланыс жолы - Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің телекоммуникация желілерінің аймақтық (қалааралық) және (немесе) халықаралық коммутация станцияларын жалғайтын жерүсті (кәбілдік, оның ішінде талшықты-оптикалық, радиорелелік) немесе спутниктік байланыс жолы;

Мал қорымы (биотермиялық шұңқыр) – эпизоотиядан өлген немесе таралуының алдын алу мақсатында сойылған ауыл шаруашылығы және үй жануарларының өлекселерін ұзақ мерзімді сақтауға арналған орын. Сібір жарасы көмінділері қорғау мен есепке алудың ерекше мәртебесіне ие;

Мақсатты қолданылатын өрт автомобильдері - мұнай базаларында, ағаш өңдеуші, химиялық, мұнай-химия, мұнай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында, әуежайларда және өзге арнайы объектілерде өрттерді өшіруге арналған автомобильдер;

Маңыздылығы ең аз белсенділік – иондаушы сәулелену көзі артқан кезде есепке алуға және бақылауға жататын ашық немесе жабық иондаушы сәулелену көзінің белсенділігі;

Маңыздылығы ең аз үлесті белсенділік (бұдан әрі – МАҮБ) – иондаушы сәулелену көзі артқан кезде есепке алуға және бақылауға жататын ашық иондаушы сәулелену көзінің үлестік белсенділігі. Жабық сәулелену көздері үшін олармен жұмыс істеуге рұқсат алу

қажеттілігі туралы шешім МАБ есепке алынбастан, оның белсенділігін МАҮБ-пен салыстыру жолымен айқындалады. МАҮБ өлшем бірлігі граммға беккерель Бк/г;

Материалдық құндылықтар – мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның алдына қойылған міндеттерді қамтамасыз ету үшін қажетті, белгілі бір номенклатура мен сақтау көлеміндегі тауарлар;

Материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервке салу – материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервте сақтау үшін қабылдап алу;

Машина - кем дегенде біреуі қозғала алатын өзара байланысты компоненттерден тұратын, энергияны, материалдар мен ақпаратты түрлендіруге арналған техникалық құрылғы немесе құрылғылар жиынтығы;

Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі - адам өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келуіне байланысты жол беруге болмайтын қатердің жоқтығы;

Мәліметтерді құпиясыздандыру - мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мүдделерін көздеп, мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді таратуға және олардың көздеріне рұқсат етуге белгіленген шектеулерді алып тастау жөніндегі шаралардың жиынтығы;

Медициналық қалдықтарды қауіпсіз жинауға және кәдеге жаратуға арналған контейнер (бұдан әрі – ҚЖКЖК) – өткір және үшкір медициналық қалдықтарды жинауға және қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған су өткізбейтін және тесілмейтін, бір рет қолданылатын сыйымдылықтар;

Медицина қызметкері - кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

Медициналық авиация - әуе көлігін тарта отырып, халыққа шұғыл нысанда жедел медициналық көмек беру;

Медициналық ақпарат - медициналық көмек көрсету процесінде туындайтын және медициналық құжаттар мен медициналық ақпараттық жүйелерде көрсетілген пациенттер мен аурулар туралы ақпарат, сондай-ақ денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі

ақпарат;

Медициналық араласу - алдын алу, профилактика, диагностика, емдеу, оңалту, зерттеу мақсатында пациенттерге медициналық көмек көрсету кезінде медицина қызметкері орындайтын және денсаулықты қалпына келтіруге немесе жақсартуға бағытталған тікелей немесе жанама әсер ету және (немесе) өзге де манипуляция;

Медициналық-әлеуметтік көмек - бұл тізбесін уәкілетті орган айқындайтын әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдарға көрсетілетін медициналық және әлеуметтік-психологиялық көмек;

Медициналық-әлеуметтік оңалту - жұмысқа араластыруға, отбасылық және қоғамдық өмірге қатыстыруға арналған медициналық, әлеуметтік және еңбек іс-шараларын пайдалана отырып, науқастар мен мүгедектердің денсаулығын қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешені;

Медициналық-биологиялық эксперимент - жай-күйдің пайда болу немесе аурудың даму себептерін, жағдайлары мен тетіктерін анықтау, емдеу және профилактика әдістерін әзірлеу үшін эксперименттік (зертханалық) жануарларға зерделенетін жай-күйдің немесе аурудың құрылымдық-функционалдық кешенін оңайлатылған нысанда жаңғыртуға (модельдеуге) негізделген зерттеу;

Медициналық бұйымдар - медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника;

Медициналық бұйымдардың айналысы - тәжірибелік үлгілерді жобалау, әзірлеу, жасау, медициналық бұйымдарға техникалық сынақтар, олардың биологиялық әсерін бағалауды зерттеулер (сынақтар), медициналық бұйымдарға клиникалық зерттеулер, олардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне сараптама жүргізу, медициналық бұйымдарды тіркеу, өндіру (дайындау), сақтау, тасымалдау, өткізу, монтаждау, жөнге келтіру, қолдану (пайдалану), оларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және кәдеге жарату;

Медициналық бұйымдардың биологиялық әсерін бағалауды зерттеулер (сынақтар) - медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен тиімділігінің жалпы талаптарына, олардың таңбалануына және оларға арналған пайдалану құжаттамасына қойылатын талаптарға

медициналық бұйымдардың сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілетін зерттеулер (сынақтар);

Медициналық бұйымдардың жаһандық номенклатурасы (GMDN) - медициналық бұйымдарды сәйкестендіру мақсатында қолданылатын, медициналық бұйымдар түрлерінің жүйеленген номенклатуралық сыныптаушы;

Медициналық бұйымдардың түрі - Қазақстан Республикасының медициналық бұйымдар номенклатурасында мақсаты ұқсас, қолданылу технологиялары бірдей, конструкциялық белгілері және ортақ цифрлық белгілемесі бар медициналық бұйымдар тобы;

Медициналық бұйымның қауіпсіздігі - медициналық бұйымды пайдалану кезінде адамның өміріне, денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтірумен байланысты жол берілмейтін тәуекелдің болмауы;

Медициналық бұйымның сапасы - медициналық бұйымның қасиеттері мен сипаттамалары жиынтығының оны пайдалануға арналған мақсаттарға сәйкестік дәрежесі;

Медициналық бұйымның саудалық атауы - медициналық бұйымның тіркелетін атауы;

Медициналық бұйымның тиімділігі - медициналық бұйымды өндіруші белгілеген және оны пайдалану практикасымен расталған, мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін медициналық бұйымның қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы;

Медициналық көмектің сапасы - көрсетілетін медициналық көмектің медициналық көмек көрсету стандарттарына сәйкестік деңгейі;

Медициналық куәландыру - жеке тұлғаны оның ауруы болу немесе болмау фактісін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын айқындау мақсатында зерттеп-қарау;

Медициналық қызмет - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім алған жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметі;

Медициналық мақсаттағы бұйымдар - функционалдық мақ-

сатына және өндірушінің нұсқаулығына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін пайдаланылатын материалдар, бұйымдар, ерітінділер, реагенттер, жиынтықтар, жинақтар;

Медициналық оңалту - пациент организмнің функцияларын сақтауға, бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

Медициналық пойыздар - теміржол станцияларының (жолдарының) жанында және оларға жақын орналасқан аумақтарда тұратын халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету және тізбесін кеңейту үшін пайдаланылатын қажетті медициналық жабдықпен жарактандырылған теміржол көлігіндегі мобильді клиникалар;

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек - адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді қамтитын халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

Медициналық техника - функционалдық мақсатына және өндіруші белгілеген пайдалану сипаттамаларына сәйкес медициналық көмек көрсету үшін жеке немесе өзара үйлесімде қолданылатын аппараттар, аспаптар, жабдық, кешендер, жүйелер;

Медициналық ұйым - негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

Медициналық эвакуация кезеңдері – заппап шеккендерді қабылдау, сұрыптауға, белгілі бір медициналық көмек көрсету үшін, одан әрі эвакуациялауға дайында мақсатқа арналған медициналық эвакуация бағыттарында құрылатын денсаулық сақтаудың күштері мен құралдары;

Мейіргерлік күтім - денсаулықты насихаттауды, аурулардың профилактикасын және науқастардың, мүгедектер мен хал үстіндегі адамдардың күтімін қамтитын, барлық жастағы, топтар мен қоғамдастықтардың адамдарына, науқастарға немесе сау адамдарға мейіргерлер және кеңейтілген практиканың мейіргерлері көрсететін медициналық қызметтер кешені;

Медициналық сәулелену – медициналық тексеру немесе емдеу кезіндегі пациенттердің сәулеленуі;

Мемлекеттік бақылау - бақылау және қадағалау органының тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру және байқау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша жедел ден қоюсыз құқық шектеуші сипаттағы шаралар қолданылуы мүмкін;

Мемлекеттің әскери ұйымы – бірлескен қызметі Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешеннің жиынтығы;

Мемлекеттің әскери әлеуеті - мемлекеттің әскери қуатын қалыптастыру және өрістету, әскери ұйымын құру және ұстау, қарулы күрес жүргізу үшін жұмылдырылуы және пайдаланылуы мүмкін оның барынша мүмкіндіктері;

Меланхолик - адам мінез-құлқының бір түрі, ең қауіпті тұлға, өйткені ол көбінесе үрей туғызатын адам;

Мемлекеттік қадағалау - бақылау және қадағалау органының өз қызметін жүзеге асыру барысында жедел ден қою шараларын қолдану құқығымен Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын қадағалау субъектілерінің сақтауын тексеру, профилактика жүргізу және байқау жөніндегі қызметі, оның нәтижелері бойынша әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін;

Мемлекеттік материалдық резерв – жұмылдыру мұқтажына, төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдануға, нарыққа реттеушілік ықпал етуге, босқындарға көмек көрсетуге және гуманитарлық көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар запасы;

Мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау – өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының талаптарын тексерілетін субъектілердің сақтауын тексеру және

байқау жөніндегі қызметі, оның нәтижелері бойынша жедел ден қоюсыз құқық шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін;

Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс – мемлекетте қорғаныс мұқтаждары, қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметі, мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру, ғарыш қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар мен міндеттемелерді орындауы үшін сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарлардың (өнімдердің), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарлардың (өнімдердің), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтердің тізбесін (номенклатурасын) бекітетін Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтық актісі;

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет – өрттердің алдын алу және оларды сөндіруге ұйымдастыруға, авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге, өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға және өрттерге байланысты қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізуге арналған облыстарда, республикалық маңызы бар қалалардағы азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы;

Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды қарызға беру – номенклатурасы мен сақтау көлемдеріне сәйкес мемлекеттік резервке кейіннен қайтара отырып, белгілі бір шарттармен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару;

Мемлекеттік органның жұмылдыру жоспары – жұмылдыру тапсырмасын орындау үшін мемлекеттік органның іс-шараларды жүзеге асыру мазмұнын, көлемін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайтын құжаттар жиынтығы;

Мемлекеттік сараптама ұйымы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және объектілердің құрылыс жобаларының (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптамасын жүргізу,

құрылыс жобаларының мемлекеттік банкін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ құрылыс жобаларының мемлекеттік банкінен техникалық-экономикалық негіздемелерді, үлгілік жобаларды және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын беру жөніндегі мемлекеттік монополияға жатқызылған қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Мелиорацияланған жерлер - мелиорациялық (агроорман-мелиорациялық, агротехникалық, гидромелиорациялық, химиялық) іс-шаралар жүргізілген жерлер;

Мекен-жай өрт хабарлағышы - адрестік қабылдау-бақылау аспабына өрт туралы хабарламамен бірге өз мекенжайының өрт қорғаныс беретін өрт хабарлағышы.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет – ұйымдардағы, елді мекендердегі және объектілердегі өрттердің алдын алу және сөндіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттаудан өткен заңды тұлғалар;

Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері – ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар геологиялық, гидрогеологиялық, гидрологиялық, зоологиялық, ботаникалық және ландшафттық объектілер мен олардың кешендері, мемлекеттік орман қорының ерекше бағалы екепелері, сулы-батпақты алқаптар, негізгі орнитологиялық аумақтар, бірегей табиғи су объектілері немесе олардың учаскелері, өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлері, өсімдіктер дүниесінің бірегей жеке-дара объектілері;

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының номенклатурасы және сақтау көлемдері – мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның алдына қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі мен көлемдері;

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын өткізу - материалдық құндылықтарды тиеу мен түсіруді қоса алғанда, материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтаудың

бір пунктiнен басқа пунктке тасымалдау;

Мемлекеттік құпия - жарияланған немесе жоғалған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін әскери, экономикалық, саяси және өзге де сипаттағы мәліметтер;

Мемлекеттік құпиялар - таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздістірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер;

Металл сынықтарының радиоактивті ластануы – радиациялық қауіпсіздіктің гигиеналық нормативтерімен белгіленген мәндерден асатын, ішінде радионуклидтер бар немесе олармен ластанған металл сынығының бөлек фрагменті;

Метеорологиялық құбылыс – адамдардың, ауыл шаруашылық жануарлары мен өсімдіктерге, экономика объектілері мен қоршаған табиғи ортаға зақымдайтын әсер тудыратын немесе тудыруы мүмкін атмосферада әртүрлі табиғи факторлардың немесе олардың үйлесімі әсерінен туындайтын табиғи процестер мен құбылыстар;

Метрополитен – көліктің өзге түрлерінің желілерінен және жаяу жүргіншілердің оларға өту жолынан оқшауланған (бөлінген, бір деңгейдегі қиылыстары жоқ) жолдар бойынша жолаушылар мен багажды әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын қалалық рельстік көлік түрі;

Механикаландырылған қол өрт аспабы - пневмо-, электро- немесе мотожетекті соққылау, басу-айналдыру және (немесе) айналдыру әрекетінің қол өрт аспабы;

Механикалық күресу әдісі - пестицидтерді (улы химикаттарды) қолданбастан, инфекциялық аурулар қоздырғыштарының таратушылары мен тасымалдаушыларын жоюдың агротехникалық іс-шараларын, механикалық құрылғыларды, жабысқақ массаларды және басқа да тәсілдерді пайдалану;

Микрокәсіпкерлік субъектілері - жұмыскерлерінің жылдық ор-

таша саны он бес адамнан аспайтын немесе жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің отыз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілер;

Модульдік өрт сөндіру қондырғысы - өрт сөндіргіш зат құйылған сыйымдылықты орналастыруды және тікелей қорғалатын ғимаратта іске қосу құрылғысын қарастыратын құбыржолылық өрт сөндіргіш автомат қондырғы;

Модульдік типтегі ұнтақты өрт сөндіру қондырғысы (ұнтақты импульсті модульдер) - онда сақтау, беру қызметтері мен 0,2 с артық емес уақыт ішінде өрт сөндіргіш ұнтақты шығару мен таратуды бақылау құрылғысының командалық импульсі бойынша жүзеге асырылатын бекіту-шығару қызметтері біріктірілген ұнтақты өрт сөндіргіштің импульсті қондырғысының атқарушы құрылғысы;

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін, мемлекет белгілейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы;

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтер тұтынушыларға ұсынылатын медициналық көмек көлемі;

Мөлшер - организмге түскен немесе енгізілген заттың саны немесе қандай да бір фактордың қарқындылығын есепке ала отырып, оның организмге ұзақ әсер етуі;

Мұнай-газ кешені объектілерінің өндірістік қалдықтары – технологиялық жабдықтарды жөндеу және тазарту барысында алынған тұзды түзілімдер мен шлам, технологиялық жабдықтар мен құрылғылардың тағайындалуы бойынша одан әрі қолдануға

жатпайтын элементтері, мұнай-газ кешені кәсіпорындарының өндірістік қызметі процесінде табиғи радионуклидтер жинақталуы мүмкін топырақ және жер;

-О-

Оба (лат. pestis – кенеттен басып кіру) – аса қауіпті зоонозды табиғи ошақты карантиндік жұқпалы ауру. Обаның өкпелік, ішектік, тері-бубондық, септикалық түрлері болады. Себебі *Yersinia pestis*, бактериялық тобына жататын табиғи - ошақты жұқпалы ауру; адамға жанасу, ауа - тамшы және алиментарлық жолмен жұғады, сонымен қатар тасымалдаушылар - бүргелер арқылы жұғады карантиндік инфекцияға жатады.

Табиғатта түрлі кемірушілер арқылы таралады. Адамдарға кемірушілерден, не бүргелерден жұғады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қорғаныс кеңесі – соғыс жағдайы кезеңіне құрылатын және әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және арнаулы құралымдарға мемлекет қорғанысы мүдделерінде басшылықты жүзеге асыратын әскери басқару органы.

Облыстық маңызы бар автомобиль жолдары - республиканың әкімшілік орталықтарын облыс және аудан орталықтарымен, сондай-ақ аудан орталықтарын республикалық маңызы бар жолдармен жалғастыратын автомобиль жолдары.

Обсервация - оқшаулау, шығу мен кіруге және қауіпті деп жарияланған аумақтағы адамдардаң қарым – қатынас жасауын шектеуге, медициналық бақылауды күшейтуге, жайылудың алдын алу мен инфекциялық ауруларды жоюға бағытталған шектеулі іс – шаралардың жүйесі;

Объект – азаматтық қорғау саласындағы талаптар белгіленген немесе белгіленуі тиіс, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкі, мемлекеттік мүлік, оның ішінде үйлер, ғимараттар, құрылыстар, технологиялық қондырғылар, жабдық, агрегаттар және өзге де мүлік;

Объектінің бас жоспары - құрылыс объектiсi (үй, ғимарат, ке-

шен) жобасының оны аумаққа (учаскеге) орналастыру, көлік коммуникацияларын, инженерлік желілерді төсеу (жүргізу), учаскені инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, шаруашылық қызметін көрсетуді ұйымдастыру мәселелерін және жобаланып отырған объектінің орналасатын жеріне байланысты өзге де іс-шараларды кешенді шешу қамтылатын бөлігі;

Объектінің қауіптілік сыныбы – қоршаған ортаға бөлінетін ластайтын заттардың, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына қолайсыз әсер ететін пайда болатын шудың, дiрiлдiң, иондалмайтын сәуленің қуатына, пайдалану жағдайына, сипатына және мөлшеріне байланысты белгіленетін, объектінің санаты;

Объектінің өрт қауіпсіздігі – өрттің пайда болуы және дамуының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының адам және материалдық құндылықтарға әсерін алдын алу мүмкіндігін сипаттайтын объектінің жай-күйі;

Объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі – өрттің алдын алу және объектіге одан келетін шығысты азайтуға бағытталған ұйымдастыру шаралары мен техникалық құралдар кешені;

Оңтайландыру қазидаты (радиация) - иондаушы сәулелендірудің кез келген көзін пайдалану кезінде сәулеленудің жеке дозалары мен сәулеленетін адамдар санының экономикалық және әлеуметтік факторларын ескере отырып, мүмкіндігінше төмен және қолжетімді деңгейде ұстап тұру;

Оқ-дәрілер – жанды күшке, техникалар мен инфрақұрылым объектілеріне зақым келтіруге, құрылыстарды (бекіністерді) бұзуға тікелей арналған қару-жарактың құрамдастары, сондай-ақ көрсетілген құрамдастарды имитациялайтын құралдар;

Оқпаншының орны – өрт сөндіру бойынша міндеттерді орындау кезінде оқпаншының орналасқан орындары;

Оқыс оқиға – аварияға алып келмеген, қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың істен шығуы немесе бүлінуі, технологиялық процесті жүргізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін параметрлерден ауытқу;

Оқшаулаушы газқағар - тыныс алу үшін жарамсыз атмосферада жұмыс істеу кезінде және өрт сөндіру кезінде пайдаланылатын

адамның тыныс алу, көру органдарын қорғауға арналған аппарат;

Оптикалық өрт хабарлағыш - хабарлаушының электромагниттік сәулеленуді жұлуы немесе таратуына қарай жану өнімдерінің әсері нәтижесінде іске қосылатын түгіндік өрт хабарлағышы;

Отырылма - тау жыныстарының желге мүжілу есебінен олардың байланысының, жер үсті және жер асты сулары қызметінің әлсіреуінен туындайтын құлама және тік жарға тау жынысының үлкен массасының, өзен алқабы мен теңіз жағалауына бөлініп, құлауы;

Орман – ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің жиынтығы негізінде белгілі бір аумақта қалыптасатын, қоршаған ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен;

Орман аурулары – қоршаған ортаның қолайсыз факторларынан немесе ауру өсімдіктерден сау өсімдіктерге берілетін организмдерден туындайтын және өсімдіктер құрылысының өзгеруіне немесе олардың құрып кетуіне әкеп соқтыратын патологиялық процестер;

Орман қарау аймағы – орманшылық аумағын күзету үшін бір орманшыға бекітіліп берілетін, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен айқындалатын орманшылық аумағының бір бөлігі;

Орман өрт сөндіру станциясы – орман өрттерінің алдын алу және оларды уақтылы жою жөніндегі шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ететін өртке қарсы қызмет пен техниканы орналастыруға арналған мемлекеттік орман иеленушінің объектісі;

Орман шаруашылығы – орман қорын күзету және қорғау, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман пайдалануды реттеу және оның жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі іс-шараларды қамтитын орман қорын зерттеу және оның есебін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын экономика саласы;

Орманды молықтыру – орман ағаштарын отырғызуға немесе орманды күтіп-баптау және оны сауықтыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, бұрынғы орманды алаңдарды табиғи түрде қайта жаңғыртуға ықпал ететін шаралар жүргізу;

Орта кәсіпкерлік субъектілері - кәсіпкерлікті жүзеге асыра-

тын, шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

Орташа қарқынды әскери қақтығыс - әскери қақтығыс, оны шешу үшін мемлекеттің әскери әлеуеті жеткілікті;

Орташа еселіктегі көбік генераторы (көбік генераторы) – орта еселіктегі ауа-механикалық көбікті көбіктендіргіштің су ерітіндісінен алуға және оны өрт ошағына беруге арналған құрылғы;

Орын – өртте адамдардың мен мүлікті құтқару, өртсөндіргіш заттарды беру, арнайы жұмыстарды орындау бойынша іс-қимылдарды тікелей жүргізуді жүзеге асыратын өртке қарсы қызмет күштері мен құралдарының орналасу орындары;

Отбасылық дәрігер – отбасы мүшелеріне медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету бойынша арнайы көпбейінді даярлықтан өткен және денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты бар дәрігер;



Өзендерге теңестірілген каналдар - суды бір бассейннен екіншісіне, сондай-ақ бір өзен жүйесінен екіншісіне ауыстыруға арналған жасанды құрылыстар;

Өзін-өзі құтқарғыш - адамның жанып жатқан ғимарат, үймерет, өндірістік объектілерден шығуы үшін қажетті уақыт ішінде өрттің қауіпті факторларынан тыныс алу және көру органдарын жеке қорғауға арналған құрал;

Өліммен аяқталатын мөлшер - зиянды заттың ең аз саны немесе оның организмге әсер етуі, түсуі немесе әсер етуі соңының жойылуына әкеледі;

Өндірістік объектілер – өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығына арналған, оның ішінде қоймалар, инженерлік және көлік инфрақұрылыс (теміржол, автомобиль, өзен, әуе және құбыржол көлігі), байланыс объектілері;

Өндірістік объект – өнімді шығарумен, жұмыстарды орындау

мен және қызмет көрсетумен байланысты шаруашылық қызмет объектісі, олар тіршілік ету ортасына және адамның денсаулығына әсер ету көздері болып табылатын процесстерді, жабдықты және технологияны пайдалана отырып жүзеге асырылады;

Өнеркәсіптік қауіпсіздік – жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінен қорғалу жай-күйі;

Өндірістік жсарақат – жұмыскердің еңбек міндеттерін орындау кезінде алған, оның еңбекке қабілеттіліктен айырылуына әкеп соққан денсаулығының зақымдануы;

Өндірістік санитария – зиянды өндірістік факторлардың жұмыскерлерге әсерін болғызбайтын немесе азайтатын санитариялық-гигиеналық, ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар жүйесі;

Өндірістік сәулелену – жұмыскерлердің өндірістік қызмет барысында барлық техногендік және табиғи иондаушы сәулелену көздерінен сәулеленуі;

Өнеркәсіптік жерасты сулары – құрамындағы пайдалы қазбаларды (сирек кездесетін элементтер, галогендер және басқалар) айырып алу үшін пайдаланылатын жерасты сулары;

Өндірістік-техникалық жерасты сулары - өзінің сапасы мен физикалық қасиеттері бойынша өндірістік-техникалық сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты сулары;

Өндірістік мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстар -технологиялық жабдықты пайдаланатын және адамдардың еңбегі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірістері орналастырылған өндірістік объектілер;

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына арналған аттестат – уәкілетті орган беретін, заңды тұлғаның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды орындау құқығын куәландыратын құжат;

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды орындауға заңды тұлғаның

құқықтылығы уәкілетті органның ресми тануы;

Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары – өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген техникалық және (немесе) әлеуметтік сипаттағы арнайы шарттар;

Өнімнің және процесстердің қауіпсіздігі - қауіпті фактордың іске асу ықтималдығы мен оның зардаптарының ауырлық деңгейінің ұштасуын ескере отырып, адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтіруіне байланысты жол берілмейтін қауіп-қатердің болмауы;

Өңірлік электр желілік компания – энергия өндіруші ұйыммен және (немесе) ұлттық электр желісімен тікелей технологиялық байланысы бар, кернеуі төрт сыныптан (220, 110, 35, 20, 10 (6), 0,4 киловольт) кем емес электр берудің кабельдік немесе әуе желілерін иеленетін, өңірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын және кемінде 10 000 қосылған тұтынушысы бар энергия беруші ұйым;

Өрт – адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, зиян келтіретін, жеке және заңды тұлғаларға, қоғам мен мемлекет мүдделеріне материалдық нұқсан келтіретін бақылаусыз жану;

Өзін-өзі құтқарғыш - адамның жанып жатқан ғимарат, үймерет, өндірістік объектілерден шығуы үшін қажетті уақыт ішінде өрттің қауіпті факторларынан тыныс алу және көру органдарын жеке қорғауға арналған құрал;

Өрескел абайсыздық – жұмыскердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларын және өз денсаулығының қауіпсіздігін бұзуға ықпал ететін әрекеттері;

Өрт бағанасы - өрт сөндіретін ағынды қалыптастырып бағыттауға арналған арынды желі шетінде орнатылатын құрылғы;

Өрт бағаны - су алу үшін өрт гидрантына орнатылатын алынбалы құрылғы;

Өрт балтасы - ғимарат пен ұймараттың жеңіл құрастырым элементтерін бұзуға, сондай-ақ төбе, есік және терезелерді ашуға арналған аспап;

Өрт басы-бітеме (бас-бітеме) - өрт қосқыш бастарын жабуға

арналған арқаулық;

Өрт белдігі — өрт сөндірушілерді биіктікте жұмыс істеу кезінде өзін өзі сақтауға және сақтандыруға арналған белдік;

Өрт белдік қарабині (өрт қарабині) - өрт сөндірушіні биіктікте жұмыс істеген кезде, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізу үшін және өрт сөндіру кезінде өзін өзі қорғау үшін бекіту және сақтандыруға арналған құрылғы;

Өрт бөлігі – өрттің ықтимал ауданын шектеу және оны жоюға арналған жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында өртке қарсы аралықтармен (қабырғалармен, аймақтармен, қалқалармен және негзделген кезде басқа да тосқауылдармен) бөлінген ғимараттың бөлігі;

Өрт газ хабарлағышы - өрт кезінде бөлінетін газдарға ден қоятын өрт хабарлағышы.

Өрт гидроэлеваторы - суды су көзінен сорғылар соруының баярына жоғары биіктігінен асатын деңгеймен алуға, сондай-ақ өрт сөндіру кезінде төгілген суды үй-жайлардан шығаруға арналған арқаулық;

Өрт гидранты — суды өрт сөндіру үшін сукдұбыры желісінен алуға арналған құрылғы;

Өрт диагностикалық автозертханасы - өрт зерттеуге арналған құралдармен жабдықталған автомобиль;

Өрт дренажлік суландырғыш - көбік түзу су ерітіндісінен шашыраңқы суды немесе ауа-механикалық көбікті алуға және олардың өртті сөндіру немесе оның жайылмауы мақсатында қорғалатын алаң бойынша таралуына арналған ашық шығу тесігі бар су немесе көбік өрт сөндіру қондырғыларының суландырғышы;

Өрт дулығысы - өрт сөндірушінің басын, мойны мен бетін өрт сөндіру кезінде және онымен байланысты бірінші кезектегі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізумен байланысты жемірлі орта, судың термикалық және механикалық әсер етулерінен қорғауға арналған жеке құрал;

Өртең – екпе ағашын өрт жойып жіберген, ал жаңа түптері әлі көтеріле қоймаған орман алқабы;

Өрт жабдығы - өрт сөндіру коммуникациялары құрамына

кіретін жабдық, сондай-ақ техникалық күтім жасау құралдары мен оларды жинақтаушылар;

Өрт жарағы (өрт-техникалық жарық) - өрт жабдығынан, қол өрт аспабынан, өрттен құтқару құрылғыларынан, өрт сөндірушілерді жеке қорғау құралдарынан, нақты өрт машиналарының арналуына сәйкес оларға арналған техникалық құрылғылардан тұратын жинақ;

Өрт жесдел-қызметтік автомобилі - өрт орнына жылдам әрекет ету бөлімшелерін жеткізуге, өрт сөндіруді ұйымдастыру бойынша шұғыл іс-шаралар жүргізуге арналған автомобиль;

Өрт жылудан қорғау костюмі - өрт ошағына жақындаған және қысқа уақыт ішінде онда болу кезінде жылу әсерінен қорғайтын өрт костюмі;

Өрт кезінде қаза тапқан – тікелей өрт болған жерде немесе оқиға болған күнінен бастап 30 тәуліктің ішінде өрттің қауіпті факторларының әсері салдарынан алынған дене зақымдарынан (жарақаттарынан), сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының екінші рет қайталануынан қайтыс болған адам;

Өрт кезінде эвакуациялау жоспары – эвакуациялау және эвакуациялық шығу жолдары көрсетілген, адамдардың жүріс-тұрыс қағидалары, сондай-ақ өрт шыққан объектідегі қызмет көрсетуші персоналдардың іс-қимылдарының тәртібі мен жүйелілігі белгіленген құжат;

Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит – объектілердің өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестегі немесе сәйкес еместігін анықтау жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

Өртке қарсы сумен жабдықтау – су тартуға және тасымалдауға, оның қорын сақтауға және оларды өрт сөндіруге пайдалануға арналған инженерлік-техникалық құрылыстардың жиынтығы.

Өрт нөмірі (рангі) – өртті сөндіруге тартылған гарнизонның күштері мен құралдарының қажетті құрамының шығу кестесін айқындайтын өрт күрделілігінің шартты белгісі;

Өрт сөндіру автомобилі – шақыру орнына (өртке) өрт сөндіру-есептобын, өрт-техникалық жарақты, өрт сөндіргіш құралдарды жеткізуге және оларды өрт ошағына беруге арналған автомобиль;

Өртсөндіргіш зат – жануды тоқтатуға мүмкіндік беретін физикалық-химиялық қасиеттері бар зат;

Өрт сөндіруші бөлімшесі – өртке қарсы қызметтің құрылымдық бірлігі;

Өрт сөндіру есептобы (бөлімше) – олардың арасында бөлінген міндеттермен өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын қамтамасыз етуге арналған өрт сөндіру көлік құралындағы жеке құрам;

Өрт сөндіру жоспары – өршіген өртті сөндіруді ұйымдастыру жағдайын болжайтын және негізгі мәселелерін айқындайтын жедел құжат;

Өрт-техникалық жарақтар (өрт сөндіру жарақтары) – мақсатына сәйкес нақты өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өрт сөндіру жабдықтарынан, қолмен өрт сөндіру және авариялық-құтқару құралдарынан, өрт сөндіру құтқару құрылғыларынан, шағын механизация құралдарынан, сондай-ақ жеке қорғану құралдарынан және басқа техникалық құрылғылардан тұратын жиынтық;

Өрттегі тыл – орындарда өртті сөндіру бойынша іс-қимылдарды жүргізуді қамтамасыз ететін күштер мен құралдар;

Өрт учаскесі – қойылған тапсырмамен және бірыңғай басшылықпен біріктірілген күштер мен құралдардың шоғырландырылған аумақтың бөлігі;

Өрттегі күштер мен құралдар – өртке қарсы қызметтің жеке құрамы мен жұмысшылары, өрт сөндіру автомобильдері, байланыс және басқару құралдары, өрт сөндіргіш құралдары мен жарақтануындағы өзге де техникалық құралдар;

Өртте күштер мен құралдарды басқару – жағдайды бағалау негізінде өртті сөндіру бойынша іс-қимылдарды ойдағыдай жүргізу мақсатында жүзеге асырылатын өрт сөндіру жетекшісінің (өрттегі жедел штаб) қызметі;

Өрттен болған материалдық шығын – азаматтардың жылжымайтын мүлкіне, өзге де негізгі қорларына, айналымдағы қаражатына, жеке мүлкіне келтірілген залалды қоса алғанда, егер олар өртке тікелей байланысты туындаған болса, жойылған және бүлінген материалдық құндылықтардың құндық мәні;

Өртті жою – жану тоқтатылған және оның өздігінен жану жағдайы жойылған өртті сөндіру сатысы (кезеңі);

Өрттің қауіпті факторы – жарақатқа, улануға немесе адам өліміне, сондай-ақ материалдық құндылықтардың жойылуына зақымдалуына) әкеліп соқтыратын өрт факторы;

Өртті оқшаулау – адамдарға (жануарларға) қауіп төндірмейтін немесе жойылған, өрттің жайылуы тоқтатылған және қолда бар күштер мен құралдардың көмегімен оны жою үшін жағдай жасалған өртті сөндіру сатысы (кезеңі);

Өрт оқпаны – өртсөндіргіш ағынды қалыптастыру және бағыттауға арналған қысымды жеңкұбыр желісінің ұшына орнатылатын құрылғы;

Өрттің өршуі – уақыт пен кеңістіктегі өрт параметрлерінің өзгеруі;

Өрттегі шеңшеуші бағыт – адамдарға қауіп, жарылыс қатері төнген, өрт ең қарқынды таралған және жеке құрамның осы бағыттағы іс-қимылы өртті ойдағыдай сөндіруді қамтамасыз ететін өрт учаскесіндегі бағыт;

Өртте адамдарды құтқару – өрттің қауіпті факторларының (немесе осы әсер етудің тікелей қауіп туындаған кезде) аймағынан өрт сөндірушілердің ілесіп жүруімен, оның ішінде құтқару құралдарын қолданумен, адамдарды алып шығу не шығару процесі;

Өртте адамдарды эвакуациялау – өрттің қауіпті факторларының әсер ету қауіпі бар үй-жайлардан адамдарды сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа дербес қозғалу процесі;

Өрттегі жағдайды бағалау – өртті барлау, алынған мәліметтерді жинақтау және талдау нәтижелерінің негізінде қалыптасқан қорытынды;

Өрттегі жедел штаб – өртте күштер мен құралдарды басқару үшін өрт сөндіру басшысы құрған уақытша орган;

Өрт кезінде қаза тапқан – тікелей өрт болған жерде немесе оқиға болған күнінен бастап 30 тәуліктің ішінде өрттің қауіпті факторларының әсері салдарынан алынған дене зақымдарынан (жарақаттарынан), сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының екінші рет қайталануынан қайтыс болған адам;

Өрт қраны - өрт құбыр жолында орнатылған және өрт қосылыс бастиегімен жабдықталған клапаннан, сондай-ақ қол оқпаны бар өрт жеңінен тұратын жинақ;

Өрт қабылдан алу-бақылау жинағы - өрт хабарландырғышта-рының ақпараттарын қабылдау, өрт пайда болғаны немесе қонды-рғының ақаулығы туралы сигналды өңдеу, өртке қарсы қорғаныш жүйелерін қосуға және басқа құрылғыларға арналған команданы одан ары беруге сигналдарды өңдеуге арналған өрт сигнал беру жабдықтары қондырғыларының құрама бөлігі;

Өрт қалқандары (стендтері) - өрт сөндірудің бірінші құралда-рын, өрт су құбырымен және өрт сөндіру құрылғыларымен қамта-масыз етілмеген объектілерде басталу кезеңдегі өрттерді жою үшін қолданылатын механикалық емес аспаптар мен жарактарды орна-ластыру және сақтауға арналған арнайы қалқандар (стендтер);

Өрт қармағы - ғимарат пен ұймараттың төбесін, қалқандарын, қабырғаларын, өзге құрастырым элементтерін бұзып ашуға ар-налған аспап;

Өртке қарсы сумен жабдықтау - суды алу және тасымалдау, оның қорын сақтау және оны өрт сөндіру үшін пайдалануға ар-налған инженерлік-техникалық құрылым жиынтығы;

Өртке қарсы қорғаныш жүйесі - техникалық және ұйымда-стыру шараларының және өрттің қауіпті факторларының адамдарға әсерін болдырмауға және одан келетін материалдық шығынды шек-теуге бағытталған техникалық құралдардың жиынтығы;

Өртке қарсы тосқауыл – оттөзімділіктің нормаланған шегі және конструкциядық өрт қауіптілігінің нормаланған класы бар құрылыс конструкциясы, ғимараттың көлемді элементі немесе ғи-мараттың (имараттың) бір бөлігінен екіншісіне немесе ғимараттар (құрылыс, екпелер) арасында өрттің таралуын болдырмауға ар-налған басқа тәсіл;

Өртке қарсы ерікті құрылымдар - азаматтардың елді мекендер мен ұйымдарда өрттің алдын алуды және оны сөндіруді ұйымда-стыруға қатысу нысаны;

Өртке қарсы нұсқама - ұйымдарда қызметкерлерге өрт қа-уіпсіздігінің негізгі талаптарын жеткізу, өндірістер мен жабдықтар-

дың технологиялық процестерінің, өртке қарсы қорғау құралдары-ның өрт қауіптілігін, сондай-ақ өрт туындаған жағдайдағы олардың іс-қимылдарын зерделеу мақсатында жүргізіледі.

Өртке қарсы қызмет гарнизоны – мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің және өрт-ке қарсы ерікті құралымдардың облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қала-ның аумағында орналасқан басқару органдары мен бөлімшелерінің жиынтығы;

Өртке қарсы үзіліс (өртке қарсы қашықтық) – өрттің тара-луын болдырмау үшін белгіленген ғимараттар және (немесе) има-раттар арасындағы нормаланатын қашықтық;

Өртке қауіпсіз аймақ (қауіпсіздік аймағы) – ғимараттың, құрылыстың, өрт бөлігінің эвакуациялау мен құтқаруды жүргізу үшін іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген, тиісті уақыт ішін-де (өрт туындаған сәттен бастап құтқару жұмыстары аяқталғанға дейін) адамдарды өрттің қауіпті факторларынан қорғау үшін өртке қарсы аралықтармен бөлінген бөлігі;

Өрт қауіпсіздігі – адамдардың, мүліктің, қоғам мен мемлекет-тің өрттерден қорғалу жай-күйі;

Өрт қауіпсіздігі талаптары – өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілен-ген техникалық және (немесе) әлеуметтік сипаттағы арнайы шарт-тар;

Өрт машинасы - өрт сөндіруге пайдалану үшін арналған жаб-дықты моторлы құралдар;

Өрт мотопомпасы - сорғылы агрегатты және өрт жабдығы жи-нағы бар өрт машинасы;

Өрт орны - объектінің кезекші мамандар тәулік бойы келетін, өрт автоматикасы құралдарының бақылау аспаптарымен жаб-дықталған арнайы бөлмесі;

Өрт ошағы – өрттің бастапқы пайда болған жері;

Өрт пайда болуы – өртке алып келетін процестер жиынтығы;

Өрт секциясы – өрт қауіпсіздігі бойынша нормативтік құжат-тардың талаптарына сәйкес өрт бөгеттерімен бөлінген өрт бөлігінің

бөлімі;

Өрт сөндіру - өрттерді жоюға, адамдар мен жеке және заңды тұлғалардың мүлкін құтқаруға бағытталған іс-әрекеттер, елді мекендер аумақтарындағы, стратегиялық, аса маңызды мемлекеттік объектілер мен мемлекеттік меншіктің тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі өрттерді сөндіруді мемлекеттік өртке қарсы қызмет жүзеге асырады;

Өрт сөндірудің автоматты құрылғысы - өрттің бақыланатын факторы (факторлары) қорғалатын аймақта белгіленген төменгі мәндерден асып кеткен кезде автоматты түрде істеп кететін өрт сөндіру қондырғысы;

Өрт сөндірудің алғашқы құралдары – өрттің бастапқы өршуі кезінде өртпен күресу үшін пайдаланылатын адамдар алып жүретін немесе тасымалданатын өрт сөндіру құралдары;

Өрт спринклерлік суландырғыш - көбік түзу су ерітіндісінен шашыраңқы суды немесе ауа-механикалық көбікті алуға және оларды өртті сөндіру немесе оның жайылмауы мақсатында қорғалатын алаң бойынша таралуына арналған жылу құлпы жұмыс істеген уақытта ашылатын шығу тесігінің ілмекті құрылғысы бар су немесе көбік өрт сөндіру қондырғыларының суландырғышы;

Өрт сигнал беру жабдығының жүйесі - бір объектіде жинақталған және жалпы өрт орнынан бақыланатын өрт сигнал беру жабдығы қондырғыларының жиынтығы;

Өрт сигнал беру жабдығының қондырғысы - өртті анықтауға, оның пайда болу орны туралы хабарды беруге және өрт туралы сигналды, арнайы ақпаратты және (немесе) өрт сөндірудің автоматты қондырғысы мен басқа да техникалық құрылғыларды автоматты қосуға команданы беруді өңдеуге арналған техникалық құралдардың жиынтығы;

Өрт сорғысы - судың және өрт сөндіретін ерітінділердің берілуін қамтамасыз ететін өрт машиналарының сорғылық қондырғы агрегаты;

Өрт сөндірудің стационарлық жүйесі (автоматты емес) - ішіне өрт сөндіру заттарына арналған сұйық қоймалар (ыдыстар, сыйымдылықтар), сорғы станциясы және іріктеу және өрт сөндіру

заттарын өрт аймағына беруге арналған құрылғылары бар құбыр жолдар желісі кіретін жүйе. Бұл жүйелерді автоматтандыру құралдары негізгі сорғылар ақаулы болса немесе есептік арынды қамтамасыз ете алмайтын жағдайда резерв сорғылардың қосылуын қамтамасыз ету үшін қолданылады;

Өрт сөндірудің роботтандырылған қондырғысы - өрт ұңғысынан тұратын, қозғалмалылықтың бірнеше деңгейі бар және жетектер жүйесімен, сондай-ақ бағдарламалық басқару құрылғысынан жабдықталған және өртті сөндіруге және жайылтпауға немесе технологиялық жабдықты және құрылыс құрылмаларын салқындатуға арналған қозғалмайтын негізде жинақталған стационарлық автоматты құрал;

Өрт сөндіру қондырғысы - өрт сөндіру заттарын шығару есебінен өртті сөндіруге арналған стационарлық техникалық құралдардың жиынтығы;

Өрт сөндіргіш - жинақталған өрт сөндіргіш затты шығару есебінен өрт ошағын сөндіруге арналған тасымалданатын, жылжымалы немесе орнықты құрылғы;

Өрт сөндірушінің әскери киімі - өрт сөндірушінің судан және беттік-белсенді заттардан қорғауға арналған киімі;

Өрттен болған материалдық шығын – азаматтардың жылжымайтын мүлкіне, өзге де негізгі қорларына, айналымдағы қаражатына, жеке мүлкіне келтірілген залалды қоса алғанда, егер олар өртке тікелей байланысты туындаған болса, жойылған және бүлінген материалдық құндылықтардың құндық мәні;

Өрттен құтқару арқаны - биіктіктен өрт сөндірушінің өзін құтқаруы және адамдарды құтқару, өрт сөндіру және онымен байланысты бірінші кезектегі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде өрт сөндірушілерді сақтандыруға арналған арнайы бау;

Өрттен құтқару құрылғысы - адамдарды өрт кезінде құтқаруға арналған құрылғы;

Өрт төсемі - өрт қондырғысын орнатуға арналған құбыр тетігі;

Өрт тіркемесі - алып жүретін өрт мотопомпаларды, өрт-техникалық жарақтарды, өрт сөндіретін заттар салынған сыйымдылықтарды жер үстілік көлік құралдарымен тасымалдауға ар-

налған тіркеме;

Өрттің қауіпті факторларының екінші рет қайталануы – бүлінген аппараттардың, агрегаттардың, қондырғылардың, конструкциялардың сынықтары, бөліктері, бүлінген аппараттар мен қондырғылардан шыққан радиоактивті және улы заттар мен материалдар, кернеуді конструкциялардың, аппараттардың, агрегаттардың тоқ өткізгіш бөліктеріне шығарудың нәтижесінде пайда болған электр тогы, өрттің салдарынан болған жарылыстың қауіпті факторлары, от сөндіруші заттар;

Өрт сөндіру депосы – өртке қарсы қызмет бөлімшесінің жеке құрамы мен байланыс пунктіне арналған қызметтік, қосалқы үй-жайларды қоса алғанда, өрт сөндіргіш және арнайы техниканы, өрт сөндіру-техникалық құрал-саймандарды орналастыруға, оларға техникалық қызмет көрсетуге арналған аумақтар, ғимараттар және құрылыстар;

Өрт сөндіру техникалық өнімі – өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған өнім, оның ішінде өрт сөндіру техникасы мен жабдық, өрт сөндіру жарақтары, отты сөндіретін және оттан қорғайтын заттар, арнайы байланыс және басқару құралдары, бағдарламалық қамтамсыз ету және дерекқорлар, сондай-ақ өрттердің алдын алу мен сөндірудің өзге де құралдары;

Өрт сөндірушілердің жеке қорғау құралдары - өрт сөндірушілерді өрт кезінде және апаттарды жоюда жемірлі және газды орталардың механикалық және жылу әсерінен қорғауға арналған құралдар;

Өрт сөндіру қондырғысы - өрт сөндіретін затты шығару есебінен өрт сөндіруге арналған орнықты техникалық құралдар жиынтығы;

Өрт техникасы - өрттің алдын алу, дамуын шектеу, өшіру, адамдарды және материалдық құндылықтарды өрттен қорғауға арналған техникалық құралдар;

Өрт-техникалық минимум - өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын, өртке қарсы режим, ұйымның технологиялық процесі мен өндірісінің өрт қауіптілігі бөлігінде, сондай-ақ ұйымда өрт туындаған кезде өрттің алдын алу,

өрт кезінде адамдардың өмірін, денсаулығын және мүлікті құтқару бойынша практикалық дағдыларды әзірлеуге мүмкіндік беретін тәсілдер мен іс-қимылдар білім көлемінде оқыту.

Өрттен қорғау жүйесі – адамдар мен мүлікті өрттің қауіпті факторлары әсерінен қорғау және (немесе) олардың объектіге әсер ету салдарын шектеуге бағытталған ұйымдастыру шаралары және техникалық құралдар кешені;

Өрттің алдын алу жүйесі – объектіде өрттің туындау жағдайларын болдырмауға бағытталған ұйымдастыру шаралары және техникалық құралдар кешені;

Өрт хабарлағышы - адамдарға өрт туралы жаппай хабарлауға арналған құрылғы;

Өрт хабарландыру аймағы - ғимараттың адамдарды бір уақытта және бірдей өрт туралы хабарландыру жүргізілетін бөлігі;

Өрт хабарландырушысы - өрт туралы сигналды қалыптастыруға арналған құрылғы;

Өрт шкафтары - өрт краны мен тасымалданатын өрт сөндіргіш (тер) жиынтығын орналастыруға арналған арнайы шкафтар;

Өрттің қауіпті факторлары – әсері адамның жарақаттануына, улануына немесе өлімге және (немесе) материалдық шығынға алып келуі ықтимал өрт факторы;

Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар – карантинді объектілердің таралу ошақтарын анықтау, оқшаулау және жою, залалданған карантинге жатқызылған өнімді зарарсыздандыру, техникалық қайта өңдеу, тазарту және жою, үй-жайлар мен көлік құралдарын зарарсыздандыру және тазарту, карантинге жатқызылған өнімді қайтару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге бағытталған іс-шаралар жүйесі;

Өсімдіктер карантині (фитосанитариялық қорғау) - Қазақстан Республикасының өсімдік ресурстары мен өсімдіктен алынатын өнімін карантинді объектілерден қорғауға бағытталған, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар жүйесін көздейтін құқықтық режим;

Өткіш радиация- ядролық жарылыс кезінде шығатын гамма-сәулелер мен нейтрондар;

Өткізу режимі – әкімшілік ғимарат және әкімшілік ғимаратқа іргелес аумақ шегінде белгіленген, күзетілетін объектіге және күзетілетін объектіден адамдардың бақылаусыз кіру (шығу), көлік құралдарының бақылаусыз кіру (шығу), мүліктің бақылаусыз енгізілу (шығарылу), әкеліну (әкетілу) мүмкіндігін болдырмайтын тәртіп.

«АҚ ҰО» АҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

1-4 қараша аралығында Нижний Новгород қаласындағы Н.И.Лобачевский (Лобачевский университеті, ННМУ) мемлекеттік университеті базасында "Шекарасыз ғылым" атты ТМД құрамындағы елдердің жас ғалымдарының форумы өтті. Форумға ТМД-ның 9 елінен 384 жас ғалым қатысты, оның ішінде ҚР ТЖМ "АҚ ҰО" АҚ бас маманы, PhD докторант Исаева Ұлжалғас Бақытжанқызы "ФТОРБЕНЗОЙ ҚЫШҚЫЛДАРЫ АМИДТЕРІНІҢ МИКРОБҚА ҚАРСЫ БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖӘНЕ СИНТЕЗІ" тақырыбы бойынша баяндама жасады.



Исаева Ұ.Б.: «Халықаралық қатынастарды кеңейту, әсіресе, қазіргі таңда өте маңызды. Ол сөзсіз маңызды жобаларға айналады, ең бастысы - бұл тікелей қарым-қатынасқа

мүмкіндік береді. Форум Достастыққа қатысушы мемлекеттердің жас ғалымдары мен инноваторлары заманауи ғылымның өзекті мәселелері мен тенденцияларын жыл сайын талқылайтын тұрақты алаңға айналады деп сенемін. Форумның «Шекарасыз ғылым» деп аталуы бекер емес».



БЗБЖ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ- АҚ ҰО ЖҰМЫСЫ- НЫҢ ЖАҢА БАҒИТЫ

Мақаланы даярлаған «АҚ ҰО»
АҚ-ның Вице-президенті -
Енсебаев Б. К.



Зертханалық бақылау және байқау желісінің құрамына кіретін нысандық зертханалар мамандарын ерекше кезеңде әрекет етуге даярлау «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ-ның (ары қарай – АҚ ҰО) басты жұмыстарының бірі болып табылады.

ҚР ПМ 2015 жылғы 6 наурыздағы «АҚ іс - шараларын ұйымдастыру және жүргізу ережесі» бұйрығының 31-тармағына сәйкес АҚ күштеріне жататын жағдайды бақылау және болжау қызметінде **азаматтық қорғанысты байқау және зертханалық бақылау желісі** (бұдан әрі-БЗБЖ) құрылады.

Қазіргі уақытта азаматтық қорғаныс іс-шараларының өзектілігі артуына байланысты АҚ ҰО-да БЗБЖ мамандарын даярлау бойынша оқу бағдарламасы әзірленді. Ол ҚР ТЖМ-мен келісілген. 2023 жылғы қаңтардан бастап БЗБЖ мамандарын даярлау бойынша сабақтарды өткізу жоспарланған.



Осы оқу бағдарламасы бойынша сабақтар БЗБЖ мамандарының бейбіт және соғыс уақытында ауыз судың, тамақ және жемдік шикізаттың, азық-түліктің, қоршаған ортаның (ауа, топырақ, су, өсімдік жамылғысы) радиоактивті, химиялық, биологиялық залалдануын (ластануын) дер кезінде анықтау және индикациялау бойынша тәжірибелік дағдыларын қа-

лыптастыруға бағытталған.

БЗБЖ мамандарын оқыту халықаралық және мемлекетаралық стандартқа сәйкес келетін оқу модулі мен бағдарламасы бойынша жүргізіледі, оларды әзірлеген АҚ Ұлттық орталығының жоғары білікті ғылыми қызметкерлерінде атаулы бейін бойынша тәжірибесі мол.



АҚ-ның химиялық-радиометриялық зерттеулер зертханасының бірегей заманауи аспаптарын көрнекі оқыту құралдары ретінде пайдалану семинар тыңдаушыларына кең ауқымды білім мен тәжірибелік дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Осы бағдарлама бойынша оқу уақытының көлемі -40 сағат. Сабақтардың 60% - ы тәжірибеге арналған, бұл:

- радиациялық және химиялық жағдайды болжау әдістемесі;
- ТЖ аймағында сынама алу тәртібі;
- арнайы өңдеу жүргізу тәртібі;
- радиоактивті ластануды өлшеу әдістері;
- РХБ аспаптарын пайдалану.

БЗБЖ азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің күштері мен құралдарының құрамына кіретіндіктен оқу бағдарламасы АҚ-ның радиациялық және химиялық қорғау қызметіне және құралымдарына жүктелген міндеттерді орындауға бейімделіп құрастырылған.

«АҚ ҰО» АҚ-ның құзырлығын мемлекетіміз мойындаған, орталыққа ұлттық мәртебе беру - оның дәлелі. АҚ ҰО еліміздегі жалғыз ғана АҚ саласында оқытатын және ғылыми орталық болғандықтан көптеген жылдар бойы орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ерекше маңызы бар және азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйымдардың басқару құрамын даярлаумен айналысады. Осы арқылы стратегиялық мақсаттарды орындап, мемлекеттің мүддесін қорғайды. Сондықтан БЗБЖ мамандарын даярлау жоғары және сапалы деңгейде өтетінін



атап өту қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде барлық мүдделі тұлғаларды, әсіресе байқау және зертханалық бақылау желісіне кіретін нысандық зертханалары бар ұйымдардың басшыларын АҚ ҰО-ның БЗБЖ мамандарын даярлайтын жаңа семинарына шақырамыз!

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСТЫҢ НЫСАНДАРЫ МЕН МҮЛКІНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА СҮЙЕНІП ЖАСАЛҒАН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



АҚ ҰО-ның азаматтық қорғаныстың химиялық-радиометриялық зерттеулер зертханасының бастығы - Габбасов К.Н.

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңына және 2015 жылғы 6 наурыздағы «АҚ іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу ережесі» атты ҚР ПМ №190 бұйрығына сәйкес азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар Азаматтық қорғаныстың қорғаныс құрылыстарының қорын құруға, оларды жұмыс істеуге дайын ұстауға, сондай-ақ азаматтық қорғаныс мүлкінің қорын жасап, оларды уақтылы жаңартып отыруға міндетті.

АҚ саласында мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде келесі іс-шаралардың орындалуы тексеріледі, бұл:

- сүзгілі желдету жабдығының, қорғаныш-герметикалық есіктердің, АҚ қорғаныш имаратының клапандары мен жарылысқа қарсы құрылғыларының болуы, жарамды күйде ұсталуы;



- шекті сақтау мерзімдерінің өтуін растайтын азаматтық қорғаныс мүлкінің техникалық (сапалық) жай-


күйі актісінің, паспорттың, журналдың болуы, сондай-ақ қосымша шекті сақтау мерзімі өтпеген жағдайда нормативтік көрсеткіштерден ауытқулар бар екендігі жөніндегі зертханалық қорытындының болуы;

- азаматтық қорғаныс мүлкін есептен шығару актісінің болуы;
- азаматтық қорғаныс мүлкін жоюға беру актісінің болуы.



АҚ нысандары мен мүлкін ақаусыз күйде ұстау, оларды тұрақты дайындықта ұстау олардың сәйкестігін бағалаумен байланысты. Осындай сәйкестікті білікті бағалау мен АҚ нысандары мен мүліктері бойынша зертханалық қорытындыны ҚР ТЖМ «АҚ саласындағы ғылыми

зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» АҚ-ның Азаматтық қорғаныстың химиялық - радиометриялық зерттеулер зертханасы (бұдан әрі-АҚ ХР33) береді. Осы зертхана құрамына кіретін зертханалық-сынақ жабдықтары кешені мемлекет тарапынан жалпы сомасы 286 млн. теңгеге «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында сатып алынған. Зертхана мемлекетаралық стандарттардың барлық талаптарына жауап береді.



АҚ ХР33 тері мен тыныс алудың жеке қорғау құралдарынан бастап РХБ және дозиметриялық бақылау аспаптарына дейін АҚ мүлкі мен нысандарының барлық түрлері бойынша кең ауқымды сынақтар жүргізеді. Сондай-ақ, мамандандырылған полигонда АҚ мүлкін жоюмен айналысады. Бұл зертхана бүкіл Орталық Азия өңірінде азаматтық қорғаныстың барлық түрлі тыныс алу мүшелері мен терінің жеке қорғаныс құралдарына толық көлемде зертханалық сынақтар жүргізетін жалғыз зертхана болып табылатынын атап өту керек.



АҚ ХР33-ның тарихы үлкен, Қазақ СРО кезіндегі Азаматтық қорғаныс штабының қалыптасу және даму кезеңдерінен өткен. Құрылған сәттен бастап, яғни 1963 жылдан бері бейбіт және соғыс уақытында халықты радиациялық және химиялық қауіп

көздерінен қорғаумен байланысты қорғаныс мәні бар міндеттерді шешеді.

Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген тізілімге енгізілген, тексерістен өткен өлшеу құралдарын пайдалана отырып бекітілген әдістемелер, жоғары білікті мамандар мен ғылыми-техникалық база сынақтар жүргізуге мүмкіндік беретін бар.

«АҚ ҰО» АҚ Азаматтық қорғаныс саласындағы зертханалық зерттеулер жүргізу бойынша қызметтер кешенін көрсетуге барлық мүдделі заңды тұлғалармен ынтымақтастыққа дайын.



Қауіпсіздік пен өнім сапасы мәселесі бойынша тұтынушылардың мүдделерін қорғауға бағытталған **құзырлық пен жұмыс сапасы АҚ ҰО-ның басыбайлы қағидаттары** болып табылады.

АҚ ҰО-ның қызметі туралы толық ақпаратты www.tg-oku.kz сайтынан, сондай-ақ **8 (727) 274-64-26, 8(727) 275-34-27, 8775-251-25-95, 8705-799-99-59** телефондары арқылы білуге болады.

Электрондық пошта: gz_center@mail.ru немесе kursy@bk.ru.

«СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР»

5 жылдың жүзі болды біз журналымыздың «Сұрақтар мен жауаптар» атты айдарында журналдың оқырмандарының назарына азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған объектілерге тән семинар тыңдаушыларының азаматтық қорғаныс бойынша сұрақтарды ұсынып келеміз.

Журналдың 2022 жылғы №4 санында семинар тыңдаушыларының үш сұрағын ұсынамыз. Сонымен бұл сұрақтардың сипаты мен мазмұны мынандай.

№1 сұрақ: Атырау облысы, ЖД және АҚ Басқармасының бөлім бастығы Есенов Данияр Хасанұлынан.

Сұрақтың мазмұны: Мені азаматтық қорғаудың (АҚ) қорғаныс үймереттерін есептен шығару тәртібі туралы мәселе алаңдатады. Себебі, уақтылы қызмет көрсетпеу нәтижесінде көптеген баспаналар жарамсыз күйге түсті, яғни ерекше кезеңде халықта паналау мүмкіндігі болмайды. Панахананы есептен шығару рәсімі қандай тәртіппен жүргізіледі және бұл тәртіп қандай заңнамалық актіде реттеледі?

**Жауапты дайындаған
АҚ ҰО оқытушысы - психолог
Исабаева Л.М.**



Жауаптың мазмұны: Шынында да, 90-шы жылдары көптеген кәсіпорындар экономикалық және қаржылық дағдарысқа байланысты банкротқа ұшырап, жойылды. Сол себепті осы кәсіпорындардың аумағында орналасқан АҚ-ның қорғаныс үймереттері иесіз қалды және есептен шығаруға жатады. Біздің елімізде АҚ-ның қорғаныс құрылыстарын есептен шығару тәртібі «АҚ-ның қорғаныс құрылыстарын есепке қою және есептен шығару қағидаларын бекіту туралы» ҚР ТЖМ 2014 жылғы 30 мамырдағы №265 бұйрығымен белгіленген келесі жағдайларда жүргізіледі:

- егер оларды қалпына келтіру техникалық мүмкін болмаса немесе

экономикалық тұрғыдан тұрғыдан тиімсіз болса, қоршау және тірек құрылыс конструкциялары есептік қорғаныш қасиеттерін жоғалтқан кезде;

- мемлекеттік органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылатын ғимараттар мен үймереттерді жаңадан салуға, реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтандыруға байланысты;

- АҚ-ның қорғаныш құрылыстарын жедел басқаруға, мемлекеттік органның коммуналдық шаруашылығына беруге болатын ұйымдар және ҚР-ның АҚ саласындағы заңнамасында белгіленген халықтың санаттарын қорғау үшін осы аумақтағы АҚ қорғаныс үймереттеріне қажеттілік болмаған кезде.

АҚ-ның қорғаныс үймереттерін есептен шығару үшін құжаттаманы дайындау мақсатында комиссия құрылады. Ол комиссияның құрамына АҚ саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің өкілдері, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері келісім бойынша енгізіледі. Аумақтық бөлімшелер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің АҚ-ның үймереттері қорының есебін жүргізеді. Комиссия АҚ-ның қорғаныш құрылыстарын есептен шығару жөніндегі жоспарланған құжаттаманы қарайды, АҚ-ның қорғаныш құрылыстарының мақсаты бойынша пайдалануға дайындығын бағалайды және жұмыс нәтижелері бойынша АҚ-ның қорғаныш құрылысын есептен шығару туралы акт жасайды.

№2 сұрақ: «Жамбыл облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКҚК директоры, депутат Рахманбаев Руфат Мұхсумжанұлынан.

Сұрақтың мазмұны: Мен жарылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан карьердің жанынан өтіп бара жатқанда жарылыстан кейін ашық қызыл түтін байқалды. Бұл зиянды емес пе? Зиянды болса, одан қорғану жолдары қандай?

**Жауапты дайындаған АҚ
ҰО оқытушысы- Мархабаев
М.А.**



Жауаптың мазмұны: Жарылыс жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібі ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығымен бекітілген «Қауіпті өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларында» айқындалады.

Өнеркәсіптік жарылғыш заттардың (ЖЗ) жарылу өнімдерінің құрамы негізінен олардың құрамына, тау жыныстарының қасиеттеріне байланысты. Жарылыс өнімдерінде улы газдардың айтарлықтай мөлшері бар. Бұл негізінен көміртегі мен азоттың оксидтері: CO, NO және NO₂, олар қатты әсер еткіш улы заттарға (ҚӘУЗ) жатады.

Азот диоксиді NO₂ – сары-қоңыр газ, ауадан ауыр, өзіне тән өткір иісі бар. Өнеркәсіптік жарылғыш заттардың зарядтарының жарылуы кезінде NO₂ пайда болуының негізгі себебі жарылғыш заттың химиялық құрамында оттегінің артық болуында. NO₂ жарылған жынысты қазу кезінде де үйіндіден бөлінеді.

Жарылыстан кейін шаң-газ бұлтты карьердің бүкіл көлеміне таралып, ауаға көтеріледі. Ол бұлттың әр түрлі ауа-райы жағдайында таралу уақыты орта есеппен 20-40 минутқа дейін, көтерілу биіктігі шамамен 500 м, таралу диапазоны 15 км және одан да көп.

Жарылыстан кейін 30 минут өткенде жарылыстың улы өнімдерінің ауадағы концентрациясы белгіленген нормаларға дейін төмендегеннен соң, шаң бұлтты сейіліп, карьерде көріну толық қалпына келтірілгеннен кейін бөгде адамдарды карьерге жіберуге рұқсат етіледі.

NO₂ – адамға теріс әсер ететін өте улы зат. Тұншықтырғыш және жалпы улы әсері бар ҚӘУЗ-ға жатады. Ағзада тыныс алу органдары негізінен шырышты қабықтың жеңіл тітіркенуінен өкпе ісінуіне дейін тәуекелге ұшырайды. Сондай-ақ қан құрамының өзгеруі байқалады, гемоглобин мөлшері азаяды.

NO₂-нің ең жоғары максималды бір реттік шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШРҚ_{мр}) 0,085 мг/м³ құрайды. Бұл концентрация жарты сағат бойы тірі ағзаларға кері әсер етпейді.

NO₂ жұтқанда жөтел, тамақтың ауыруы, тыныс алудың бұзылуы, бас айналу, бас ауруы, күйдіру сезімі, енгігу, жүрек айну пайда болуы мүмкін. Симптомдар бірден байқалмауы мүмкін. Бұл жағдайдағы алғашқы көмек: таза ауаға шығару, демалдыру, қабырғаға сүйеп отырғызу. Оттегімен қамтамасыз ету қажет болуы да мүмкін. Зардап шегуші дереу медициналық көмекке жүгінуі керек.

NO₂ теріге тиген кездегі белгілер: қызару, күйдіру сезімі, ауырсыну, терінің қатты күйіп қалуы. Бұл жағдайда теріні кем дегенде 15 минут бойы көп мөлшерде сумен шайған жөн. Осыдан кейін медициналық көмек көрсету керек.

NO₂-мен уланудың алдын алу үшін тыныс алу органдары мен көзді қорғау құралдарын, қорғаныс қолғаптарын, қорғаныс киімдерін, желдетуді пайдалану қажет. Жұмыс кезінде тамақ ішуге, шылым шегуге болмайды.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 25 маусымдағы №212 бұйрығымен эмиссиясын экологиялық нормалауға келтіруді талап етуші ластаушы заттардың (соның ішінде NO₂ бар) тізбесі бекітілді. Жұмыс орнында ауадағы NO₂-нің құрамын МАГ-6 П-Т, ДАГ 510, ГАНК-4РБ және т.б. газ талдағыштарының көмегімен бақылауға болады.

№3 сұрақ: Маңғыстау облысы, «Мұнайлы аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің жетекшісі Абыханов Карасай Бегалыевичтен

Сұрақтың мазмұны: Бүгінгі күні өрт көкейкесті мәселелердің бірі болып тұр. Әсіресе ғимараттар, үй-жайлар мен құрылыстарда өрт болу оқиғасы көптеп тіркелуде. Ғимараттар мен құрылыстарда өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын ұстау тәртібі қалай болу керек?



*Жауапты дайындаған
АҚ ҰО оқытушысы-
Айнабекова М.Б.*

Жауаптың мазмұны:

Гимараттар мен құрылыстарда өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын ұстау тәртібі ҚР ТЖМ 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрықта, сондай-ақ ҚР ӘМ 2022 жылғы 21 ақпандағы №26867 болып тіркелген ҚР «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» қағидасында айқындалған.

Гимараттар, үй-жайлар мен құрылыстар ҚР ҚН 2.02-11-2002* «Гимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сигнализациясы жүйелерімен, автоматты өрт сөндіру және өрт туралы адамдарды құлақтандыру қондырғыларымен жабдықтау нормалары» талаптарында айқындалған объектілер тізбесіне сәйкес өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен қамтамасыз етіледі.

Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау жөніндегі жұмыстар жобалау құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

Объектіде өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын білікті пайдалану және техникалық жарамды күйде күтіп-ұстау үшін басшының бұйрығымен мынадай персонал тағайындалады:

1) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ететін адам;

2) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына қызмет көрсетуге шарт болмаған кезде, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына техникалық қызмет көрсету және оларды жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды орындайтын мамандар. Оларды оқытуды өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға жауапты адам, яғни объектінің басшысы бекіткен бағдарлама бойынша жүргізеді.

Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын үздіксіз пайда-

лануды қамтамасыз ететін адам:

- 1) осы Қағидалар талаптарының орындалуын;
- 2) шарт бойынша графикке және күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу бойынша жұмыстарды бақылауды және қабылдауды;
- 3) дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жұмысқа қабілеттілігіне техникалық қызмет көрсетуді, жоспарлы-алдын ала жөндеуді жүргізудің және тексерудің дұрыстығын;
- 4) қызмет көрсетуші және кезекші персоналды оқытуды, сондай-ақ қорғалатын үй-жайларда жұмыс істейтін адамдарға өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғылары іске қосылған кездегі іс-қимылдар бойынша нұсқама беруді;
- 5) қажетті пайдалану құжаттамасын әзірлеуді және оны жүргізуді қамтамасыз етеді.

БІЗДІҢ ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗДЫҢ ПІКІРЛЕРІ**«АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ДАЯРЛАУДАҒЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ»**

*Джулдасов Асқар Дарибаевич
«ҚазТрансОйл» АҚ Атырау
мұнай құбыры басқармасының
бастығы*



Ұйымның әр жетекшісіне өз қызметкерлерін үшінші тарап ұйымына оқытуды сеніп тапсыру үшін ұсынылатын қызметтердің сапасына көз жеткізіп, оқытушылар құрамы мен оқу орталығының жұмысына үлкен назар аудару керек. Мұны тек оқу процесіне қатысушылардың өздері ғана бағалай алады.

Мен, Асқар Дарибаевич Джулдасов, «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Атырау мұнай құбыры басқармасының бастығымын, ҚР ТЖМ «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығында» бірінші рет оқып отырған жоқпын. АМБ құрылымдық бөлімшелері Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында орналасқан. Біздің компанияның негізгі міндеті-мұнайды қабылдау және тасымалдау, мұнай қоспаларын магистральдық мұнай құбырлары арқылы қабылдау және тасымалдауды қамтамасыз ету, мұнайды жүйеге ауыстырып тиеу, сондай-ақ магистральдық мұнай құбыры объектілерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету, резервуарлық парктер бар. Біздің компанияда 1320-дан астам қызметкер жұмыс істейді, олардың өмірі мен денсаулығына күн сайын жұмыс орындарында қауіп төнуде. Қауіпсіздік мәселелері біз үшін өзекті, өйткені біздің объектіміз бейбіт және соғыс уақытында үздіксіз жұмыс істеуі тиіс.

27 қыркүйек пен 4 қазан аралығында АҚ бойынша оқудан өтім және семинар – тренингке қатыстым. Орталық оқытушылары өткізген әрбір сабақ өзінше қызықты болды. Мысалы, рельефі бар көрнекі, түрлі-түсті макеттердің болуы және оларды оқытушының дұрыс қолдана білуі бізді кез-келген уақытта болуы мүмкін нақты жағдайға жақындатты. Сондай-ақ, психология сабағын атап өткім келді, онда стрессті, дүрбелеңді, есірікті, жылауды еліктеу әдісі қолданылды және мұның бәрі біздің объектімізде немесе елді мекендерде бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да болуы мүмкін жағдайға жақындады. Бұған топтастарым да келісері анық.

Орталықта теориялық сабақтардың негізі «Азаматтық қорғау туралы» Заң, Үкімет қаулылары, Ережелер және т.б. сияқты нормативтік - құқықтық актілерді қолдана отырып құрылған. АҚ жоспарларын дұрыс құру және АҚ объектісінің күштері мен құралдарын бөлу біздің объектінің АҚ бойынша іс-шараларын одан әрі жоспарлау кезінде өте маңызды ақпарат. Нысанға оралған соң мен АҚ объектісінің жоспарын, санитарлық сөмке, Л-1 қорғаныш жиыны, санитарлық зембілдер, жеке химияға қарсы пакет (ИПП), АИ-2, АИ-4 дәрі кобдишалары, С-40 сиренасы, дауыстап сөйлейтін құрылғы (мегафон) сияқты Азаматтық қорғаныс мүліктерінің қорларын түзетіп, нақтылайтын боламын. АМБ және «Орал» СӨДБ барлық бөлімшелерінде объект қызметкерлері арасында қауіпсіздікті тиімді насихаттау үшін Ұлттық орталықтың оқырман залындағыдай оқу – материалдық база жаңартылады. Осы «Азаматтық қорғау саласындағы ұлттық ғылыми зерттеулер, дайындау және оқыту орталығында» өткен бес күн ішінде мен тиімді білім мен көптеген пайдалы ақпарат алумен қатар, азаматтық қорғау мен азаматтық қорғанысқа қатысты өз сұрақтарыма жауап естідім, себебі мен басшымын, өз мамандарым үшін жауапты адаммын. Мен болашақта үлкен сеніммен оларды осы орталыққа оқуға жіберемін.

Орталық басшылығы мен оқытушылар құрамына бізге берген үлкен білім көлемі үшін рахмет! Қызықты курс үшін алғыс білдіремін! ҚР ТЖМ «АҚ ҰО» АҚ-ның барлық қызметкерлеріне алдағы жұмысында табыс тілейміз!

АУМАҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ГАЗҚАҒАРЛАРДЫ БЕРУ БЕКЕТТЕРІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ



Дайындаған оқытушы
Садвакасов Е.Е.

Қарастырылатын мәселелер:

1. Қолдану аймағы;
2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар;
3. Жалпы ережелер;
4. Газқағарларды беру бекеттерін құру тәртібі. Газқағарларды беру бекеттері әкімшілігінің құрамы;
5. Газқағарларды әкету және газқағарларды беру бекеттеріне жеткізу тәртібі;
6. Газқағарларды беру бекеттері жұмысының жалпы тәртібі. Газқағарларды беру бекеттерінің жабдықталуы және құжаттамалары;
7. Жұмысты ұйымдастыру және газқағарларды беру тәртібі;
8. Нормативтік анықтамалар, әдебиеттер.

1. Қолдану аймағы

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының (бұдан әрі – АҚ) 21-бабына сәйкес, орталық және жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО), азаматтық қорғаныс (бұдан әрі – АҚ) санатына жатқызылған ұйымдар халықты, объектілерді және аумақты қорғау, әскери қақтығыстар кезіндегі шығын мен зиянды азайту мақсатында азаматтық қорғаныстың мүлкін алдын ала құру, жинақтау және дер кезінде жаңартып отыру қажет.

«Аумақтық деңгейде газқағарларды беру бекеттерін құру және

жұмыс істеуі жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар»-ды (бұдан әрі – Әдістеме) ҚР ТЖМ-ның «Азаматтық қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер, даярлау және оқыту ұлттық орталығы» (бұдан әрі – АҚ ҰО) әзірлеген. Әдістемелік нұсқаулық жергілікті билік органдарына (бұдан әрі – ЖАО) және ҚР ТЖМ-ның аумақтық бөлімшелеріне жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында халықты жеке қорғану құралдарымен (бұдан әрі – ЖҚК) қамтамасыз етуге арналған.

Әдістемені АҚ бойынша топқа жататын қалалардағы ҚР ТЖМ ЖАО және аумақтық бөлімшелері АҚ шараларын өткізу кезінде қолданады.

Азаматтық қорғаныс бойынша топқа жататын қалалардағы ҚР ТЖМ-ның ЖАО және аумақтық бөлімшелері әдістемені қолданса, Қазақстан Республикасының халқын және аумағын заманауи зақымдау құралдарының (бұдан әрі – ЗЗҚ) зақымдаушы (қиратушы) факторларының әсерінен қорғауға бағытталған азаматтық қорғаныс іс-шараларын жүргізуде оларға азаматтық қорғаныстың күштері мен құралдарын дұрыс есептеуге, АҚ шараларын орындау кезінде оларды тиімді бөлуге мүмкіндік береді.



Сонымен қатар, әдістеме азаматтық қорғаныс іс-шараларының басқа қорғаныс және жұмылдыру іс-шараларымен, сондай-ақ елдің бүкіл экономикалық қызметімен тығыз байланысына назар аударады, оларды жоспарлау мен іске асыруда ЖАО, әскери басқару органдарының қатысуының қажеттілігі мен міндеттілігін алдын ала анықтайды.

Халықты жеке қорғаныс құралдарымен (бұдан әрі – ЖҚК) қамтамасыз ету бойынша жұмысты саналы және дұрыс жұмылдыру, соғыс жағдайы және соғыс уақытында халықты және аумақтарды соғыс уақытындағы қауіптерден қорғауға дайындық бойынша қызметтің негізгі бағыттарын және олардың көлемін, оларды жүзеге асыру мерзімдерін анықтауға мүмкіндік береді. Азаматтық қорғаныстың мұндай негізгі шараларына жатады:

- ықтимал қауіп дәрежесіне қарай қалалар мен ұйымдардың аумақтарын аймақтарға бөлу;

- азаматтық қорғаныс шараларын жоспарлау;

- ЖКҚ-ның қажетті қорын, сондай-ақ материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да құралдар қорын құру;

- халықты қауіпсіз аймақтарға көшіруге, эвакуацияланған халықты орналастыруға дайындық, зардап шеккен халықтың өмірін бірінші кезекте қамтамасыз ету үшін қажетті медициналық және басқа да мекемелерді ашып орналастыру;

- жаудың заманауи соққы беру қаруларын қолдануынан туындайтын қауіптерден қорғау әдістеріне халықты үйрету мен оқытуды ұйымдастыру және жүргізу, азаматтық қорғау күштері мен басқару органдарының басшы құрамдарын дайындау.

Бұл Әдістеме ҚР ТЖМ-ның аумақтық бөлімшелеріне және жергілікті атқарушы органдарына халыққа газқағарларды беру тәртібі мен әдістерін айқындауға мүмкіндік береді.

2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Азаматтық қорғаныс – бейбіт және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының халқын және аумағын қазіргі заманғы соққы беру қаруларының зақымдаушы (бұзушы) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі жалпы мемлекеттік іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға арналған АҚ-ның мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі;

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі (бұдан әрі - АҚМЖ) – Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар нәтижесінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпы мемлекеттік шаралар кешенін іске асыруға арналған басқару органдарының және АҚ күштері мен құралдарының жиынтығы;

Жұмылдыру резерві – соғыс жағдайы және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырмасын орындауға, бейбіт уақытта гуманитарлық көмек көрсететін табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптары мен сал-

дарларын жою жөніндегі шараларын, сондай-ақ арнайы құрылымдардың материалдық-техникалық құралдарын қабылдауға қажетті, мемлекеттік материалдық резервтің құрамдас бөлігі болып табылатын шектеулі ауқымдағы материалдық құндылықтар қоры;

Заманауи зақымдау (соққы беру) құралдары – зақымдаушы (қиратушы) факторлары адамдарды, жануарларды және өсімдіктерді зақымдауға, объектілерді қиратуға немесе жоюға, соның ішінде жаппай қырып-жою қаруын және кәдімгі қаруды, зымырандарды, авиациялық және оқ-дәрімен атылатын қарулар кіретін қайталама зақымдаушы факторлардың пайда болуына арналған құрылғылар мен құралдар;

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау бекеттері – шарттық негізде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және сақтауға байланысты қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

Әскери қауіп – қалыптасқан қарама-қайшылықтарды әскери күшпен шешуге, Қазақстан Республикасына қарсы әскери қақтығысты (соғыс) тудыру жөніндегі нақты ниет пиғыл;

Соғыс уақыты – соғыс жағдайы жарияланған немесе соғыс қимылдары іс жүзінде басталған сәттен бастап соғыс қимылдары тоқтатылды деп жарияланғанға дейінгі, бірақ олардың іс жүзінде тоқтатылуына дейінгі кезең.

Азаматтық қорғаныстың мүлкі – жеке қорғаныс құралдары, радиациялық, химиялық барлау және дозиметриялық бақылау құралдары, жеке медициналық қорғау құралдары, байланыс және хабарлау құралдары және басқа да материалдық-техникалық құралдар;

Азаматтық қорғау құралдары – халықты қорғау және азаматтық қорғау күштерін жарактандыру үшін пайдаланылатын материалдық-техникалық мүлік;


Эвакуациялау шаралары – азаматтық қорғанысқа жататын ұйымдардың қызметкерлерін тарату, бейбіт және соғыс уақытында қалалардан және төтенше жағдайлар аймақтарынан халықты және материалдық-техникалық құралдарды эвакуациялау (көшіру).

Газқағар - адамның тыныс алу мүшелерін, бетін және көзін аудағы зиянды қоспалардан жеке қорғау құралы. Әрекет ету қағидаты

бойынша газқағарлар сүзгілі (әскери және азаматтық) және оқшаулағыш болып бөлінеді.

Жеке қорғаныс құралдары – жеке адамның денесіне, терісіне және киіміне химиялық және биологиялық заттардың түсуінен қорғауға, сондай-ақ ядролық жарылыстың жарық сәулеленуінен зақымдану дәрежесін төмендетуге арналған бұйым немесе заттар тобы. ЖҚҚ-ға мыналар жатады: газқағарлар, қорғаныш жамылғылар, шұлықтар, киім-кешек (арнайы қосылыстармен сіндірілген) формалары және т.б., сондай-ақ қорғаныс киімдерінің арнайы жиынтықтары, оның ішінде жалпы әскери қорғаныс киімдер жиынтығы (қорғаныс желбегей, шұлықтар, қолғаптар).

Қабылдағыш эвакуациялық бекеттер (бұдан әрі – ҚЭБ) – эвакуацияланушыларды жинауға және тіркеуге және оларды орналасатын жерлерге апаруға және қозғалыстың бастапқы пункттеріне жіберуге арналған. ҚЭБ-нің әкімшілігі жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен, ұйымдардың бұйрықтарымен алдын ала белгіленеді. ҚЭБ өз қызметінде эвакуациялық комиссияларға бағынады.



3. Жалпы ережелер

Төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстардан немесе осы қақтығыстар нәтижесінде туындайтын қауіптерден халықты және аумақты қорғау жөніндегі жалпы мемлекеттік шаралар кешенін іске асыру үшін елімізде азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі (бұдан әрі – АҚМЖ) құрылды. Яғни, бұл іс-шараларды жүзеге асыруды бейбіт және соғыс уақытында АҚМЖ жүзеге асырады.

Халықты және аумақты заманауи зақымдаушы (бұзушы) құралдары (бұдан әрі – ЗЗҚ) факторларының әсерінен қорғауға арналған АҚМЖ құрамдас бөлігінің бірі азаматтық қорғаныс болып табылады.

Азаматтық қорғаныс шаралары кешенінде халықты ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету және жау жаппай соққы беру қаруын қолданған

жағдайда осы құралдарды дұрыс пайдалануды практикалық оқытудың маңызы зор. Халықтың ЖҚҚ радиоактивті, улы заттар мен бактериялық заттардың ағзаға, теріге және киімге түсуінен қорғауға арналған.

Осы жерде айта кететін жайт, соғыс уақытында халықты ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету бойынша жергілікті атқарушы органдарға бірқатар кешенді де жауапты міндеттер жүктелген. Соғыс уақытында халықты ЗЗҚ-дан қорғау үшін жергілікті атқару органдары халықты газқағарлармен қамтамасыз ету жөнінде алдын ала есептеулер жасап, тиісті ЖҚҚ қорын құруы керек. Яғни, аумақта тұратын халықты соғыс уақытында газқағарлармен қамтамасыз ету керек, өйткені АҚ – жалпы мемлекеттік шаралар кешені. Сондай-ақ, ЖАО жауапкершілігіне азаматтық қорғаныс мүлкі қорларының дайындығын сақтау, жабдықталған қоймаларға орналастыру міндеттері кіреді.

Азаматтық қорғаныс шараларын енгізу кезеңінде халыққа газқағарларды қазіргі заманға сай беру және жергілікті атқарушы органдар азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қоймаларға жедел түсіру үшін тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру құралдарын қарастыруы керек. Негізінен газқағарлар жұмылдыру резерв-



терінің қоймаларында сақталады. Жылдың кез- келген уақытында көлік құралдарының қоймаларға кедергісіз өтуіне әзірлік жағдайында азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау қоймаларына кіреберіс жолдарды табу ЖАО-ына жүктелетін тағы бір талап болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2015 жылғы 6 наурыздағы «Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу Ережелерін бекіту туралы» №190 бұйрығына сәйкес, аумақтық деңгейде (облыс, қала, аудан), қажет болған жағдайда жиналу пункттерінде халыққа газқағарлар беру бекеттері құрылады. Әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен ҚЭБ құрылады және олардың орналасатын жерлері белгіленеді.

4. Газқағарларды беру бекеттерін құру тәртібі. Газқағарларды беру бекеттері әкімшілігінің құрамы

Азаматтық қорғаныс жүйесі бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына көшкен кезде халық газқағарлар алып, оларды үнемі пайдалануға дайын ұстауы керек. Әкімнен – АҚ бастығынан эвакуациялау шараларын жүргізу туралы тиісті өкім алғаннан кейін ҚЭБ-тер әкімшілігі оны орналастыруға кіріседі, яғни эвакуацияланған халықты қабылдауға дайындалады. Осыған сәйкес газқағарлар беру бекеттерінің әкімшілігі де ЖҚК беруге дайындалады. Ереже бойынша, газқағарларды беру бекеттерінің әкімшілігі соның негізінде ҚЭБ құрылған ұйымдардың қызметкерлерінен құрылады. Бұл ретте ҚЭБ және газқағарлар беру бекеттері әкімшілігінің құрамы әкімнің – АҚ бастығының шешімімен алдын ала бекітіледі.



Газқағарлар беру бекеті әкімшілігінің құрамы:


Бекет бастығы 1 адам;
ЖҚК түсіру тобы..... 4 адам;
Газқағарлардың алдыңғы бөліктерін іріктеу бойынша
звено..... 4 адам;

Газқағарларды беру және оларды пайдалануға дайындау звеносы.....10 адам;
Газқағарларды ауыстыру звеносы 2 адам;
Газқағарларды беруді есепке алу звеносы.....2 адам.

5. Газқағарларды әкету және газқағарларды беру бекеттеріне жеткізу тәртібі

Бұрын атап өтілгендей, ЖАО азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қоймаларда жедел түсіру үшін тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыруды қамтамасыз етуі тиіс. Жылдың кез-келген мезгілінде көлік құралдарының кедергісіз өтуіне әзірлік жағдайында азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау қоймаларына кіреберіс жолдарды табу ЖАО-ға қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Әкімнен – АҚ бастығынан «1-кезеңнің бірінші кезектегі шаралары» (БКШ-1) АҚ-тың дайындық дәрежесі бойынша іс-шараларды өткізу туралы тиісті өкім алғаннан кейін, газқағарларды беру бекеттерінің тиеу бригадалары азаматтық қорғаныстың мүлкі сақтаулы тұрған қоймаларға келеді. Онда алдын ала жасалған тізімдер мен өтінімдер бойынша тиісті көлемдегі және мөлшердегі газқағарларды алады.



Бұл ретте тиеу-түсіру жұмыстарын және газқағарларды тасымалдау үшін көліктерді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің АҚ көлік қызметі бөледі. Автокөліктердің, тиеу бригадаларының жеке құрамының есептеулері эвакуацияланатын адамдардың санын ескере отырып, алдын ала жасалады.

6. Газқағарларды беру бекеттері жұмысының жалпы тәртібі. Газқағарларды беру бекеттерінің жабдықталуы және құжаттамалары

Азаматтық қорғаныс бастығының (облыстағы, қаладағы, аудан-



дағы) газзағарлар беру пунктін орналастыру туралы бұйрығын алғаннан кейін жеке құрам қоймадағы мүлікті қабылдап, пунктке бөлінген орынға жеткізеді, қорғаныс құралдары бар жәшіктерді түсіреді және үйеді, жабдықтар мен құрылғылар бар қораптарды ашып, алынған мүліктің санын тексереді.

Олар газзағарлардың алдыңғы бөліктері бар жәшіктерден шығаратын және қажет болған жағдайда қажетті өлшемді анықтау үшін басын өлшейтін жұмыс орындарын ұйымдастырады.

Жеке құрам қажет болған жағдайда газзағарларды қалай құрастыру керектігін көрсете отырып, азаматтық газзағарларды береді, мақта тампондарын, дезинфекциялық ерітіндісі бар ыдыстарды дайындайды, газзағарларды алған адамдарға газзағарлардың алдыңғы бет жағын дезинфекциялауға көмектеседі, дұрыс киілуін және саңылаусыздығын тексереді, газзағарларды дұрыс пайдалануды үйретеді.



Олар газзағарларға техникалық тексеру жүргізер алдында адамдарға нұсқау береді, түтін салуға, дәрілеуге арналған ғимараттағы УЗ концен-

трациясын бақылайды, газзағарларды техникалық тексеру кезіндегі әрекеттерге басшылық жасайды және түтін салуға арналған ғимаратта улы заттардан зақымданған жағдайда көмек көрсетеді.

Жас санаттарын ескере отырып, газзағарларды беру лектері құрылады:

- балаларды қорғау камерасын КЗД-4(6) - 1,5 жасқа дейінгі балаларға;
- балалар газзағарларын ПДФ-Д (2Д)) - 7 ден 17 жасқа дейінгі балаларға және ПДФ-Ш (2Ш) – 7 -ден 17 жасқа дейінгі балаларға;
- ересектерге арналған газзағарларды ГП-7 (ГП-9).

Мүмкіндігінше, газзағарларды беру бекетінің орналасатын жері АҚ және ҚЭБ мүлкінің қоймасына барынша жақын болуы керек, мұндай жағдайда қарсыластың тосын шабуылы кезінде оларды қорғауға болатындай қорғаныс құралдарымен тез қамтамасыз етіледі.

ҚЭБ-ке келгендерге ыңғайлы және түсінікті болуы үшін газзағарлар беру бекетінің барлық жұмыс орындарында мынадай көрсеткіш белгілер қойылуы керек:

1. Газзағарлардың толығын, өсуін анықтау орны.
2. Газзағарларды пайдалануға дайындау орны.
3. Газзағарларды беру орны.
4. Газзағарларды уақытша сақтау орны.
5. Газзағарларды қолдану ережелерін үйрететін орын.

Бір жерден екінші жерге бару реттілігі үшін қозғалыс бағытын көрсететін көрсеткіштері бар белгілер ілінуі керек.

«КІРУ», «ШЫҒУ» белгілері болуы керек.

Газзағарларды беру бекеттерінде мыналар болуы қажет:

- алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрілік заттар топтамасымен қоса құрамына фельдшер кіретін санитарлық пост;
- өрт сөндіру посты (қалқан);
- авариялық жарықтандыру құрылғылары (шамдар, керосин шамдары, электр шамдары).

Газзағарларды беру бекетіне арналған жабдық:

- үстелдер.....9 дана;
- орындықтар.....5 дана;
- газзағарларды өндеуге арналған ванналар.....8 дана;

өлшегіш сызғыштар (сантиметр).....6 дана;
 2% формалин ерітіндісі (дистилденген су, спирт)..... 5-6 л;
 газқағарларды өндеуге арналған шүберектер.....5-6 кг;
 қалқандар (өлшемі 1м x 20 см, сөрелердің биіктігі 2,2 м)
 газқағарларды таңдау тәртібі мен ережесі.....1 дана;
 газқағарларды дайындау ережесі.....1 дана;
 газқағарды қолдану ережелері туралы плакат.....1 дана;
 көрсеткіштер (өлшемі 40 x 60 см)
 газқағарларды беру бекеті.....1 дана;
 газқағарларды таңдау орны.....1 дана;
 газқағарларды беру орны.....1 дана;
 ақаулы газқағарларды ауыстыру орны.....1 дана;
 газқағарларды беруді есепке алу орны.....1 дана.
 көрсеткіштер (өлшемі 20 x 10, тірек биіктігі 70 см).

Газқағарларды беру бекетіне арналған құжаттама:

бекет туралы жеке құрамға хабарлау схемасы

жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта беру.....2 дана;

газқағарларды берудің есебі журналы.....1 дана;

дозиметрлерді беру тізімі.....1 дана;

сәулеленуді бақылау журналы.....1 дана.

7. Жұмысты ұйымдастыру және газқағарларды беру тәртібі

Жұмыс орындарындағы жұмыс:

Газқағарлар берілетін жерге келген аға жетекші басқаратын топтар газқағардың (шлем-маскасы) алдыңғы бөлігінің өлшемін анықтайтын жерге жіберіледі, онда олар бастарын өлшейді, алдыңғы бөлігінің өлшемін хабарлайды және жетон-карточкасын береді (жетондар саны бекетте берілетін газқағарлардың санына есептеледі). Өлшеу нәтижесінде шлем-масканың биіктігі анықталады, карточка (жетон) беріледі, онда мыналар көрсетіледі: алушының толық аты-жөні, құрылымдық



бөлімшесі (ұйымы), бір таңбалы сан: - шлем-маска өлшемі.

Бұл жұмыс орнында газқағарды алуға қол қоятын тарату тізімі жүргізіледі.

Жұмыс орнында бет бөліктерінің өсуін анықтайтын мамандардың санына сәйкес үстел мен орындықтар болуы керек. Үстелде ГП-7 газқағарының алдыңғы бөлігінің өлшемін анықтауға арналған өлшеуіш таспа немесе басқадай өлшеу құралдары болуы қажет.

Осыдан кейін ол газқағарларды беретін орыннан алады.

Газқағарларды беретін жерде газқағарлардың өсуінің санына сәйкес үстелдер қойылуы тиіс. Әрбір үстелде осы берілетін газқағарлардың алдыңғы бөлігінің нөмірі жазылған кесте болуы керек, кестенің өлшемі 15 x 15 см болуы қажет.

Газқағарларды беру орнына келген адамдар оған карточканы (жетонды) ауыстыра отырып, қажетті көлемдегі газқағарларды алады.

Карточкаға сәйкес нұсқаушы шлем– маска береді; газға қарсы қорап; қаптар; НП бар қорап; газқағарға арналған сөмке; және қажет болған жағдайда тарату тізіміне (ЖҚҚ тіркеу және беру журналы) қол қою арқылы – КЗД береді.

Құрметті Журналға Жазылушылар!

Журналдың цифрлық басылымына көшу - бұл қазіргі заманғы үрдіс және уақыт талабы. Цифрлық басылымдардың артықшылығы-қағаз басылымын басып шығаруға және жеткізуге уақыт пен ақшаны үнемдеу арқылы баспагер мен оқырман үшін шығындарды азайту. Сондай-ақ, бұл формат қағаз бен энергияны пайдаланудың төмендеуіне байланысты экологиялық таза болып саналады.

АҚ РОӘО сандық журналының мазмұны өзгерістерге ұшырмайды, керісінше жарияланатын материалдар неғұрлым жедел және серпінді сипатқа ие болады. Заманауи технология, оқырмандардың ыңғайлылығына бағытталған креативті дизайндағы журнал беттерін рәсімдеуге мүмкіндік береді.

Біздің жазылушыларымыз журналдың цифрлық форматқа көшуін тиісті түсіністікпен және оң көзқараспен қабылдайтынына сенімдіміз. Баршаңызға көктемгі жылулық пен қуаныш, денсаулық пен амандық тілейміз!

Құрметпен, журнал редакциясы

Ұйым басшыларының назарына!

«АҚ ҰО»-НЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ-РАДИОМЕТРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Қазіргі уақытта зертхананың жабдыкталуы келесі жұмыс түрлерін жүргізуге мүмкіндік береді:

1. Ұзақ мерзімді сақтаудағы және пайдаланудағы ЖҚҚ мен РХБ аспаптарын, арнайы өңдеу құралдарын және азаматтық қорғаудың басқа да мүлкін зертханалық сынау және тексеру.



2. Газқағарлардың бет бөлігін герметикалылыққа және окшаулаушы аппараттарды жылу ағынына тексеру.



3. Газқағарлардың сүзгілі элементтерін вибростендте тексеру

4. Жеке қорғаныс құралдарының, РХБ аспаптарын, арнайы өңдеу құралдарын және АҚ-ның басқа да мүлкін бөлшектеп жою.

5. АҚ-ның қорғаныш имараттарының герметикалылығын, оларды сүзгі-желдету жабдығы жүйелерінің жұмысын тексеру.

www.tg-oku.kz

 [tg.oku.gz](https://www.instagram.com/tg.oku.gz)

 [tg.oku.gz](https://www.youtube.com/tg.oku.gz)

ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫНА!

АҚ бойынша семинар-тренингтердің
2023 жылы өткізілу кестесі:

23-27 қаңтар

13-17 ақпан

13-17 наурыз

10-14 сәуір

15-19 мамыр

12-16 маусым

10-14 шілде

11-15 желтоқсан

11-15 қыркүйек

13-17 қараша

09-13 қазан

Ескерту: Семинарлар ұйымдардың тапсырысы бойынша онлайн режимде де өтетін болады.

Нақты мәліметтерді төмендегі телефондар арқылы алуға болады:

8 (775) 251-25-95, 8 (705) 301-73-01